

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2003-2005 жылдарға арналған индикативтік жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 қыркүйектегі N 1000 қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мынадай құрамда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2003-2005 жылдарға арналған индикативтік жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін:

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйі және перспективалары туралы 2003-2005 жылдарға арналған баяндама (1-қосымша);

қолданыстағы және әзірленетін мемлекеттік әрі салалық (секторальдық) бағдарламалардың тізбесі (2-қосымша);

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын 2003-2005 жылдарға арналған инвестициялық жобалардың тізбесі (3-қосымша);

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік реттеуіштері (4-қосымша).

1-1. Жоспар құрамында шикізат тауарларының 2003-2005 жылдарға арналған есепті тұрақты дүниежүзілік бағалары белгіленсін (4-1-қосымша). <*>

ЕСКЕРТУ. Жаңа 1-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 395 қаулысымен.

2. Жоспар құрамында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2003-2005 жылдарға арналған маңызды көрсеткіштерінің болжамы мақұлданын (5 қосымша).

3. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Жоспарды дайындау процесінде әзірлеген ұлттық компанияларды дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған негізгі бағыттары назарға алынсын.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері заңнамада белгіленген тәртіппен әлеуметтік-экономикалық дамудың 2003-2005 жылдарға арналған индикативтік жоспарларының жобаларын тиісті облыстар мен қалалар мәслихаттарының бекітуіне уақтылы енгізуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және Жоспардың іске асырылу барысы туралы тоқсан

сайын Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етіп отырсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2

ж .

1 3

қ ы р к ү й е к

№

1 0 0 0

қ а у л ы с ы н а

1 қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ 2003-2005 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ИНДИКАТИВТІК ЖОСПАРЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ТУРАЛЫ 2003-2005 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН БАЯНДАМА АСТАНА - 2002 ЖЫЛ КІРІСПЕ

Осы құжат Қазақстан Республикасының "Бюджеттік жүйе туралы" Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 ж. 14 маусымдағы бекіткен № 647 Қазақстан Республикасының дамуының индикативтік жоспарларын жасаудың Ережесіне сәйкес жасалған Қазақстан Республикасының 2003-2005 жж. әлеуметтік-экономикалық дамуының Республикалық индикативтік жоспары (бұдан әрі - **Жоспар**) **болып табылады.**

Жоспар сыртқы және ішкі факторларды ескере отырып 2003-2005 жж. экономиканың даму қарқынын дәлелдейді және мемлекеттік басқарудың орталық және жергілікті органдарының экономиканың жеке және мемлекеттік секторларының дамуы үшін қолайлы жағдайлар тудыратындай іс-әрекетін анықтайды.

Жоспар стратегиялық жоспарларда, Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдауларында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жж. Бағдарламасында белгіленген мақсаттарға жету және басымдықтарды іске асыру үшін 2003-2005 жж. экономиканың салаларын дамытудағы міндеттерді және оларды **шешудің жолдарын анықтайды.**

Құжат келесі тараулардан тұрады:

1. Қазақстан Республикасының 2003-2005 жж. әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйі мен болашағы туралы баяндама;

2. Қазақстан Республикасының 2003-2005 жж. әлеуметтік-экономикалық дамуының

аса маңызды көрсеткіштерінің болжамы;

3. Күшіндегі және әзірленіп жатқан мемлекеттік және салалық (секторлық) бағдарламалар, оларды жоспарланған кезеңде қаржыландырудың көлемі көрсетілген тізбесі;

4. Күшіндегі және әзірленіп жатқан мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламалар бойынша инвестициялық жобалардың тізбесі;

5. Ұлттық компаниялардың дамуының негізгі бағыттары мен негізгі көрсеткіштерінің болжамы;

6. Қазақстан Республикасы Президентінің шешімдерімен анықталатын элеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік реттегіштері.

Жоспардың іске асуын қабылданған мемлекеттің салалық (секторлық) даму бағдарламаларына сәйкес орталық және жергілікті басқару органдары қамтамасыз етеді. Осы тұста үкімет құзырына жататын іс шаралар 2003 ж. басына дейін Үкіметтің іс шаралар жоспарында жүйеге келтіріледі, ал министрліктердің, агенттіктердің, облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің құзырына жататындары - дамудың нақты бағдарламаларын іске асыру жоспарларында.

2003-2005 жж. дамудың әрбір бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен қаралған инвестицияларды және оларға теңестірілген қаражаттарды даму бюджеті қаражатының мөлшері шегінде Республикалық Бюджет Комиссиясы қараған. Келесі жылдары 2004-2005 жж. инвестициялардың көлемі Жоспарды қалыптастырған кезде дәлірек анықталатын болады.

1 ТАРАУ. 2000-2002 ЖЖ. ҚОЛ ЖЕТКЕН НӘТИЖЕЛЕРГЕ ТАЛДАУ

Әлемдік экономиканың даму тенденциялары

Қазақстан экономикасының дамуына 2000 және 2001 жж. сыртқы факторлар қолайлы әсерін тигізді. Ол мұнайдың, қара және түсті металдар рыногындағы қолайлы конъюнктурадан көрінді. Онымен бір мезгілде ТМД кәсіпорындарымен, және де, ең алдымен Ресеймен ертеректе жоғалған кооперациялық байланыстардың кейбірін қалпына келтіру процесі өрбіді.

2001 ж. төртінші тоқсанында әлемдік экономикадағы ахуал күрт нашарлай бастады, әсіресе АҚШ-та болған террористік актілерден соң. Қазақстан үшін ол мұнай мен металдарға әлемдік конъюнктураның нашарлауынан, сондай-ақ қара метал экспортына АҚШ, Еуропа және Оңтүстік-Шығыс Азия рыноктарына шектеу қоюдан байқалды.

2001 ж. екінші жартысынан басқа түскен әлем экономикасының дамуындағы құлдырау әлемнің дамыған және дамушы елдерінің көбін қамтыды. Соңғы 30 жыл ішінде алғаш рет әлемнің жетекші экономикалары іс жүзінде бір мезгілде өсуін баяулатты. АҚШ экономикасының бәсеңдеуі Жапония, Малайзия, Сингапур,

Аргентина, Канада, Бразилия, Мексика және Германия сияқты және басқа да елдерде осындай процестердің басталуына өз ықпалын тигізді. Шын мәнінде қазіргі кезде басқа елдерге қарағанда АҚШ әлемдік экономиканың жағдайына ең көбірек әсер етеді: рыноктік бағамдарды ескерсек, американың жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) бүгінде бүкіл әлемдік ЖІӨ үштен біріндейін құрайды.

Осы кезде байқалып отырған әлемдік экономиканың дамуының бәсеңдеуі ең алдымен әлемдегі дамуы төменірек елдерге көбірек әсерін тигізеді. Осыған байланысты 2002 ж. мұндай елдерді халықаралық қаржы ұйымдары мен жекелеме өндірісі дамыған елдердің қаржыландыру процесінің белсенділігі арта түскені байқалады.

Дәстүр бойынша жарты жылда бір рет жарияланатын Халықаралық Валюта Қорының (ХВҚ) әлемдік экономиканың (World Economic Outlook) жағдайы туралы баяндамасында әлемдік экономика несие төлемі мөлшерінің төмендеуінің және компаниялардың қоймаларындағы тауарлардың азаюының әсерінен өсудің екі жыл бойы төмендеу жағдайынан шыға бастағанын көрсетеді. Сонымен бірге, ХВҚ сарапшыларының пікірі бойынша, әлемдік экономикадағы тепе-теңдікті бұзатын бірнеше факторлар бар. Олар АҚШ-тың төлем балансының аса үлкен тапшылығы, АҚШ долларының асыра бағалануы және евроның жете бағаланбауы, көп елдердегі тұтыну және корпоративтік қарыздың көлемінің үлкендігі.

Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) әлемдік экономиканың дамуына жасаған өзінің соңғы бағаламасын оны ұлғайту тұрғысында қайта қарады. Соңғы болжамға сәйкес үстіміздегі жылдың екінші жарғысында әлемдік экономиканың өсу қарқыны одан әрі шапшаңдайды. Әлемдік экономиканың үстіміздегі жылғы өсу қарқыны 2,9 пайызға дейін артады. Сарапшылардың пікірі бойынша әлемдік экономиканы көтеруші негізгі күш тағы да АҚШ болады. Үстіміздегі жылы АҚШ экономикасы 2,5-2,7% деңгейінде шапшаңырақ қарқынмен дамиды деп күтілуде. "Үлкен жетілік" елдерінің (G7) келешегі төменірек бағалануда. Экономиканың өсуі жөніндегі болжам тек 0,2% ғана көбейген: Германия, Италия және Ұлыбритания үшін тиісінше 0,9%, 1,4%, 1,2% дейін. Доллар бағамы бұрынғыша төмендеуде. Оның төмендеуінің негізгі себебі АҚШ-тан инвестицияның кетуі, өйткені терракті қаупінің сақталуы, компаниялардың бухгалтерлік тәжірибесіндегі проблемалар инвесторларды өз қаржыларын тұрақты рыноктарда орналастыруға мәжбүр етеді. BNP Paribas, UBS Warburg және ABN Amro болжамы бойынша Еуро жыл аяғына дейін 0,98 долларға дейін өседі (бұрынғы болжам - 0,86 долл.). Қордың бағаламасы бойынша әлемдік сауданың көлемі 2002 ж. 2,5% өседі (желтоқсанда 2,2% өсім болжамдалған).

1 сур.

Әлемдік экономиканың 2002 ж. дамуының болжамы

(Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.)

Ақпарат көзі: ХВК

Дүниежүзілік банк (ДБ) дамушы рыноктар ("emerging markets") санатына жататын елдерде 2000 ж. экономикалық өсу қайта басталады деп күтуде, қазіргі кезде олар дүниежүзілік экономикалық құлдыраудың салдарынан үлкен қиындықты бастан кешіруде. Мұндай болжам "әлемдік дамуды 2002 ж. қаржыландыру" (Global Development Finance 2002) деп аталатын дамушы елдерді сырттан қаржыландыру туралы жыл сайынғы баяндамада келтірілген. Алайда кедейлік деңгейінің төмендеуінің шапшаң қарқынын қамтамасыз ету үшін көптеген кедей елдерде экономикалық өсудің қарқыны бұрынғысынша өте төмен.

Жоғарыда аталған баяндаманың деректері бойынша Еуропа және Азия елдерінде экономикалық өсу қарқыны 2001 жылғы 2,2%-тен 2002 ж. 3,2%-ке дейін, ал 2003-2004 жж. 4%-тен сәл асады деп күтілуде. Экономикалық қарқынның болжамдалып отырған шапшаңдауы Түркиядағы оңтайлы өсуді және аймақты тұтас алғандағы сыртқы сұранымның бекуін ескеруге негізделген. Осы кезеңдегі өсу қарқынының шапшаңдауына қаржы саясаты қатал болған кезеңнен кейін аймақтың кейбір елдерінде ақша-несие шектеулерінің алып тасталуы да жағдай тудырады деп саналуда. Құжатта аймақты тұтас алып қарағандағыдан гөрі "ТМД даму болашағы бұлыңғырлау болып көрінеді" делінген, оны туындатып отырған "әлемдік мұнай рыноктарының тұрақсыздығы мен саяси факторлар". ТМД елдерінде 2002 ж. экономикалық өсу 3,8% болмақ, одан бір жыл бұрынғы 5,5% орнына. 2003 ж. өсу қарқыны сәл өспек - 3,9%-ке дейін, ал келесі жылы сәл азаяды - 3,3%-ке дейін, ДБ бағаламасы бойынша әлемдік ЖІӨ 2003 ж. 2001-2002 жж. қарағанда 3,6% өседі, алайда 2000 ж. деңгейінен төмен болады (3,9%). Өсу қарқынын қалпына келтірудің озаты Шығыс Азия болады, ал Латын Америка елдері әл де ұзақ уақыт бойы қаржы саласында проблемаларды бастан кешпек. Өзінің жыл сайынғы есебінде ДБ 2002 жылы Латын Америкасындағы ЖІӨ өсуі 0,9% болады деген қорытындыға келген. Өткен жылы ол 3,8% болды. Бұл көрсеткіштің төмендеу себебін түсіндіре келіп есеп авторлары Аргентинадағы экономикалық дағдарысты, сондай-ақ Бразилия мен Мексикадағы экономикалық өсудің айтарлықтай бәсеңдеуін айтып ескертеді.

Сонымен қатар жарияланған статистикалық деректер бойынша 2002 ж. ТМД көптеген елдерінде негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің 2001 жылы қалыптасқан өсу тенденциясы сақталғанын атап көрсету қажет; ұлттық валюталардың бағамының АҚШ долларына қатынасы бойынша біршама тұрақтылығы, номиналды және нақты жалақының өсуі, инфляцияның өсу қарқынының бәсеңдеуі байқалды. ТМД елдері Статкомитеттерінің деректері бойынша 2002 ж. алғашқы айларында ЖІӨ өсу қарқыны бойынша ТМД елдері арасында бірінші орынды Тәжікстан алды (18,2%). Одан соң Армения (5,5%), Украина (3,6%), Әзербайжан мен Беларусь (3,1%). Қырғызстанда ЖІӨ 3% қысқарды.

Еуропалық қалпына келтіру және дамыту банкінің (ЕҚДБ) болжамы бойынша 2002

ж. ТМД мемлекеттерінде инфляцияның орташа көрсеткіші 14% болады (2001 ж. 17,4%) . 2002 ж. тұтас алғанда ТМД елдерінде ЖІӨ, ЕҚДБ сарапшыларының деректері бойынша, 3,9% өседі (2001 ж. - 5,9%). Ресейде 2002 ж. алғашқы айларында экономикада 2001 ж. аяғында қалыптасқан келеңсіз тенденцияларды жеңудің белгілері пайда болды. Ресейдің 2002 ж. 5 айындағы экономикалық және әлеуметтік даму қорытындысы 2002 жылы Ресей экономикасы өсіруінің қолайлы жағдайлары мен тенденцияларын қалпына келтірудің мүмкіншіліктерін көрсетті. Мәселен, 2002 ж. тұтас алғандағы ЖІӨ өткен жылға қарағандағы өсімі 3,6% болады деп бағалануда.

2001 ж. экономикалық өсудің әлемдік қарқынының төмендеуі отынға, қара және түсті металдарға сұранымның қысқаруын және тиісінше осы өнімдерге әлемдік бағаның төмендеуін тудырды. Мұнай бағасын оңтайлы деңгейде қолдау мақсатында мұнайдың әлемдік өндіруші елдері 2002 ж. 1 қаңтарынан квота (үлес) енгізу және дүние жүзінде бір күнде өндірілетін мұнай көлемін 2 миллион баррелге кеміту туралы келісілген шешім қабылдады. Қабылданған шаралар мұнай бағасының деңгейіне оңды әсерін тигізді, ол 2001 ж. желтоқсанның аяғында 1 баррель үшін 21 долларға жетті, ал айдың ортасында 18 доллар болатын.

Қазіргі кезде мұнай рыногындағы ахуал біраз тұрақталғанымен, мұнай бағасының біртіндеп өсуімен сипатталады. Соңғы айда мұнайдың Brent сортының әлем рыногындағы бағасы 1 баррель үшін 24-26 доллар деңгейінде. АҚШ экономикасында байқалған даму рынокқа қатысушыларға мұнайға сұраным өсуіне үміттендіреді.

2002 ж. мұнайға әлемдік бағаның 1 баррель үшін 19 доллар және одан жоғары мөлшерде сақталған кезде Қазақстан экономикасы тұрақты дамитын және табыстың ағымдағы тұтынуға, қор жинауға және инвестицияға үйлесімді бөлінуін қамтамасыз ететін болады.

Экономиканың ағымдағы жағдайы

Макроэкономика

Қазақстанның 2000-2002 жж. экономикалық дамуы экономикалық өсудің жоғарғы қарқынымен, негізгі капиталға жұмсалатын инвестицияның озық өсуімен, қаржы потенциалының нығаюымен, жұмыссыздықтың қысқаруымен және халықтың нақты табысының өсуімен сипатталады.

Нақты ЖІӨ 2000 ж. өсімі 9,8% болды. Өсім тауар өндіретін салалардың, ең алдымен өнеркәсіп пен құрылыстың озық дамуы есебінен қамтамасыз етілді.

Нақты сектордағы өсу қарқынының жоғарлауы қызмет көрсету өндірісінде, әсіресе көлік пен байланыс, сауда, банк секторы сияқты салалардан көрініс тапты.

2000 ж. экспорттың өсуінің жоғары қарқыны сауда балансының профицитінің (табыстылығының) және ағымдағы операциялардың шотының өте жоғары дәрежедегі көрсеткіштерін қамтамасыз етті. Бұл тікелей инвестициялардың тұрақты келіп түсумен

бірге үйлесімді айырбас бағасын ұстап тұру үшін және төлем балансының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін экономиканың өз ресурстарының жеткілікті болуына жағдай тудырды. Алтынвалюталық қор елеулі түрде толықтырылды, халықаралық валюта қоры алдындағы қарыз мерзімінен бұрын өтеді.

Инфляция жыл аяғында 9,8%-ке дейін төмендеді, 1999 ж. 17,8% болғанды. Теңгенің АҚШ долларына номиналды айырбас бағамы біршама тұрақты сақталды.

Бюджетке түсетін салық көлемі көбейді, бұл жалақы, зейнетақы мен жәрдемақы жөніндегі бюджеттің ағымдағы барлық берешегін өтеуге, оларды үнемі тұрақты төлеу тәртібіне көшуге мүмкіндік берді.

2001 ж. макроэкономикалық көрсеткіштердің одан әрі жақсаруы байқалды, экономиканың базалық салаларының дамуындағы оңды серпін сақталды.

2001 ж. 2000 ж. салыстырғанда жалпы ішкі өнімнің өсімі 13,2% болды, бұл республика үшін өте үлкен дәрежедегі жоғары көрсеткіш болды. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 13,5% өсті. Ауыл шаруашылығында өнім өндірудің көлемі әжептәуір өсті (16,9%). Көлік пен байланыстың қызметі серпінді дамыды. Елдегі қолайлы инвестициялық климат негізгі капиталға жұмсалатын инвестиция көлемінің өсуінің тұрақты тенденциясын сақтауға мүмкіндік тудырды, ол 2001 ж. 21% өсті.

Экономикалық өсу ұлттық валютаның тұрақтылығы, инфляцияның төменгі қарқыны және бюджеттің тепе-теңдік жағдайында жүрді.

Екінші деңгейдегі банктерді несие жөніндегі ставкасын (төлем мөлшерін) төмендетуге бағдарлау мақсатында Ұлттық банк өзінің барлық ставкаларын төменгі күйде ұстады және ресми ставкасын төмендетті. 2000 ж. басынан 2002 ж. наурыз аралығында қайта қаржыландыру ставкасы 18%-тен 8%-ке дейін төмендеді, ал ресми есепке алынатын (дисконттық) ставкасы - 12,5%-тен 8%-ке дейін төмендеді.

Банк жүйесіндегі депозиттер (салымдар) едәуір өсті: 2002 ж. 1 маусымға олардың көлемі 480,8 миллиард теңгеге жетті, 2001 ж. осындай кезеңімен салыстырғанда 34,5% көбейді, оған 2001 ж. жүргізілген ақша қаражатын жария ету, халықтың нақты табысының өсуі, Қазақстан банк жүйесіне салымшылардың сенімінің артуы жағдай ж а с а д ы .

Екінші деңгейдегі банктердің несиелік қаржыларының көбеюінің тұрақты серпіні байқалады, оның көлемі 552,1 миллиард теңгеге жетті, 2001 ж. салыстырғанда 1,4 есеге ө с т і .

Салық жүгін азайту мақсатында 2001 ж. қосылған құнға салынатын салықтың ставкасы 16%-ке дейін және әлеуметтік салық 21%-ке дейін төмендетілді. Аса ірі салық төлеушілердің электрондық мониторинг жүйесі енгізілді.

Нақты сектордағы оңды өзгерістер, тұтыну, өндірістік және инвестициялық сұранымның өсуі импорттың құрамы мен серпінділігіндегі өзгерістермен қабаттас жүруде. 2001 ж. импорт 20,1%-ке өсті. Инвестициялық тауарлардың импортының 2000 ж. салыстырғанда 23,9% өсуі шетелдік және бірлескен кәсіпорындардың, ұлттық

компаниялардың және басқа кәсіпорындардың тарапынан көнені жаңарту және жаңа құрылыс үшін, соның ішінде жалпы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру үшін (Астана қаласын салу, автожолдарды қалпына келтіру) күрделі қаржы көлемінің өскен және тұтыну тауарларына, ең алдымен ұзақ мерзімге пайдаланылатындарына сұранымның көбеюі себебінен туындады.

2001 ж. Үкімет экономиканың құрылымын жетілдіруге үлкен көңіл бөлді, мұның өзі болашақта Қазақстанның шикізат рыноктарындағы конъюнктураға тәуелділігін азайтады, республиканың барлық азаматтарының жұмыс орны мен табысын қамтамасыз етеді. Мемлекеттік инвестициялық қызметтің тиімділігін арттыру, өндірістік инфрақұрылым мен өңдеуші өнеркәсіпті дамыту және ел экономикасына сыртқы және ішкі инвестицияларды тартуға жәрдем жасау мақсатында Даму банкі құрылды, оның меншік қаражаты 2001 ж. аяғында 30 миллиард теңгеге жетті.

Қазақстан экономикасын сыртқы жағымсыз факторлардан қорғау үшін Ұлттық қор құрылды. Қаржы ресурстарын жинақтайтын Қазақстанның Ұлттық қорында қор көлемі 2002 жылдың бірінші жартысының соңында 1,67 миллиард АҚШ долларын құрды.

2002 ж. бірінші жартысында ел экономикасында дамудың оңды қарқыны сақталуда. Жалпы ішкі өнім 2001 жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 9,2%-ке өсті және де оны өнеркәсіп өндірісінің 8,7%-ке өсуі, ауыл шаруашылығының - 5,1%-ке, негізгі капиталға жұмсалған инвестицияның - 8,9%-ке өсуін қамтамасыз етті. Өндірістік сектордағы жоғары қарқын қызмет көрсету өндірісінің өсуіне жағдай жасады. Қаңтар-маусымда көліктің барлық түрімен тасымалданған жүктің жалпы көлемі 10,1%-ке өсті, бөлшек сауда тауар айналымы - 8,9%-ке.

Үстіміздегі жылғы маусымда тұтыну бағасының индексі 2001 ж. желтоқсанмен салыстырғанда 3,1%-ке өсті.

Экономикалық өсудің жоғары қарқыны және инфляцияның төменгі деңгейі бірінші жарты жылдықта айлық орта жалақының 13,1%-ке нақты көбеюін қамтамасыз етті.

2002 ж. жасалған бағалама бойынша жалпы ішкі өнімнің нақты өсуі 7% болады.

Ішкі рыноктың дамуын талдау

Тұтыну рыногы

Қазақстан экономикасында 1999 ж. екінші жартысынан бастап өсу тенденциясы қалыптаса бастады. 1999-2001 жж. ЖІӨ жинақы (кумулятивті) өсімі 25,7% болды, өнеркәсіптік өндірістікі - 30,8%, негізгі капиталға жұмсалған инвестицияныкі - 61,4%, ауыл шаруашылығыныкі - 35,2%.

2000 ж. тауарлар мен қызмет көрсетудің жалпы өндірісі 5449 миллиард теңге болды, осы көлемнің 70% қазақстандық кәсіпорындарда өндірілді. Ішкі рынокта тұтыну үшін 2629 миллиард теңгеге тауарлар мен қызмет көрсету өндірілді, одан өндірістік-техникалық тауарлармен көрсетілген қызмет 1186 миллиард теңге (жалпы

өндірістің 21,8%), ал тұтыну тауарларымен көрсетілген қызмет - 1251 миллиард тенге (2 3 %) .

Жалақының, зейнетақының және жәрдемақының 2000-2001 жж. нақты өсуі тұтыну рыногында халықтың сатып алу қабілетін арттырды, мұның өзі тұтыну тауарларын өндіруді өсіру үшін жағдай жасады, алдыңғы кезекте азық-түлік, аяқ киім және тігін тауарларының, сондай-ақ қызмет көрсету саласының дамуына да. Қазіргі кезде тұтыну тауарларына сұранымның 78% ішкі өндірушілер есебінен қамтамасыз етіледі, 1998 ж. 7 0 % б о л а т ы н .

Статистика жөніндегі агенттіктің зерттеу материалдары бойынша Қазақстандағы үй шаруашылығының отбасының бір мүшесіне келетін ай сайынғы табысы мен шығысының деңгейі орта есеппен АҚШ 100 доллары көлемінде, ол өнеркәсіпті дамыған елдердегіден 15-20 есе кем, сонымен бірге Қазақстандағы тұтыну тауарларының бағасының жалпы әлемдік бағадан айырмашылығы болымсыз ғана.

1 кесте

Қазақстанда еңбекке ақы төлеудің орташа және ең аз көлемі

(АҚШ доллары)

	1996	1997	1998	1999	2000
Орташа жалақы	101,8	113,3	123,7	99,3	101,1
Ең төменгі жалақы	27,9	31,0	29,1	19,4	18,5

Қазақстан халқы табысы төмен болғандықтан тұтыну шығысының 48% азық-түлік өнімдерін сатып алуға жұмсайды және 27% азық түлік емес тауарлар сатып алуға.

Инвестициялық тауарлар рыногы

2000-2001 жж. инвестициялық түрдегі тауарлар мен қызмет өндіру едәуір өсті. 2001 ж. өндірістік-техникалық тауарлар рыногының сыйымдылығы 26% өсті. Онымен бір мезгілде инвестициялық түрдегі тауарлармен қамтамасыз етілуі 60% ке импорттық т а у а р л а р м е н т о л т ы р ы л а д ы .

Импортты алмастыру жөніндегі жұмыстың нәтижесінде 2002 ж. ішкі рынок қажетін қамтамасыз етуде отандық тауарлардың үлесі 1999 ж. салыстырғанда 500 миллион АҚШ долларынан астам сомаға көбейеді.

Қазақстандағы инвестицияның өсуінің жоғары қарқыны объективті түрде жабдықтардың, шикізаттың, материалдар мен жинақтаушы бұйымдардың импортын көбейтеді. Алайда бұл құрылыс материалдарын өндірудің өсуімен қабаттас жүрмейді. Көптеген құрылыс материалдары импорт бойынша әкелінеді.

Инвестициялық тауарлар рыногында бәсекеге қабілетті тауарларды, жабдықтарды, материалдар мен жинақтаушы бұйымдарды және қызмет көрсетуді сатып алудың нақты мүмкіншіліктері мұнайды, газды, түсті және қара металдарды экспортқа шығарумен шұғылданатын қазақстандық ірі компанияларда, сондай-ақ ұлттық компанияларда да бар. Бұл кәсіпорындар өзінің қажетінің үлкен бөлігін (тауарлар мен қызметтің импортының 35% жуығы) импорт есебінен қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезде отандық өндірушілер есебінен керосинге деген қажеттің 31%, битумге - 15%, жағар майға - 17%, сырға - 31%, полистролға - 26% қанағаттандырылады. Шина бойынша біз толығынан импортқа тәуелдіміз. Бұл елімізде өндірістік қуаттардың б а р ы н д а б а й қ а л ы п о т ы р .

Елде өндірілетін металдардың, мұнайдың және газдың тек азғана бөлігі Қазақстанда өңдеуден өтеді. Мәселен, мырыштың тек 15%, болат прокатының 12%, рафинадталған мыстың 5% және мыс сымының - 1% ішкі рынокта сатып алынады. Сонымен бірге Қазақстанның болат құбырға деген қажетінің 87%, 90% астамға металл ыдысқа, қара және түсті металдар негізінде жасалатын басқа да тауарларға қажеті жыл сайын импорт жасалады.

Экспорттық өндірістің дамуы

Жыл басынан бері әлемдік экономикада оңды өзгерістер байқалуда, олар сұранымның өсуі немесе ұсынымды реттеу жөнінде жасалған шаралардың нәтижесінде көптеген шикізат рыноктарында конъюнктураның жақсаруына әкеліп соқты, алайда бұл қолайлы факторлар Қазақстан Республикасы экспортына екінші тоқсаннан бастап қ а н а ә с е р і н т и г і з е б а с т а д ы .

Бірінші жарты жылдықта экспорт номиналды көрсеткіш бойынша 7,7% төмендеді. Сонымен бірге экспорттық бағаның төменгі деңгейінен болған шығынның орны (көптеген позициялар бойынша) белгілі бір дәрежеде экспорттың физикалық көлемін ө с і р у е с е б і н е н т о л д ы .

Экспорттан түскен ақшадағы ең үлкен үлес салмақ бұрынғыша мұнайдың үлесіне тиеді. 2001 ж. Қазақстан мұнайды экспортқа тасымалдау жөніндегі мүмкіншілігін айтарлықтай ұлғайтты. КТК құбырының іске қосылуы және Атырау-Самара құбырын қайта жаңғырту осы құбырлар бойынша таяу болашақта 43 млн. тонна экспорт жасауға м ү м к і н д і к б е р е д і .

КТК құбырының екінші кезегін іске қосқан кезде тасымалдау мүмкіндігі тағы 28 м л н . т о н н а ғ а ө с е д і .

Мұнай тасымалдаудың қолда бар мүмкіндігін және оны қазақстандық мұнай өңдейтін зауыттардың өндіру мүмкіндіктерін ескерсек 2005 ж. 61 миллион тоннаға дейін мұнай өндіруді өсіру болжамы толығынан шындыққа келеді және ол біршама төмен әлемдік бағалардың кезінде де мүмкін болады.

Сонымен бірге мұнайға әлемдік бағаның төмендеуі Қазақстанның экономикалық потенциалына теріс әсерін тигізеді.

Егер 2000 ж. сауда балансының оңды сальдосы 2,4 миллиард АҚШ долларын құраған болса, 2001 ж. - 896 млн. доллар болды. Сауда балансының нашарлауы мұнай мен металдардың экспортының көлемі ұлғайған кезде орын алып отыр. Мәселен, 2001 ж. мұнай экспорты 2000 ж. салыстырғанда 10,6%-ке өсті, ал экспорттан түскен ақша 2000 ж. деңгейінде қалды. 2002 ж. мұнайға әлемдік бағаның деңгейінің төмендеуі 12%-ке болжамдалуда. Соның нәтижесінде оның экспортының физикалық көлемі 11%-ке өскен кезде 2002 жылы мұнай сатудан алынатын ақшаның азаюы 110 миллион доллардай болмақ.

Осыған ұқсас ахуал металдар рыногында қалыптасуда. Конъюнктураның біраз жақсаруына қарамастан экономикалық дағдарыстарға аса сезімтал металлургиялық өнімнің әлемдік саудасы әзірге бұрынғы көлеміне жете алмай отыр. Бұған елеулі дәрежеде сүйемелдеу шараларының кеңеюі мүмкіндік тудырады, олар өте жиі еркін бәсекені қамтамасыз ету жөніндегі ДСҰ нормаларына қайшы келеді.

2001 ж. суықтай тапталатын прокатқа әлемдік баға 14,8%-ке құлдырады, ыстықтай тапталатын прокатқа - 4,9%, мырышқа - 21,4%, мысқа - 21,1%-ке құлдырады. Ал қаңылтырды қоса алғандағы болат прокаттың, ферроқорытпаның, рафинатталған қорғасынның экспорт деңгейі төмендеді және 2001 ж. 2000 ж. деңгейімен салыстырғанда тиісінше: 97%, 97%, 84% болды. Сондай-ақ аталған өнімдерді сатудан түскен ақшаның көлемі де кеміді, өйткені қара метал мен қорғасынға сұраным мен баға төмендеді. 2001 ж. глиноземнің (алюминий тотығының) экспорты 2000 ж. деңгейінде сақталды, ал ақшадай көлемінің 2001 ж. деңгейі 2000 ж. салыстырғанда 12,4% өсті, бұл глиноземнің бағасының жоғарлағанын көрсетеді. 2001 ж. металдар рыногында бағаның орташа төмендеуі 20% тей, ал оларды өндірудің физикалық көлемінің өсуі тек 4-5% болды. Сонымен қатар экспортқа шығаратын шартты бағалар 25-28% төмендеді. Қара және түсті металдар рыногының конъюнктурасының нашарлауына байланысты 2002-2004 жж. баға төмен болады деп болжам жасалуда. Жекелеме тауарлар түрі бойынша физикалық көлемін арттыру есебінен төмендеген бағадан болатын шығынның орнын жабуға қарамастан 2002 ж. металлургиялық өнімдер экспортының көлемінің төмендеуі жалғасуда. Глинозем, мырыш, қорғасын, титан бойынша экспортқа шығаратын көлем кемітпеуге қол жетті. Ферроқорытпа бойынша тұрақты ахуал сақталды. Бағаның кейбір кемуінің орнын экспорттың физикалық көлемін арттыру және өнім құрамын жан-жақты жасау есебінен толтыруға қол жетті.

Қабылданып жатқан, оның ішінде мемлекеттік деңгейдегілері де бар, шараларға қарамастан қара металдар прокаты экспортының жағдайы күрделі күйде. Үстіміздегі жылы ыстықтай тапталатын болатқа бағаның төмендеуі және суықтай тапталатын болатқа оның жоғарлауы байқалып отыр. Әлемдегі қара металдар өндіру жөніндегі қолда бар өндірістік қуаттар қара металдарға деген сұранымнан 200 миллион тоннаға

артып жатыр. Таяу жылдары металдарға сұраным одан әрі қысқарады деп болжам ж а с а л у д а .

Әлемдік сұранымның қысқаруының және бағаның құлдырауы салдарынан Қазақстан экспортының негізін құрайтын түсті металдарды (мыс, мырыш, қорғасын) өндірудің келешегі нақты белгілі болмай отыр. 2000 ж. бірінші жартысында түсті металдар рыногында қорғасынның, алюминийдің, қалайының және мырыштың бағасы төмендеді. Алайда мыстың баға деңгейінің қалпына келе бастағанына қарамастан оның экспортқа шығарылатын көлемі әзірге өткен жылғы деңгейден төмен болып отыр.

Қазақстан үшін осы және оларға ілеспе өндірілетін металдардың (алтын, күміс, кадмий, селен, висмут және басқалар) өндірудің шикізат базасының жағдайы түсті металдарды өндіруді айтарлықтай көбейтуді қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Жұмыс істеп тұрған өндіріске қолдау көрсету үшін жұмысы аяқталған шахталар мен қабаттардың орнын толтыруды қамтамасыз етуге жететін көптеген күрделі қаржылар қажет. Түсті металлургияның шикізат базасын дамыту жөніндегі шетел инвесторларының өздеріне қабылдаған міндеттемелерінің орындалуына бақылауды к ү ш е й т у қ а ж е т .

Қазақстанда мыстың, қорғасынның және мырыштың ірі кен орындары бола тұрса да осы металдардың озық экспортшылары болып саналатын елдерге қарағанда осы металдардың руда құрамындағы мөлшерінің деңгейі төмен. Осыған байланысты әлемдік бағаның деңгейі төмен болып тұрғанда Қазақстанның түсті металдарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету күрделі мәселе болмақ.

Сөйтіп, орта мерзімдегі болашақта қара және түсті металлургияның өндіріс пен экспортты өсіру үшін үлкен мүмкіндігі жоқ. 2004 ж. дейінгі кезеңде конъюнктура нашарлап отырған жағдайда өнім өндіру мен экспортқа шығарудың қол жеткен көлемін қамтамасыз ету үшін қара және түсті металлургия кәсіпорындарына мемлекеттік қ о л д а у к ө р с е т у қ а ж е т .

Бидай экспортының деңгейі жыл басынан бергі тапсырудың тұрақтылығына қарамастан еліміздің экспорттық потенциалына әзірге сай емес. 2001 ж. жиналған астықтан 2001 ж. қазан мен 2002 ж. маусым аралығында жасалған бағалама бойынша 3,5 млн. тонна бидай сатылатын болады, ал 2001 ж. осындай кезеңінде жиналған астықтың көлемі шамалас болған кезде 5,1 млн. тонна сатылған еді. Сонымен бірге біздің әлемдік рыногтан айырмашылығымыз - ол экспорттық бағаның төмендеуінің тұрақты тенденциясының байқалуында болып отыр (сәуірде экспорттық баға 86,9 долл./тонна болды, ал өткен жылғы осы айда 117,3 долл. болған).

Химия өнеркәсібінде негізгі экспорттық тауарлар сары фосфор, натрий триполифосфаты, термиялық фосфор қышқылы, кальций карбиды, хром тұздары болып саналады. 2000 ж. 1999 ж. салыстырғанда сары фосфордың экспорты 130,5%, ал 2001 жылы бұрынғы жылға қарағанда - 151% болды.

Соңғы жылдары Қазақстан химия өнімдері - минералдық тыңайтқыштар, сары

фосфор, натрий триполифосфаты, резинотехникалық бұйымдар және полистирол рыногында өзінің позициясын жоғалтып алды. Ал енді бұл өнімдердің рыноктары кең, тиісті өнімдердің бәсекеге қабілетін көтерген жағдайда Қазақстан сыртқы рыноктарға қайта келіп, өз позициясын қайтарып алуына болады.

2001 ж. "AES Экибастуз-1" (Екібастұз ГРЭС-1) Ресейге электр энергиясын бере бастады. Экспорт көлемі 2,2 млрд. кВтс. болды. Қазақстан Республикасының электр энергиясына импортының сальдосы 2001 ж. 1,4 млрд. кВтс. болды.

2002 ж. электр энергиясының нөлдік сальдосына және электр энергиясының экспорты мен импортының көлемі тиісінше 2,5 млрд кВтс. болып, балансқа қол жеткізу ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін және жалақыны өсіруді қамтамасыз ету үшін материалдық, энергетикалық және су ресурстарын тиімді және ұтымды пайдаланатындай жағдай жасау қажет.

Қазақстанда 2001 ж. ЖІӨ 1 долларына жұмсалатын электр энергиясының шығыны 2,7 киловатт сағат болды, бұл АҚШ-қа қарағанда 6 есе және Жапонияға қарағанда 16 есе көп. Бір тонна мыс рудасын өндіру үшін Қазақстанда АҚШ-дан 3 есе көп электр энергиясы жұмсалады, қорғасын-мырыш рудасын өндірген кезде - 6 есе.

Қазақстан үшін су ресурстарын ұтымды пайдаланудың, сондай-ақ металлургиялық шлактарды қайтадан екінші рет өңдеу саясатын жүргізу көкейкесті мәселе болып саналады.

Инвестициялар

Республика экономикасына тікелей инвестиция тарту тенденциясының талдауы алдағы бес жылда инвестицияның салалық құрылымында басымдық мұнайгаз саласы бойынша сақталатынын көрсетеді. Қазақстан таяу жылдары Каспий шельфінің көмірсутегінің ірі қорларын ашып және оны іске қосуға үлкен үміт артады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша көмірсутегі шикізатын өндіруді дамытудың Ұлттық стратегиясын әзірлеу жөніндегі Жұмыс тобы құрылғанын атай к е т к е н ж ө н .

Тікелей инвестициялардың құрамы оны әкелуші елдер бойынша мұнайгаз саласындағы бірлескен кәсіпорындарда шетелдік компаниялардың үлестік қатысы бойынша анықталды - барлық инвестицияның 33% 2001 ж. АҚШ инвесторлары салды, 17% Канаданың үлесіне тиді, 14% - Ұлыбританияның, 11% - Италияның, Қытай мен Р е с е й - 5 % - т е н .

Шетелдік тікелей инвестицияның жалпы көлемі 2001 ж. 4418 миллион АҚШ долларын құрады, оның 74% шикі мұнай мен табиғи газ өндіруге, 10% - геологиялық және кен іздеу қызметіне және 3% - құбырмен тасымалдауға жұмсалды.

2001 ж. өңдеуші өнеркәсіпке түскен тікелей шетелдік инвестиция көлемі біраз

көбейді. 2000 ж. салыстырғанда бұл салаға тартылған тікелей шетелдік инвестицияның көлемі 22% өсіп, 301,1 миллион АҚШ долларын құрады.

2002 ж. бірінші тоқсанында Қазақстанға келіп түскен тікелей шетелдік инвестицияның көлемі 737 миллион АҚШ долларын құрады. 2001 ж. бірінші тоқсанда келіп түскен шетелдік тікелей инвестицияның жоғары көрсеткішін анықтаған негізгі факторлардың бірі 2000 ж. жасалған шарт бойынша мемлекеттік меншікті жекешелендіруден жауапкершілігі шектелген серіктестік (ЖШС) бірлескен кәсіпорын (БК) "Теңізшевройлдағы" мемлекет үлесінің 5% және АҚ "Маңғыстау мұнайгаздағы" акцияның мемлекеттік пакетінің 30% сатудан түскен 497 миллион доллар болды.

Мұнай мен табиғи газды өндіруге жұмсалған инвестицияның үлесіне жалпы шетелдік инвестицияның 66% тиді, геологиялық және кен іздеу қызметіне - 15% және мұнай мен газды құбыр арқылы тасымалдауға - 3%. Саудаға, автомобиль жөндеуге және үйде пайдаланылатын бұйымдар үлесіне тиетін инвестиция да өсті (4%).

Теңіз, Шығыс Қашаған, Қарашағанақ, Құмкөл кен орындарына барлау жүргізу, инфрақұрылымды әзірлеу мен дамыту жөніндегі ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру және Каспий құбырының құрылысын салу компаниялар тарапынан өздерінің еншілес кәсіпорындарын қаржыландыруды анағұрлым арттыруға себепші болды.

2 кесте

Экономиканың басымдықты секторларына инвестиция тарту

Жылдар	1997	1998	1999	2000	2001	Жиыны
Шарттардың саны	9	74	66	77	119	279
Мәлімдеме жасалған инвестициялар, млн. АҚШ доллары	38,9	272	994,9	315	1214,5	1882,8
Мәлімдеме жасалған жұмыс орындары	1246	4344	12213	9242	27653	55474

2001-2005 жж. кезеңде мұнайгаз жобаларымен шұғылданатын отандық және шетелдік инвесторлар кен орындарын әзірлеу және жайғастыру жөніндегі операцияларға 9 млрд. АҚШ долларынан астам сома жұмсауды жоспарлап отыр. Инвестициялық салымның негізгі түсімін Теңіз, Қарашағанақ және Солтүстік-Каспий жобаларын әзірлеуге қатысушы шетелдік компаниялардан күтуге болады.

Көрсетілген кезеңде көлік инфрақұрылымына құйылатын инвестиция көлемі 1,5 миллиард АҚШ долларындай болмақ.

Инвестиция көлемі бойынша республиканың газ саласындағы ең маңызды кәсіпорын Батыс Қазақстан облысындағы Қарашағанақ мұнайгазконденсат кен орнын игеруді жүзеге асырып жатқан Қарашағанақ біріккен ұйымы болып саналады.

Сондай-ақ республиканың газ өңдейтін зауыттарының иеленуші және басқарушы Жанажол және Теңіз кәсіпорындары да едәуір инвестиция жүзеге асыруда.

Аймақтарды газбен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету үшін "ҚазТрансГаз" жұмыс істеп тұрған магистралды газқұбырларын және газ бөлетін желілерді жаңарту, газды пайдалануды есепке алатын жүйені жетілдіру жүзеге асырылуда. 2001 жылы Орта Азия - Орталық магистралды газ құбырының кейбір учаскелері жаңартылды және бұрын тоқтап тұрған Бұхара-Орал магистралды газ құбыры іске қосылды. Оңтүстік Қазақстан облысында газды пайдаланудың есебін жүргізетін жүйені жетілдіру жөніндегі шаралар іске асырылуда.

Республиканың оңтүстік аймақтарын қазақстандық газбен қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі 2002 жылы Жамбыл облысындағы Амангелді кен орнын игеруге 2,6 млрд. теңге бөлді.

Қызылорда облысындағы Оңтүстік Торғай ойпатындағы мұнайгаз кен орнының ілеспе газын тиімді пайдаланудың кешенді бағдарламасына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылар газды тиімді пайдалану, қайта өңдеу және тасымалдау, электр энергиясын өндіру жөніндегі шараларды жүргізуде.

Табиғи газды өңдеуге жұмсалған инвестициялар

3 к е с т е

млрд. теңге

	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.
Қарашағанақ жобасы бойынша	75,5	203,0	184,8
Жанажол ГӨЗ қайта жаңарту	-	-	5,7
Амангелді кен орнын игеру	2,5	2,6	2,6
Оңтүстік Торғай ойпатындағы мұнайгаз кен орнының ілеспе газын кешенді тиімді пайдалану	-	-	4,7
Магистралды газқұбырларын және газ бөлетін желіні жаңғырту, есеп жүргізу жүйесін жетілдіру	2,4	4,1	10,7

Инвестицияның көбінесе өнеркәсіптің таукен-металлургия кешеніне едәуір өсім

байқалады. 2000 ж. темір рудасын өндіретін кәсіпорындардың негізгі капиталына салынған инвестиция 6,2 млрд. теңге болды, ал түсті металдар рудасын өндіретіндерге - 5,7 млрд. теңге, бұл көрсеткіштер 1999 жылдың деңгейіне қарағанда тиісінше 3,3 есеге ж ә н е 1 3 , 1 % ө с т і .

Тау-кен-металлургия кешеніне, тау-кен өндіруші және металлургия секторларын қоса алғанда, жұмсалған инвестицияның үлесі: 2000 ж. - 12,8%, 2001 ж. - 10,2% болды. Қара металлургияның ірі кәсіпорындары бойынша салынған инвестиция 2000-2002 жж. 133 миллион АҚШ доллары болды, ал түсті металлургияның ірі кәсіпорындары бойынша 2001-2002 жж. - 180,7 миллион АҚШ доллары болды, олар рудалық базаны дамытуға, жұмыс істеп тұрған өндірісті қайта жаңартуға және жаңа өндіріс құрылысына жұмсалды.

1999 ж. "Ұлттық электр желісін жаңарту" жобасы бойынша "KEGOC" ААҚ және Еуропалық қалпына келтіру және дамыту банкі және Әлемдік қалпына келтіру және даму банкі арасында жалпы сомасы 185 млн. АҚШ доллары болатын несиелік келісім жасалды, ол 2000 ж. мамыр-маусымында күшіне енді. "KEGOC" ААҚ жағынан өзінің меншік қаражаты есебінен қосымша қаржыландырудың сомасы 73,4 млн. АҚШ доллары болады. Жобаның жалпы сомасы - 258 млн. АҚШ доллары.

2001 ж. осы жоба бойынша 7,2 млн. АҚШ доллары игерілді.

Әлеуметтік сала

Экономиканың дамуының жоғарғы қарқыны қоғамның әлеуметтік индикаторларының жақсаруымен қоса жүреді.

2000 ж. халықтың жан басына шаққандағы орташа номиналды ақшалай табысы 1999 жылмен салыстырғанда 16,9% көбейді, нақты ақшалай табыс 3,6%. Нақты жалақы 7,1% көбейді.

2001 ж. кедейлік деңгейі 32% тен 28,4%-ке дейін төмендеді, жұмыспен қамтылған халықтың саны 500 мың адамға өсті. Халықтың жан басына келетін номиналды ақшалай табысы алдын ала жасалған бағалама бойынша 19,9% көбейді, нақты жалақы 10,4%, зейнетақының ең төменгі көлемі 4000 теңгеге дейін өсті.

Дамудың негізгі проблемалары

Қол жеткен оңды нәтижелерге қарамастан бірталай проблемалар да бар: экономикалық қызметтің кейбір түрлеріндегі еңбекке төленетін ақының төмен деңгейі, соның ішінде бюджет саласындағы және ауыл шаруашылығындағы қызметкерлердің жалақысы да бар, мемлекеттік әлеуметтік көмектің атаулылығы мен қол жетушілігінің жеткіліксіздігі, оны көрсету кезіндегі келісімнің жоқтығы салдарынан халықтың табысындағы айырмашылықтың үлкен болуы; әлеуметтік сақтандырудың көптеген түрлерінің жетілмегендігі;

адам капиталына инвестицияның жеткіліксіздігі;
экономиканың нақты секторының барлық саласында негізгі құралдардың активті бөлігінің тозуының жоғары деңгейі;
өнеркәсіп өндірісі құрылымының балансталмағаны, онда кен өндіру саласының б а с ы м б о л у ы ;
экспортқа бағдарланған салалардың ел экспортының негізгі статьялары болып саналатын тауарлардың азғантай тобына әлемдік конъюнктураның тұрақсыздығына т ә у е л д і л і г і ;
өндірістің техникалық деңгейінің төмен салдарынан отандық тауарлардың әлемдік рыноктардағы бәсекеге қабілеттілігінің әлсіздігі;
несие ресурстарының қаржы секторы мен қызмет көрсету саласынан экономиканың нақты секторына ауысып құйылуын ынталандырудың жеткіліксіздігі;
жинақталған зейнетақы қаражатын, почта салымын, сақтандыру қорларының қаражатын елдің қаржы рыногында пайдалану жөніндегі қаржы инструменттерінің тиімділігінің жеткіліксіздігі;
біріккен негіздегі қаржылық бақылаудың әдістерінің жетілмегендер, активтерді басқарудың тиімді жүйесінің және корпоративтік басқарудың жоқтығы; аймақтардың дамуының біркелкі еместігі.

2 ТАРАУ. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ

Елдің 2003-2005 жж. дамуының мақсаттары, міндеттері және басымдықтары

Қазақстан экономикасының шикізат экспортынан экономикалық тәуелділігінің үлкен болуына байланысты Үкімет 2003-2005 жж. экономиканың құрылымын жетілдіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ішкі факторларды дамытуға бағытталған жұмысты жандандыруды және осының негізінде халықтың тұрмысын жақсартуды және елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жоспарлап отыр.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әлеуметтік-экономикалық дамудың орта мерзімді мақсаттары мен басымдықтары Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауларында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Бағдарламасында анықталады. Индикативті жоспар экономиканың даму қарқынын дәлелдейді, сонымен бірге орталық және жергілікті органдардың ішкі және сыртқы факторлардың әсерін ескере отырып болжамдалған кезеңде алға қойған мақсаттарға жету және мемлекеттік саясаттың басымдылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекетін а н ы қ т а й д ы .

Осыған сүйене отырып, 2003-2005 жж. мемлекеттік экономикалық саясат мемлекеттік басқару органдарының аталған құжаттарда белгіленген мақсаттарға жету жөніндегі іс-әрекетін анықтайды. Олар:

елдің халқының тұрмысын жақсарту және оның әрі өсуі үшін алғышарттар жасау;

бәсекеге қабілетті экономиканың негізін құру және қазіргі заманға жаңа өндірістерді құру жолымен экономиканың құрылымын жетілдіру; экономикалық өсудің жоғары қарқынына қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету үшін экономиканы мемлекеттік реттеудің тетіктерін жасау.

2003-2005 жж. жоспардың басты басымдылықтары:

аграрлық секторды дамыту және ауылдағы (селодағы) тұрмыстың жағдайын сапалы түрде жақсарту;

денсаулық сақтауды дамытудың жағдайын жақсарту және салауатты өмір салтын насихаттау;

адам ресурстарын дамыту - білім беру деңгейін және халықтың кәсіби біліктілігін көтеруге;

өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту;

шикізат ресурстарын өңдеулі тереңдетумен байланысты салаларды дамыту - металлургияда төртінші және бесінші қайта өңдеу, мұнайхимия, машина жасау, тұтыну тауарларын және құрылыс материалдарын өндіру;

Астана қаласын дамыту.

Ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарды іске асыру Үкіметтен және Ұлттық банктен жоспарланған кезеңде кәсіпорындардың қызмет істеуі және халықтың табысы өсу үшін экономикалық, монетарлық, фискалдық және заңдық жағдайларды жасауды қамтамасыз ететін міндеттерді шешуді талап етеді. Бұлар:

1. елдің қаржы және бюджет жүйелерінің баланстылығы және тұрақтылығы;
2. экономика салаларында өндіріс шығындарын төмендету және еңбек өнімділігін арттыру үшін жағдай жасау;

3. кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес;

4. ауыл шаруашылығының өнімділігін едәуір көтеру және ауыл шаруашылық өнімін өңдейтін бәсекеге қабілетті өндірістерді дамыту;

5. ауыл шаруашылығының прогрессивті техника мен технологияға қажетін қамтамасыз ету;

6. мұнайгаз және тау-кен-металлургия өнеркәсібі, энергетика, көлік және машина жасаудың басқа да тармақ салалары үшін бәсекеге қабілетті жабдықтар мен материалдар өндіруге инвестиция тарту;

7. мердігерлік жұмыстар рыногын жасау және қазіргі заманғы құрылыс кешені мен құрылыс материалдары өнеркәсібін дамыту;

8. ағымдағы операциялар балансын едәуір жақсарту мақсатында қызмет көрсетудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және көлемін өсіру;

9. мұнайды, газды, түсті және қара металдарды, астықты, мақтаны, жүнді және теріні экспортқа шығарудан мемлекеттік табысты көбейту;

10. экономиканың барлық деңгейі үшін сапа жағынан жаңа басқару, инженерлік-техникалық және жұмыскер кадрларын даярлау;

11. инфрақұрылымды дамытуға бағытталған мемлекеттік инвестициялық ресурстарды тиімді пайдалану және экономиканың өндірістік құрылымын жетілдіру.
2 сур .

2003-2005 жж. аса маңызды макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы

ЖІӨ 1990 ж.

(Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.)

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

2001 ж. қорытындысы бойынша ЖІӨ көлемі 1990 жылдың деңгейінен 21% төмен болды. Бағалама бойынша 2002 ж. бұл кейін қалушылық 15,9% қысқарады.

Қазақстан экономикасы салаларының дамуының 2003-2005 жж. болжамдалған көрсеткіштері 2005 ж. елдің реформаға дейінгі экономикалық потенциалынан асып түсуіне мүмкіндік береді.

Сапалық өзгерістердің мәні дамудың тұралаған, өте тапшы моделінен өткен жылдар ішінде үдей түскен қаржы жағынан балансталған ашық нарықтық экономика құрудың сәті түскендігінде.

3 сур.

ЖІӨ өндірістік құрамы, %

(Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.)

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

2005 жылы ЖІӨ көлеміндегі қызметтің үлесі 47,6% болады. Тауарларды өндіру тиісінше 46,1% тең 47%-ке дейін өседі. 2005 жылы ЖІӨ көлеміндегі өнеркәсіптің үлесі 33,7% болады. 2001 жылға қарағанда ЖІӨ көлеміндегі құрылыс үлесі 5,8% тек 7%-ке дейін өсуі болжамдалуда.

4 сур .

Түпкі тұтыну әдісі бойынша ЖІӨ құрылымы, ЖІӨ-ге %

(Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.)

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

ЖІӨ түпкі тұтыну және жинақтау әдісі бойынша құрылымы болжам жасалған кезеңде капиталдың қорлануының өсу пайдасына өзгеретін болады. Бұл тауар мен

қызметті тұтынудың өсуімен салыстырғанда инвестицияның экономикаға келіп түсуінің болжам бойынша озық жүретініне байланысты. Экономикалық өсудің дамуы тұрғысынан қарағанда мұндай тенденция қолайлы болып саналады, алайда инвестицияның негізгі түсімі мұнай өндіру мен алғашқы металл өндірумен және металл прокатының шектеулі сортаментімен байланысты салаларда болады деп күтіледі.

Тауарлар мен қызметтің таза экспорты қызметтің импортының көп болуы салдарынан теріс сальдомен болжамдалуда.

Ақша-несие саясаты

Ақша-несие саясатының мақсаттары: экономиканың дамуы үшін инфляцияның оңтайлы деңгейін ұстап тұру; сыртқы рыноктарда қазақстандық тауарлардың баға жөніндегі бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету; экономиканың нақты секторының кәсіпорындары үшін қаржы ресурстарына олардың қолы жетуін қамтамасыз ету.

Белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

инфляциялық таргет жасау принципіне көшуге дайындық жасау;

валюта тәртібін ырықтандыру;

Ұлттық Банктің ресми ставкасын оңтайлы төмендету;

Қазақстан Республикасында жұмыс істеп тұрған төлем жүйесін одан әрі жетілдіру.

Инфляциялық таргет жасау кезіндегі ақша-несие саясатының негізгі инструменттері ашық рыноктың операциялары болады. Оперативтік көрсеткіш ретінде РЕПО ставкасын пайдалану жоспарлануда. Ұлттық Банк Ұлттық Банктің есептік және басқа қысқа мерзімді ставкалардың маңызын күшейту жөніндегі жұмысты жалғастыратын болады.

Ақша-несие саясатының келешегі бар бағыты болып, сондай-ақ Қазақстан Республикасында валюта тәртібін одан әрі ырықтандыруды жүзеге асыру болып саналады, мұның өзі ең алдымен валюталық реттеуді өзгертуді және капиталды шетке шығаруға бақылау жасауды талап етеді. Капиталды шетке шығаруды ырықтандыруға лицензия жасауды біртіндеп жою немесе капиталдың қозғалысымен байланысты валюталық операциялардың кейбір түрлері бойынша лицензия жасалмайтын операциялар шеңберін кеңейту кіреді.

Осындай жағдайда Ұлттық Банк теңгенің еркін өзгермелі айырбас бағамын сақтауды жоспарлауда, бұл қазақстандық тауарлардың сыртқы рыноктарда баға жөніндегі бәсекеге қабілеттілігін сақтауға жағдай жасайды. Ұлттық Банк тек теңгенің айырбас бағамының алыпсатарлық жолмен секіріп отырмауын болдырмау қажеттігі жағдайында ішкі валюта рыногында аздап қана қатысуды жүзеге асыра отырып айырбас бағамының қалыптасуына араласпайтын болады.

Шетелдік тікелей инвестиция түріндегі елеулі көлемде сырттан болатын

қаржыландыру ағымдағы шоттың тапшылығын толығынан жабуды қамтамасыз етеді деп күтуде, сырттан қаржыландырудың кеңеюін экономикадағы инвестициялық белсенділіктің артуы және кен өндіру саласында ірі инвестициялық жобалар жүзеге асуы туындайды және де тауарлар мен қызметтің кем дегенде 3 айлық импортын жабуға жетерлік Ұлттық Банктің алтынвалюта резервінің өсуін қамтамасыз етеді.

Ұлттық Банк таяудағы 3 жылда өзінің барлық ресми ставкаларын нақты алғанда әлсіз оң деңгейде ұстап тұруға ниетті.

Ұлттық Банктің таяудағы 3 жылдағы саясаты Қазақстан Республикасындағы жұмыс істеп тұрған төлем жүйесін оның қызметінің тиімділігін, сенімділігін және қауіпсіздігін көтеру мақсатында одан әрі жетілдіруді ұйғарып отыр.

Қазақстан Республикасындағы төлем жүйесіндегі тәуекелді азайту үшін банкаралық жүйеде бір күндік қарызды берудің, кепілдік негізінде ақша аударудың жаңа тәртібін енгізу жөніндегі мәселе қаралуда, төлем жүйесіне енудің қатал талабын енгізу к о з д е л у д е .

Төлем жасау мен ақша аударудың тәсілдері мен тетіктерін жетілдіру мақсатында Ұлттық Банк Қазақстан Республикасында вексель айналымын дамыту және бірінші класты эмитенттер векселін қайтадан есепке алу жөніндегі жұмысты жалғастырады, банктік шотты тікелей дебет жасау жолымен төлем жасау тәртібі дамитын болады.

"Процессинговый центр" ЖАҚ негізінде Ұлттық банкаралық төлем карточкалар жүйесі құрылатын болады, ол ұсақ бөлшек саудада аймақтық микропроцессорлық төлем карточкалары мен ақшасыз төлем жасаудың мүмкіндігін және сондай-ақ халықаралық төлем жүйесінің карточкалық трансакциялары бойынша маршруттау мен клиринг жасауды қамтамасыз етуге тиіс.

Фискалдық саясат

Алда тұрған кезеңде фискалдық саясаттың мақсаттары: мемлекет пен салық төлеушілер арасында мүдделер балансына қол жеткізу; өзара қарым-қатынастың тұрақтылығы мен ашықтығын арттыруға, жоспарлау процесінің тиімділігін арттыруға, бюджетті жоспарлау, орындау процестерінің және оның орындалуына жасалған бақылаудың тиімділігін арттыруға бағытталған бюджет жүйесін одан әрі жетілдіру. Салық салынатын базаны кеңейту және жаңа технологияларды қолданумен салықты және кеденді басқарудың сапасын көтеру жолымен мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін көбейту, инвестицияның өсуі мен өндірістің дамуын ынталандыру үшін салық және кеден заңдарын жетілдіру.

Фискалдық саясаттың мақсаттарына қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешу қ а ж е т :

стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлауды үйлестіру; бюджет жүйесін реттейтін құқылық нормаларды жүйеге келтіру және кодтарын

жасау, Бюджет Кодекcін әзірлеу;

барлық деңгейдегі бюджетті жоспарлаудың негізгі және мемлекеттік органдардың қажетінің нақты бағасы ретінде ағымдағы шығындар бойынша шығыс нормалары мен нормативтерін жетілдіру;

мемлекеттік бюджеттің дамуға арналған шығыстарын қалыптастырудың жүйелілігін қамтамасыз ету мақсатында, орталық және жергілікті атқарушы органдар арасындағы өкілетікке шек қоюды ескере отырып инвестициялық жобаларды дайындау, қарау және іріктеп алу процесін тәртіпке келтіру жөнінде шаралар қабылдау;

жергілікті мемлекеттік басқарудың заң жүзінде бекітілген қызметін орындауына керекті қаражатпен толық қамтамасыз ету мақсатында орта мерзімі кезеңде ашықтық, күні бұрын болжай алушылық және тұрақтылық принциптерін сақтай отырып бюджетаралық қатынастардың сапа жағынан жаңа жүйесін әзірлеу;

жиналып қалған кредиторлық берешектерді қысқарту және жаңа бюджеттік қарыздарды болдырмау жөніндегі жұмысты жалғастыру;

елдің экономикалық қауіпсіздік критеріі мүмкін ететін мөлшерде үкіметтің қарыз алуын қамтамасыз ету;

сыртқы сауда тасқынының көлемі мен номенклатурасының өзгерісіне жауап беруге қабілетті кедендік инфрақұрылымды құру;

мемлекеттік сатып алу процедурасын жүзеге асырудың кезінделігін және тиімділігін арттыру, сондай-ақ осы саладағы тәртіп бұзушылықты болдырмау жөнінде шаралар қабылдау;

Қазынашылықты жаңартуды аяқтау;

салық төлеушілердің және салық салынатын объектілердің Мемлекеттік тізімін енгізу, салықты және кеденді басқаруды автоматтандырудың негізгі процестерін аяқтау ;

мемлекеттік қаржылық бақылауды осы саладағы шетелдік озат тәжірибені қолдана отырып институционалдық және құрылымдық тұрғыдан қайта құру жөнінде шаралар қабылдау.

Белгіленген мақсаттарға қол жеткізудің және міндеттерді шешудің жолдары

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешу мақсаттарды, басымдықтарды және мемлекет ресурстарын дұрыс таңдауға тікелей байланысты. Кодекстілген міндеттерді шешу үшін стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлауды үйлестіру қажет, ол экономиканы дамытудың басымдықтары мен бюджет ресурстарын барынша өзара байланыстыру арқылы қамтамасыз етіледі. Осыған байланысты бағдарламалық құжаттарды әзірлеуге талап қатаятын бюджеттік бағдарламаларды, оларды іске асырудың тиімділігін анықтау үшін, бағалау жүйесін енгізу және әрі қарай жетілдіру жүзеге асырылатын болады.

Құқықтық нормаларды, бюджеттік қатынастарды реттейтін күшіндегі нормативтік-құқықтық актілерді біріктіру және жүйелеу, бірыңғай принциптері мен

ережелері бар бюджеттік қатынастардың тұтас жүйесін жасау, бюджет саласының шектерін нақты анықтау, бюджет процесіне қатысушыларды және олардың өкілетін анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексі әзірленетін болады.

Мемлекеттік органдардың қаржыға деген қажеттерін нақты бағалау үшін міндетті түрдегі шығыс өкілділіктері бойынша шығыс жөніндегі нормалар мен нормативтерін, сондай-ақ биліктің облыстық және аудандық деңгейінде басқарудың типтік құрылымын әзірлеу қарастырылуда.

Осы жұмыс шеңберінде шығыс жасаудың қолда бар нормалары мен нормативтерінде олардың әлі де болса қажеттілігін сақтағандығы, ескіргендерін жетілдіру немесе жою тұрғысынан түгелдеу жүргізіледі және шығыстың жаңа нормалары мен нормативтері әзірленеді.

Бюджеттік несиелендіру процесін реттеуші нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Үкіметтің сырттан қарыз алуы саласында инвестициялық жобаларды жүзеге асыру барысында кездесетін проблемаларды шешу үшін бюджеттік бағдарламалардың администраторлары тендерлік құжаттарды сапалы даярлау, сондай-ақ мердігерлік және консалтингтік ұйымдардың қызметіне үнемі бақылау жасау жөніндегі жұмыстарды күшейтеді.

Ұлттық қордың активтерін тиімді басқаруға және жинақтаушы қызметін жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бағытталған саясат жүргізілетін болады.

Бюджетаралық, қатынастарды орта мерзімді тұрақты нормативтер принципінде аймақтардың өз бюджеті өзіне жеткілікті болуын ынталандыру мақсатында одан әрі жетілдіру республика бюджеті арқылы жергілікті бюджеттердің балансталу проблемасын шешуге мүмкіндік береді, нәтижесінде жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуының қажеті болмайды.

2003 жылы кеден процедураларын үйлестіру және оңайлатуға, мемлекеттік органдардың сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларымен өзара қатынасын жақсартуға жағдай жасайтын Кеден Кодексін іске қосу жоспарлануда.

Тауарларды жасырын әкелу және әкетуді болдырмайтын экономикалық ынталандырушылық жасалады, соның ішінде кеден бажының ырықтандырылған ставкасы да бар.

Мемлекеттік сатып алу саласында институционалдық түрде өкілетті орган күшейтіледі; мемлекеттік сатып алудың есебі мен мониторингісінің автоматтандырылған жүйесі құрылады және қолдау табады, электрондық сауда жүйесін құру мен енгізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобасы даярланады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі мемлекеттік сатып алу саласында заңдардың кешенді және тиімді жүзеге асуына баса назар аударады. Мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік кәсіпорындардың, сондай-ақ акцияларының

бақылау пакеті мемлекетке қарайтын акционерлік қоғамдардың және олармен еншілес шаруашылық субъектілері бар заңды тұлғалардың өзара қарым-қатынастарын реттейтін әдістемелер мен әдістемеліктер материалдар әзірленетін болады.

Бюджет қаражаттарын, қарыздарды тиімдірек пайдалану, акционерлік қоғамдардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін, мемлекеттік кәсіпорындардың қарамағындағы мемлекеттік мүліктерді басқару үшін бюджет процесіне қатысушыларға және бюджет қаражаттары мен мемлекеттік мүліктерді бөлуге қатысы бар басқа да қатысушыларға талап белгіленген нормалар бұзылған жағдайда оларды жауапқа тарту жолымен күшейетін болады.

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының жұмысы ең алдымен бюджет саласындағы Заң бұзушылықты жоюға және бюджеттік заңдарды бұзуға мүмкіндік беретін себептерді анықтауға, оларды болдырмаудың нақты ұсыныстары мен алдын алатын шараларды жасауға бағытталатын болады.

3 ТАРАУ. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ДАМУ

Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру

2003-2005 жж. мемлекеттік меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясат ең алдымен кең көлемдегі жекешелендіруден экономиканың маңызды стратегиялық салаларының дамуын реттеудің мүмкіндігін сақтау мен күшейту мақсатында мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін арттыруға көшуге, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті есепке алу жүйесін жетілдіруге бағытталатын болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жоспарланып отырған кезеңдегі мемлекеттік меншікті басқарудағы міндеттері мыналар болмақ:

мемлекеттік мүлікті пайдаланудан салық емес түсімдердің есебінен республикалық және жергілікті бюджеттердің табысын көбейту;

мемлекеттік мүліктің құрылымын оңтайландыру;

мемлекеттің қатысы бар мемлекеттік кәсіпорындар мен заңды тұлғалардың қаржылық-экономикалық көрсеткіштерін жақсарту.

Алға қойған міндеттерді шешу үшін мемлекеттің қатысы бар мемлекеттік кәсіпорындар мен заңды тұлғалардың реестрінің (тізімінің) (бұдан әрі - реестр) құрамын оңтайландыру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады. Реестрге қаржы көрсеткіштерінің кешені енетін қосымша бөлімше енгізу мемлекеттің қатысы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен заңды тұлғалардың қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындысына үнемі мониторинг және талдау жүргізіп тұруға мүмкіндік береді, мемлекеттік меншіктің толық және дәлді есебін жүргізуге жағдай жасайды.

Ұлттық компаниялардың қаржы-шаруашылық қызметіне мемлекет тарапынан бақылауды күшейту, дивиденттік саясатты және инвестициялық бағдарламаларды

қаржыландыру мәселелерін қараған кезде экономикалық дәлелденген шешімдерді әзірлеу мақсатында ұлттық компаниялар тоқсан сайын өздерінің еншілес және бағынышты ұйымдарының қаржылық ақпаратын беріп отыратын болады. Ұлттық компаниялардың бірінші басшылары директорлар кеңесінің алдында еншілес және бағынышты ұйымдарын және компанияның жарғы капиталына мемлекет берген активті басқаруы туралы, сондай-ақ ұлттық компаниялардың дамуы жоспарларының орындалуы туралы есеп беретін болады.

Ұлттық компаниялардың қаржы-шаруашылық қызметінің ашық болуын қамтамасыз ету және мемлекеттік мүлікті басқару мен жекешелендіру жөніндегі күшіндегі заңдарды жетілдіру мақсатында алдағы кезеңде нормативтік заң актілерін әзірлеу және қабылдау белгіленіп отыр.

Алда тұрған кезеңде шаруашылық жүргізуші субъектілердің, соның ішінде экономиканың стратегиялық салаларындағы жекешелендірілген объектілердің кешенді мониторингісі және мониторинг нәтижесін ескере алатын ақпараттық база бірліктерін құру жөніндегі қызмет күшейтілетін болады. Кешенді мониторинг объектілердің технологиялық, қаржы-шаруашылық қызметінің сан және сапалық жағдайына олардың қызметіндегі кемшіліктердің алдын алу және жою, қызметті жетілдіру жөнінде негізделген шешімдер мен ұсыныстар әзірлеу мақсатында шапшаң бақылау жасауға және талдамалы бағалау жасауға, олардың заңдылық сипаттамасын жасауға мүмкіндік береді. Қолда бар заң базасы "Экономиканың стратегиялық салаларындағы меншікке мемлекеттік мониторинг туралы" Заң (бұдан әрі - Заң) қабылдау арқылы күшейеді. Заң елдің экономикалық даму процестерін реттеуде және болжамдауда мемлекет рөлін күшейту, Қазақстан экономикасын басқаруда тиімді шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратпен мемлекеттік басқару органдарын қамтамасыз ету үшін құқықтық негіз болады.

2004 ж. мемлекеттік мүлікті басқарудың тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында мемлекеттік активтер мен міндеттемелердің балансын жасаудың әдістемесін әзірлеу қаралған.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің Тұжырымдамасының екінші кезеңін іске асыру мақсатында 2002 ж. негізгі міндеті мемлекеттік меншікті басқарудың тұтас жүйесін жасау болып саналатын мемлекеттік меншікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2003-2005 жылдарға арналған Салалық бағдарламасы әзірленетін болады.

Қазіргі кезеңдегі жекешелендіру ұзақ мерзімді келешекте салық салынатын базаны кеңейту түрінде қайтарым алуға, қосымша жұмыс орындарын жасауға, отандық өндірушілердің тауарларымен және қызметтерімен отандық рынокты толтыруға, бүкіл халықшаруашылық кешенінің қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі біртұтас мемлекеттік саясаттың құрамдық элементі ретінде қаралатын болады.

2002 ж. бастап Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" Заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес республикалық меншіктің объектілерін жекешелендіру бюджет тапшылығын қаржыландырудың көздерінің бірі ретінде мемлекеттік активті басқарудың нәтижелерімен, жаңа қарыздардың көлемімен және мемлекеттің қарыз жөніндегі міндеттемелерімен байланыстырылады.

Баға жөніндегі және монополияға қарсы саясат

Монополияға қарсы 2003-2005 жж. арналған саясаттың негізгі мақсаты мемлекеттің, монополиялардың және олардың қызметін тұтынушылардың мүдделерінің балансына жетуге бағытталған орта мерзімдік негізде икемді тариф саясатын қалыптастыру; монополиялық секторға инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау; табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне мемлекеттік бақылау шараларын кеңейту. Атап айтқанда негізгі мақсаттар мен міндеттер болып саналатындар:

халықаралық амалдарға негізделген табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттейтін нормативтік-әдістемелік базаны жетілдіру;

ішкі және сыртқы факторлардың өзгеруіне бара-бар сезіне білуді қоса алғандағы табиғи монополиялар саласын реттеудің әдістемелігін жасау және жетілдіру; тұтынушылар құқығын қорғау жүйесін күшейту;

табиғи монополиялардың өндірісін жаңартуға инвестициялар тарту және олар көрсететін қызметтердің (тауарлар, жұмыстар) сапасын көтеру мақсатында орта мерзімді кезең ішінде табиғи монополиялардың қызметіне тарифтердің орта деңгейінің тұрақтылығын қамтамасыз ету;

табиғи монополиялардың өз тұтынушыларына әсерін талдау және ғылыми зерттеулер жүргізу үшін деректердің ақпараттық базасын жасау;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне тұтынушылар топтары бойынша тарифтердің дәлелденбеген сараларды қолдану тәжірибесін жою;

рынокта бірыңғай баға тағайындау жөніндегі мүмкін боларлық келісімдерге, басқа субъектілерді рыноктан кетіруге немесе оған олардың енуіне шектеу жасауына жол бермеу;

теріс пиғылды бәсекені, артықшылық жағдайын теріс пайдаланушылықты анықтаудың және жол бермеудің тиімді әдістері мен тәсілдерін әзірлеу. Ұзақ мерзімді негізде рыноктік билігі бар субъектілерге реттеулік шаралар қолдану;

заңда қаралғандардан басқа жағдайда рынок субъектілерінің шаруашылық қызметіне мемлекеттік органдардың араласуына болдырмау;

табиғи монополиялар саласында монополиясыздандыру, монополиялық құрылымдарды қайта ұйымдастыру (бөлектеу) есебінен бәсеке ортасын кеңейту;

тауар рыноктарында бәсекені қорғаудың ұйымдық және құқықтық негіздерін жетілдіру.

Бәсекені рынок саласында монополияға қарсы органдардың негізгі мақсаттары мен міндеттерін іске асыру тауарлардың (жұмыстар, қызметтер) белгілі түрінің рыногындағы басымдық жағдайды иеленуші субъектілерді анықтау, сонсоң оларды монополист-субъектілердің Мемлекеттік тізіміне енгізу мақсатында тауарлы рыноктар жағдайына талдау жүргізу жолымен жүзеге асырылады. Талдау жасауға жататын тауар рыноктарының әртүрлілігін ескере отырып жыл сайын табиғи монополияларды реттеу, бәсекені қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі Агенттіктің бұйрығымен бекітілетін тізбеде анықталған тауарлардың әлеуметтік маңызды түрлерінің рыноктарының жағдайы бірінші кезектегі және басымдықтылары ретінде қаралады. Бұларға көмір, мұнай өнімдері, табиғи және сұйылтылған газдар, нан және нан өнімдері, қант және басқалардың рыноктары жатады. Сонымен бірге субъектілері тарапынан бәсекеге қарсы әрекеттер байқалатын рыноктарға талдау жасалады.

Рынокта басымдық жағдайға не рынок субъектілерінің тауарларының (жұмыстарының, қызметтерінің) бағаларына мемлекеттік реттеу енгізу туралы шешімді монополияға қарсы органдар Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен N 1212 ережелерге сәйкес қабылдайды.

Сонымен қатар монополияға қарсы органдардың рөлі күшейеді, басымдық жағдайға не рынок субъектілерін және олардың бірлестіктерін құруға, қайта ұйымдастыруға, жоюға бақылау жасауда, сондай-ақ рынок субъектілерінің жарғы капиталының акцияларын (үлес, пай) сатып алған кезде және басқа жағдайларда монополияға қарсы заңдардың сақталуына бақылау жасауда күшейте түсті.

Баға саясаты саласында келесі міндеттер шешілуге тиіс:
ішкі рынокта бәсекені дамыту үшін жағдай жасау;
өндірушілердің, тұтынушылардың және мемлекеттің мүдделерінің балансына қол жеткізуге бағытталған табиғи монополиялардың субъектілерінің қызметіне тариф белгілеудің тиімді жүйесін жасау;
халықтың, әсіресе оның әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалған тобының, нақты табысының өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік тудыратын баға режимін жасау.

1 міндет. Ішкі рынокта бәсекені дамыту үшін жағдай жасау

Ішкі рынокта бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасаудың негізгі мақсаты кәсіпкерліктің босандығын қамтамасыз ету, тұтынушылардың заңды мүдделерін қорғау және тауарлар рыноктарының пәрменді іс-әрекеті үшін жағдайды қамтамасыз ету болып табылады.

Осыны ескере отырып ішкі рынокты дұрыс бәсекелестік ортасының жағдайын жасау жөніндегі шаралар мыналар болмақ:
рынок субъектілерінің шаруашылық қызметіне мемлекеттік органдардың негізсіз араласуына жол бермеу;

рынокта бірыңғай баға тағайындау, басқа субъектілерді рыноктан кетіру немесе оған енуді шектеу жөнінде кателдік келісімдердің жолын кесу; басымдық жағдайды асыра пайдаланудың жолын кесу; экономикалық шоғырлануға бақылау жасау.

Ішкі рынокта бәсекелестіктің дамуы үшін жағдай жасаудың нәтижесінің бірі халық тұтынатын тауарларға, соның ішінде басқа тауар топтарына қатыс жөнінен бағаның мультипликаторлары болып саналатын және халық тұрмысының деңгейіне елеулі әсерін тигізетін (мұнай өнімдері, көмір, сұйылтылған газ, қант және тағы басқалар) әлеуметтік мәні бар тауарлар түріне бағаның тұрақтануы болуға тиіс.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің аса маңызды азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандырудың шаралары жөніндегі шешімін орындау үшін өзінің нәтижесімен бәсекелестікті шектейтін, тұтынушылардың құқығы мен мүдделерін бұзатын азық-түлік және басқа тауарларды сату кезінде рынок субъектілері арасындағы келісімдерді табу жөнінде шаралар атқаратын бірлесіп құрылған жұмыс топтарының ж ұ м ы с ы ж а л ғ а с а д ы .

Бәсекелестік туралы заңға ұсынылып отырған өзгерістер мен қосымшалар тұтынушылардың құқығы мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіретін басымдық жағдайды теріс пайдалануды болдырмауға көмектеседі, сондай-ақ басты мақсаты бір қолда рыноктік билікті шектен тыс шоғырлануын ескерту болатын экономикалық шоғырлануға мемлекеттік бақылау қою.

Осы шаралардың бәрі ішкі рынокта жаңа компаниялардың пайда болуына мүмкіндік тудыратын жағдай жасауға тиіс және еркін рыноктық қатынастардың дамуының бәсеңдеуіне әкелетін рыноктардың монополиялануын болдырмайтын болады.

2 міндет. Табиғи монополиялардың табысты жұмысын қамтамасыз ету

Өндірушінің, тұтынушының және мемлекеттің мүдделерінің балансына жетуге бағытталған табиғи монополиялар субъектілерінің көрсететін қызметтеріне тариф ж а с а у д ы ң т и і м д і ж ү й е с і н ж а с а у .

Табиғи монополиялар субъектілерінің жағдайының талдау табиғи монополиялар субъектілерінің көпшілігі, әсіресе электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу жөніндегі кәсіпорындар іс жүзінде зиянмен жұмыс істейтінін көрсетеді: 2001 жылы осындай кәсіпорындардың саладағы үлес салмағы 53,7%. Кейбір кәсіпорындарда теріс табыстылық байқалады, ол су шаруашылығы жүйесінің кәсіпорындарына тән. Кейбір кәсіпорындар қаржы жылын таза пайдамен аяқтағанымен, алайда олардың көбінің табыстылығы төмен күйде қалуда - 5% аспайды.

Статистикалық деректер бойынша табиғи монополиялардың көбі үшін негізгі қорларды жаңартудың төмен қарқыны тән қасиет. Тұтас алғанда, 1995-1998 жылдарғы

кезенде негізгі қорларды жаңарту коэффициенті 1,5 есе азайған, ал істен шығу коэффициенті - өзгерген жоқ. 1998-2001 жылдары жаңарту коэффициентінің өсу тенденциясы болды, бірақ пайдаланудағы техника мен технологияны толығынан жаңарту туралы сөз айтуға әлі ерте.

Негізгі құралдардың тозу дәрежесі экономиканың барлық салаларында машиналар мен жабдықтардың, көлік құралдарының физикалық тозуы орта есеппен 50% маңында екенін көрсетеді.

4 кесте

Жүктерді тасымалдауға тарифтердің өсуінің Қазақстан Республикасы экономикасының салаларындағы ақырғы сұранымға әсерінің есебі, млн. теңге

	! Жүк тасымалдауға тарифтың өсуі (%):					
	!-----					
	! 30	! 25	! 20	! 15	! 10	
	!-----					
Шикі мұнай мен табиғи газ өндіру	-1149	-958	-766	-575	-383	
Ағаш және ағаш бұйымдарын өндіру	-1105	-921	-737	-553	-368	
Кокс өндіру, мұнай айыру, ядролық материалдарды өндіру және өңдеу	-30295	-25242	-20196	-15151	-10098	
Металлургия өнеркәсібі және металды өңдеу	-2441	-2034	-1627	-1221	-814	
Машиналар мен жабдықтарды, қосалқы бөлшектерді жөндеу	-12652	-10542	-8435	-6327	-4217	
Өңдеуші өнеркәсіптің басқа салалары	-1111	-926	-741	-556	-370	
Электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу	-5876	-4896	-3918	-2939	-1959	
Құрылыс	-2082	-1734	-1388	-1041	-694	
Сауда; үйде пайдаланатын бұйымдарды жөндеу	-25917	-21595	-17278	-12962	-8639	
Почта мен байланыс	-1651	-1376	-1101	-826	-550	
Қаржы қызметі	-1390	-1158	-927	-695	-463	
Жылжымайтын мүлікпен операциялар, кәсіпорындарға қызмет көрсету	-2559	-2132	-1706	-1280	-856	

Басқадай коммуналдық, элеуметтік және көрсету		-1040	-867	-694	-520	-347
		арнайы		қызмет		
Экономика бойынша жиыны	-94835	-79019	-63223	-47428	-31612	
ЖІӨ 2001 ж.	32285383					
Төмендеу % ЖІӨ		2,89	2,41	1,92	1,44	0,96

5 кесте

Электр энергиясына, газға, суға тарифтердің өсуінің Қазақстан Республикасы экономикасының салаларындағы ақырғы сұранымға әсерінің есебі, млн. теңге

	! Жүк тасымалдауға тарифтың өсуі (%):				
	!-----!				
	! 30	! 25	! 20	! 15	! 10
Көмір және лигнит өндіру, шым тезек шығару	-2426	-2021	-1617	-1213	-809
Шикі мұнай мен табиғи газ өндіру	-1272	-1060	-848	-636	-424
Уран рудасын өндіру	-205	-171	-137	-102	-68
Тоқыма бұйымдарын өндіру	-185	-154	-123	-92	-62
Кокс өндіру, мұнай айыру, ядролық материалдарды өндіру	-4771	-3976	-3180	-2385	-1591
Машиналар мен жабдықтарды, қосалқы бөлшектерді жөндеу	-3392	-2827	-2261	-1696	-1131
Сауда; үйде пайдаланатын бұйымдарды жөндеу	-3602	-3001	-2401	-1801	-1201
Көлік; көмекші және қосымша көлік қызметі	-6064	-5053	-4042	-3031	-2022
Экономика бойынша жиыны	-23387	-19488	-15590	-11691	-7798
ЖІӨ 2001 ж.				3285383	
Төмендеу % ЖІӨ	0,71	0,59	0,47	0,36	0,24

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Статистика жөніндегі агенттіктің 2000 ж. Салааралық балансы негізінде

Осындай тәсілді жүзеге асыру мақсатында келесі қажетті шараларды жүргізу ж о с п а р л а н а д ы :

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің халықаралық тәжірибеге негізделген нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру;

тариф жасаудың "шығындық" әдісінен "іске қосылған активтерге таза пайда" және "орта мерзімді негізде тарифтердің шекті деңгейін есептеу" әдістеріне көшу;

табиғи монополиялар өндірісін жаңартуға инвестициялар тарту үшін жағдай жасау және олар көрсететін қызметтердің (тауарлар, жұмыстар) сапасын жоғарлату;

табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіне тарифтерді орынсыз бөлшектеуді жою және олар көрсететін қасиеттердің (тауарлар, жұмыстар) сапасын жоғарлату;

табиғи монополиялар қызметі саласының мониторингісі үшін деректердің ақпараттық базасын жасау.

Баға мен тарифтің өсуінің болжамдық көрсеткіштері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жж. арналған бағдарламасына сай инфляцияның жылдық орташа деңгейі таяу жылдары 5-6% көлемінде қамтамасыз етіледі. Бұл макроэкономикалық индикатор

бәсекелестік ортасындағы баға деңгейін және табиғи монополиялар - кәсіпорындар үшін тарифтерді анықтайды.

Экономика салаларында жылдық орта бағаның өзгеру индексі сыртқы және ішкі рыноктағы болжамдалушы конъюнктураны есепке ала отырып есептеледі, ол тұтыну бағасының өсуімен байланыстырылған.

Инвестициялық саясат <*>

2003-2005 жылдары қызметтің негізгі бағыттары отандық және шетелдік тікелей инвестициялардың экономиканың басым секторларына келіп түсуін ынталандыру, мемлекеттік инвестицияларды пайдалануды ұтымды ету мен оның тиімділігін арттыру және ішкі жинақтарды жұмылдыру болмақ.

1-міндет: Экономиканың құрылымдық қайта құруларына инвестициялар тарту

Агроөнеркәсіптік кешен, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, машина жасау, металл өңдеу, құрылыс материалдары өнеркәсібі, химия және мұнай-химия өнеркәсібі сияқты экономиканың басым салаларына инвестициялар тартудың әдістері жетілдірілетін болады.

"Инвестициялар туралы" заң жобасы қабылданғаннан кейін инвесторларға жеңілдіктер мен артықшылықтар беру жүйесін реттейтін қазіргі кезде қолда бар нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Экономиканың нақты секторын ішкі инвестициялық ресурстар есебінен инвестициялаудың мүмкіндігін қарау жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады.

Инфрақұрылым мен байланыс объектілерін жасауды, жол, порттар және басқа инфрақұрылымдар салуды, басымдықты ұлттық салаларды дамытуды қаржыландырудың мүмкін көздерінің бірі зейнетақы активтері бола алады.

2003-2005 жылдар кезеңінде мынадай жұмыстарға бағытталған белсенді шаралар жүзеге аспақ :

инвестициялық қызмет саласында қабылданатын заң актілерінің сапалық деңгейін халықаралық құқықтың стандартының деңгейіне дейін көтеру;

инвестициялардың сақтандыру жүйесін жасау;

екінші деңгейдегі банктер шағын және орта кәсіпорындарын белсендірек несиелендіруі үшін жағдай жасау;

қаржы тасқыны инвесторлардан қарыз алушыларға ұйымдасқан түрде көшуін қамтамасыз ететіндей экономиканың маңызды элементі ретінде қор рыногының қалыптасуына жағдай жасау;

инвестициялық қарым-қатынастың "Құрылыс - Пайдалану - Тапсыру" (ҚПТ) принципі бойынша балама пошымын енгізу;

салынып жатқан тұрғын үйлерге төлем қабілеті бар сұранымды арттырудың мүмкін болар жолдарын іздестіру, тұрғын үй құрылысын ынталандыру үшін халықтың, жинаған ақшасын тарту, салынып жатқан тұрғын үйдің құнын кеміту.

2-міндет. Мемлекеттік инвестициялардың басымдықты бағыттарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету

Мемлекеттік инвестицияның негізгі міндеті тиісті инфрақұрылымды қалыптастыру арқылы экономиканы дамыту үшін жағдай жасау болып табылады. Мемлекеттік инвестициялар экономиканың жеке бизнес секторын қызықтырмайтын секторларына бағытталатын болады.

2003-2005 жылдары кезеңінде мынадай жұмыстарға бағытталған белсенді шаралар жүзеге аспақ :

салалардағы мемлекеттік инвестицияларды жоспарлаудың экономиканы дамытудың салалық және аймақтық басымдықтарына сай инвестициялық жобаларды күні бұрын және сапалы әзірлеуді көздейтін тұтас жүйесін жасау;

республикалық инвестициялық жобалардың іске асуына, мемлекет кепілдігі және инвесторлардың шарты бойынша міндеттемелері арқылы жүзеге аспақ жобаларға мониторингті күшейту;

экономиканың басымдықты салаларында республикалық инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін сыртқы көмекті тартуды ынталандыру мақсатында халықаралық қаржы экономикалық ұйымдармен және донор елдермен қарым-қатынасты одан әрі дамыту.

2003-2005 жылдарға арналған мемлекеттік инвестициялардың саясаты мынадай қағидаттарды қамтамасыз етуді ескере отырып қалыптасты:

құрылысы жоспарлы кезеңнің бірінші жылында аяқталатын объектілерді

басымдықты республикалық инвестициялық жобалар тізбесіне (БРИЖТ) енгізу
б а с ы м д ы л ы ғ ы ;

инвестициялық ресурстарды көптеген құрылыстарға шашыранды болып кетуіне
ж о л б е р м е у ;

ірі әлеуметтік проблемаларды шешуді елдің әртүрлі аймақтарындағы экономикалық
индикаторларды салыстыруды ескере отырып кезең-кезеңмен қамтамасыз ету;

БРИЖТ қалыптастырған кезде басымдықты салааралық және аймақаралық
байланысты қамтамасыз ететін объектілерге беру;

Республикалық бюджет комиссиясының тиісті шешімінсіз объектілердің
құрылымына инвестиция көлемін өткен кезеңмен салыстырғанда айтарлықтай өсуіне
ж о л б е р м е у .

БРИЖТ 2003-2005 жылдары қалыптастырудың жоғарыда аталған қағидаттарына
сүйене отырып белгіленген лимит негізінде республикалық бюджеттен 321 жобаны
қаржыландыруды жүзеге асыру ұйғарылды, одан 127 іске қосылатындар болып
саналады, олардың 2003 жылы қаржыландырудың жалпы көлемінен үлес салмағы 30 %
астам болмақ. Жаңа жобаларды қаржыландырудың белгіленіп отырған көлемі 2003
жылы 17,85 млрд. теңге болады.

2002-2005 жылдары республикалық инвестициялық жобаларды қаржыландыру көлемі

	2002	2003	2004	2005
ЖІӨ, млрд. теңге	3747	4368	4838	5438
Инвестициялық жобаларды қаржыландыру көлемі:				
млн. теңге	880009,65	117007,03	136153,28	131714,37
ЖІӨ-ге %	2,3	2,7	2,8	2,4

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

2003-2005 жылдары БРИЖТ қалыптастыру үшін мемлекеттік инвестициялардың басымдықтары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002-2004 жылдарға арналған Бағдарламасында анықталған:

көлік-коммуникация кешенінің нығаюы мен дамуы, ең алдымен көлік инфрақұрылымының объектілері мен электр энергиясын тасымалдау; агроөнеркәсіп кешенін қолдау және селоның инфрақұрылымын дамыту; с у м е н ж а б д ы қ т а у ;

э к о л о г и я ;
 әлеуметтік сектордың дамуы;
 басқарудың мемлекеттік органдарын институционалды күшейту;
 Астана қаласын дамыту.

Аталған басымдықтар шеңберінде бірнеше мемлекеттік, салалық (секторальдық) бағдарламалар әзірленді, инвестициялық жобалар және оларды жыл сайын қаржыландыру бойынша ұсыныстар анықталды. Бұл басымдықтар таяудағы үш жылға белгіленді, мұның өзі әрбір бағыт бойынша проблемаларды шешу жөніндегі мақсатты жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік және салалық (секторальдық) бағдарламалар бойынша республикалық бюджеттің қаражаттары

Бағдарлама	2003		2004		2005	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%	млн. теңге	%
"Астананың Қазақстанның мемлекеттік бағдарламасы Алматы дамытудың жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы	34029,36	29,08	32318,00	23,74	21709,45	16,48
"Білім беру" кеттік бағдарламасы	4065,00	3,47	3794,00	2,79	4048,50	3,07
"Халықтың мемлекеттік бағдарламасы	3054,08	2,61	4331,63	3,18	6671,50	5,07
Қазақстанның саласын дамытудың 2001 - 2005 арналған бағдарламасы	27903,49	23,85	28828,75	21,17	47180,11	35,82
Қазақстанның 2003 - 2005						

гүлденуі -

қаласын

2003 - 2010

Республика.

автожол

жылдарға

мемлекеттік

Республика.

жж.

арналған агроазық- түлік бағдарламасы Қазақстан сының тық инфрақұрылымын қалыптастырудың дамытудың бағдарламасы " Ауыз - су "бағдарламасы Қазақстан сының шамалар бірлігінің базасын бағдарламасы Қазақстан касы лерінің материалдық техникалық жақсартудың 2005 арналған ламасы Төтенше алдың жоюдың мемлекеттік жүйесін жылдары бағдарламасы Күш органдарының бағдарламасы Бағдарламалардың тысқары жүзеге асырылатын	4071,61	3,48	5512,60	4,05	5355,62	4,07
			мемлекеттік			
			Республика.			
			ұлттық		ақпарат.	
	5455,24	4,66	18849,92	13,84	12426,08	9,43
			және			
			мемлекеттік			
	6769,10	5,79	8523,63	6,26	13133,57	9,97
			Республика.			
	45,00	0,04	150,00	0,11	120,00	0,09
			эталондық			
			дамытудың			
			Республи.			
			түзету		мекеме.	
	2046,80	1,75	1138,40	0,84	314,00	0,24
			базасын			
			2001 -			
			жылдарға			
			бағдар.			
			жағдайлардың			
			және			
	1043,00	0,89	1256,00	0,92	268,10	0,20
			2002 - 2005			
			дамудың			
	6816,83	5,83	5817,65	4,27	4126,88	3,13
	18312,74	15,65	24079,90	17,69	16360,55	12,42
			жобалар			
Барлығы:	117007,03	100,0	136153,28	100,0	131714,37	100,0

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Автожол саласының нығаюы мен дамуы автожол саласын дамытудың Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жүргізілетін болады. 2003 жылы: Алматы-Гүлшат және Ақшатау-Қарағанды; Астана-Бурабай; Астананың солтүстік айналма жолын, сондай-ақ Қызылорда қаласының маңында Сырдария өзені арқылы көпір өткелін қалпына келтіруді, қайта жаңартуды және салуды аяқтау жоспарланып отыр.

Экономика секторлары
бойынша 2003
жылғы мемлекеттік
инвестицияның
құрылымы

Болжамдалған үш жыл бойы республикалық бюджеттен көлік-коммуникация кешенін дамытуға жұмсалатын инвестиция шығысы басым болады (мемлекеттік инвестицияның барлық көлемінің 50% астамы). Бұл экономиканың нақты секторына жеке меншік инвестицияларын тарту, сондай-ақ елдің транзиттік әлеуетін барынша пайдалану үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасайтын жағдайлардың бірі дамыған көлік инфра. құрылымы болу керектігінен

Құрылымның суретін
қағаз мәтіннен
қараңыз

туындайды.

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Бұл бағдарламаны іске асыруға барлығы республикалық бюджеттен 2003 жылы - 27,9 млрд. теңге, 2004 жылы - 28,8 млрд. теңге және 2005 жылы - 47,2 млрд. теңге б а ғ ы т т а л а т ы н б о л а д ы .

Одан басқа Алтынсарин-Хромтау теміржол желісінің құрылысы, Астана қаласындағы халықаралық аэропортты қайтадан жаңарту, Шульба шлюзының құрылысын аяқтау сияқты маңызды жобаларды іске асыру жүзеге асырылатын болады.

Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдардағы Мемлекеттік агроазық-түлік бағдарламасы бойынша қаржыландыруы кестенің тиісті жолында келтірілген көлеммен шектелмейді. Бұл бағдарламаны іске асыру сондай-ақ "Ауыз-су", "Білім беру", "Халықтың денсаулығы" бағдарламаларының шеңберінде, ауыл шаруашылық өндірушілерінің минералдық тыңайтқыш, өсімдіктер мен жолдарды қорғау құралдарын, тұқым, асыл тұқымды мал сатып алуына бағаның бір бөлігіне ақшадай жәрдем көрсетуге бюджет қаражаты есебінен ағымдағы шығыстар, сондай-ақ агролизингті дамыту арқылы да жүзеге асырылатын болады.

Сонымен бірге бұл басымдық республикалық бюджеттен бөлінетін инвестицияның жалпы көлемінде елеулі үлес алмайды. Село инфрақұрылымын дамытуды негізгі қаржыландыру Қазақстан Республикасының "Жергілікті бюджет жүйесі туралы" заңына сәйкес жергілікті бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асырылуы тиіс.

Астана қаласының дамуы "Астананың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде жүзеге асатын болады.

2003 жылы іске қосылатын объектілердің ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжіліс ғимараты, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мен Сенатының бірлескен мәжіліс залы, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ғимараты жоспарлануда. Тұрғын үй-коммуналдық объектілері ішінде 2003 республикалық бюджет есебінен Астана қаласында үкімет орталығының инженерлік құрылыстар торабы, Қорғалжын трассасындағы коллектор пайдалануға берілетін болады. Астана қаласындағы халықаралық әуежайда ұшу-қону алаңын жаңартуды жүзеге асыру жоспарлануда. Бұл бағдарлама бойынша жаңа объектілер астананың сол жағалауындағы бөлігін жайластыруға және ауыз сумен, канализациялық жүйемен қамтамасыз ету, сондай-ақ астана халқының тұрмыс жағдайын жақсарту жөніндегі ахуалды жақсартуға бағытталады.

Астана қаласын жайғастыру бойынша басымдық іске асыруға барлығы республикалық бюджеттен 2003 жылы - 34 млрд. теңге, 2004 жылы - 32 млрд. теңге және 2005 жылы - 22 млрд. теңге қаражат жұмсау жоспарланып отыр.

Инвестициялық жобаларды 2003 жылы Ішкі көздер есебінен қаржыландырудың көздері қалыптасатын республикалық

**Суретті қағаз мәтіннен
қараңыз**

бюджеттен жұмсалатын 2003 жылы қаржыландыру көлемі 74,9 млрд. теңге немесе 2003 жылы қаржыландырудың жалпы көлемінің 66,2% болады. Үкіметтің сырттан алатын қарызы 2003 жылы республикалық инвестициялық жобаларды қаржыландыру

көлемінің 31,4% құрайды.

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Тұрғын үй құрылысын дамыту

Тұрғын үй саясатының мақсаты халықты қолайлы, экология жағынан дұрыс тұрғын үймен қамтамасыз ету. Бұл мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

тұрғын үйдің құнын төмендету;
тұрғын үй құрылысының қарқынын 2005 жылы 2,0 млн.ш.м.пәтер үйге дейін
өсіруді қамтамасыз ету;

мемлекет қаржысы есебінен азаматтардың әлеуметтік қорғалуға тиіс
категориясының 12 мың отбасын үш жыл ішінде пәтермен қамтамасыз ету;
қазіргі заманғы тиімді және энергия үнемдейтін архитектуралық-құрылыс
шешімдеріне көшу.

Ш е ш у ж о л д а р ы

Құрылыстың және пәтерді пайдаланудың құнын төмендету үшін мынадай
техникалық міндеттерді шешу қажет:

энергия тұтынудың, сумен жабдықтаудың шығысын төмендету, тұрмыстық ағын
суды зарарсыздандырудың тиімділігі мен экологиялық жағдайын көтеру мақсатында
нормативтік-техникалық құжаттарды жетілдіру және халықаралық нормалармен
үйлестіру;

тұрғын үй құрылысын экология тұрғысынан залалсыз, тиімді, энергияны
үнемдейтін материалдармен және бұйымдармен қамтамасыз ету;
отандық кәсіпорындарда тұрғын үйлердің тиімді энергия үнемдейтін инженерлік
жүйелерінің құралдары мен құрылғыларын өндіруді игеру;
құрылыс өндірісінің технологиясын жетілдіру.

Тұрғын үй құрылысын дамыту үшін мынадай экономикалық міндеттерді шешу
қажет:

азаматтардың және заңды тұлғалардың жиғандарын, банктердің несиелерін,
зейнетақы және басқа қорлардың қаражатын, беймемлекеттік кәсіпорындар мен
ұйымдардың қаражатын тарту үшін қолайлы жағдай жасау;

тұрғын үй саласына азаматтардың, заңды тұлғалардың, шетелдік инвесторлар мен
несие берушілердің қаражатын тарту үшін жағдай жасау;

тұрғын үй құрылысында прогрессивті технологияны, қазіргі заманғы
архитектуралық-құрылыстық және қала салудың шешімдерін, ассортименті мен
номенклатурасы бойынша халықтың әртүрлі тобының төлем қабілеті бар сұранымына,
элиталық пәтерлерге де, сондай-ақ табысы жоғары емес азаматтар үшін сапалы тұрғын
үйлер салуға дәл келетін экологиялық жағынан таза, дизайн жөнінен осы заманғы
құрылыс материалдарын пайдалану;

коммерциялық банктердің пәтер салуға және қайтадан жаңартуға несиелер берген
кездегі қаупін азайту үшін құқықтық жағдайлар жасау;

салынып жатқан үйлерді мезгілінде бітіріп және пайдалануға беруді қамтамасыз
етудің, құрылысы аяқталмаған тұрғын үйлерді тиімді үй салушыларға берудің
экономикалық тұтқаларын енгізу.

Тұрғын үй құрылысын дамытудың болжамы

Аймақтардың жобалық деректері бойынша 2003-2005 жылдары тұрғын үй құрылысына барлық инвестициялық көздерден 124,1 млрд. теңге жұмсалады. Пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 5,6 млн. ш.м. болады. Осы кезеңде пайдалануға берілген пәтер саны 47336 болады. Осы кезеңде халықтың 100 мыңына шаққандағы пайдалануға берілетін пәтер санының ең үлкен үлес салмағы Астана қаласының (2000), Атырау облысының (996) және Алматы қаласының (667) үлесіне т и е д і .

ЕСКЕРТУ. Бөлім жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 395 қаулысымен.

Қаржы секторының дамуы

Банк секторы

Банк секторын одан әрі дамыту мақсатында келесі шараларды жүзеге асыру ұ й ғ а р ы л ы п о т ы р :

екінші деңгейдегі банктерде корпоративтік басқару және тәуекелді басқару жүйесін е н г і з у ;

заңды тұлғалардың салымдарына міндетті түрде ұжымдық кепілдік беру жүйесін депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйесін жасаудағы халықаралық стандарттарға сай е т у ;

ағымдағы бақылау шараларын банктік бақылау жөніндегі Базель Комитетінің негізгі принциптері мен стандарттарына сәйкес жетілдіру.

Ұлттық Банк несие институттарының үш деңгейлі жүйесін құру негізінде көп деңгейлі шағын несие беру моделін енгізуге бағытталған шараларды жүзеге асыруды ж а л ғ а с т ы р а д ы .

Тұрғын үй құрылысын қаржыландырудың принципті жаңа үлгісін - құрылысқа қаражат жинақтау жүйесін тәжірибеде қабылдау белгіленіп отыр.

Векселдердің бірінші класты эмитенттерінің тізімін жасау (ұлттық компаниялар есебінен де, сондай-ақ "орта буынның" шаруашылық жүргізуші субъектілерінің де есебінен), вексель айналымының нормативтік-құқықтық базасын және вексель рыногының инфрақұрылымын жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Векселдің статусын бағалы қағаз статусына дейін көтеру келешектің мақсаты болады, бұл бағалы қағаздардың қолданылып жүрген техникалық инфрақұрылымын пайдалануға мүмкіндік береді.

Сақтандыру рыногы

Ұлттық Банк сақтандыру компанияларына халықтың сенімін одан әрі бекітуге бағытталған шараларды жүзеге асыруды жалғастырады.

Ұлттық Банк Үкіметпен бірлесе отырып сақтандырудың міндетті түрлерін

қаржыландырудың тізбесі мен көздерін анықтау, сақтандырудың міндетті түрлерін жүзеге асырудың халықаралық тәжірибесін ескере отырып олар бойынша қажетті заң базасын жасау жөнінде жұмыс атқаратын болады.

Сақтандыру рыногының инфрақұрылымын дамыту және оның кәсіби қатысушыларының (сақтандыру брокерлері, актуарилер мен уәкілетті аудиторлар) қызметін жандандыру жөніндегі жұмыс жүзеге асатын болады.

Сақтандыру шарттары бойынша клиенттердің мүддесін қорғау мақсатында сақтандырушы ұйымдар жойылған жағдайда сақтандырушыларға (сақтандырылғандарға, пайда табушыларға) сақтандыру төлемін жүзеге асыруға кепілдік жасайтын қорды құру ұйғарылуда.

Сақтандырушы (қайта сақтандырушы) ұйымдар үшін бухгалтерлік есептің жоспарын әзірлеу және олардың бухгалтерлік есебін автоматтандыру жөніндегі жұмыс жүзеге асатын болады.

Бағалы қағаздар рыногы

Қазіргі кезеңде отандық қор рыногын одан әрі дамыту жөніндегі негізгі бағыттардың бірі бағалы қағаздар рыногы туралы заңдардың "төртінші" ұрпағын қабылдау болып табылады: Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Z980281_ және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Z970077_ заңдарды. Осы заңдардың жаңа версиясын қабылдау отандық кәсіпорындардың қор рыногының мүмкіндіктерін пайдалануға ынталандыру жөніндегі шешуші шараларды жүзеге асыруға, "Көк фишкалар" бағдарламасын одан әрі жүзеге асыруды жалғастыруға мүмкіндік береді, отандық инвесторлар институтын одан әрі дамыту және корпоративтік басқару принциптерін жетілдіру үшін қозғау салады, сондай-ақ инвесторлардың құқы мен мүддесін қорғау жүйесін жақсартуға мүмкіндік береді.

2002-2005 жж. қазақстандық бағалы қағаздар рыногын дамытудың басымдық б а ғ ы т т а р ы :

қазақстандық бағалы қағаздар рыногында инвестиция жасау мүмкіндігін кеңейту;

қазақстандық акциялар мен беймемлекеттік облигациялардың инвестициялық сапасының және инвестициялық тартымдылығының деңгейін көтеру;

инвестиция жасаудың ұжымдық пошымы арқылы халықтың жинаған ақшасын нақты экономикаға тартудың тетіктерін жасау;

қор рыногы арқылы қаржы ресурстарын тарту мәселесінде беймемлекет бағалы қағаздардың қазақстандық эмитент-ұйымдардың менеджерлерінің біліктілік деңгейін, сонымен бірге бағалы қағаздарға инвестиция жасау мәселесінде халықтың экономикалық сауаттылығының деңгейін көтеру;

бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының қызметіне бақылаудың екі деңгейдегі, Ұлттық Банк деңгейінде және өзін-өзі реттейтін ұйымдар деңгейінде (бұдан

әрі - ӨРҰ) жүйесін дамыту, ӨРҰ дамыған сайын кәсіби қатысушылардың қызметіне бақылау жасау жөнінде оларға берілетін бақылау қызметінің тізбесі ұлғая береді; бағалы қағаздар рыногының институционалдық және техникалық инфрақұрылымын жетілдіру.

Зейнетақы жүйесі

2002-2005 жж. жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамытудың басымдық бағыттары:

зейнетақы активін сапалы және жоғары өтімді қаржы инструменттеріне орналастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;

келешекте зейнетақы активін "Көк фишкалар" кәсіпорындарының акцияларына инвестиция жасауға рұқсат ету ұйғарылуда. Алайда, сол кезде осы кәсіпорындардың қор рыногының тетіктерін пайдаланудың көмегімен жекешелендірілу жағдайы сақталуға тиіс;

зейнетақы активтерін отандық эмитенттердің беймемлекет бағалы қағаздарына, сондай-ақ компаниялардың ипотекалық облигацияларына инвестиция жасауының лимитін одан әрі кеңейтудің мүмкіндігі қаралатын болады;

зейнетақы активін рыноктық бағалаудың тетіктері енгізілетін болады және қаржы инструменттерін рыноктық бағалау жөніндегі Комитетке ресми статус берілетін болады;

жинақтаушы зейнетақы жүйесінің субъектілері есеп ақпаратын уәкілетті органға беретін орталықтандырылған электрондық жүйе жасалатын болады.

4 ТАРАУ. САУДА ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Мақсаттар мен міндеттер

Сауда

2003-2005 жж. ішкі сауда саласын дамытудағы негізгі бағыт сауда қызметінің жалпы танылған түрлерін - көтерме, бөлшек сауда және қоғамдық тамақтану-реттеуді қамтамасыз ететін пәрменді құқықтық тетікті жасау болып табылады.

Саудада пәрменді құқықтық тетікті жасау ішкі рыноктың тұтас алғандағы онды дамуын қамтамасыз ететін тауарлар мен қызметті тұтынушыға дейін жеткізуді ұйымдастыру және құқықтық тетіктерін жетілдіру деп түсініледі.

Ішкі сауданы одан әрі дамыту үшін ішкі сауданың тиімді пошымын қалыптастыруға, және ішкі рынокты қол жетерлік баға мен тариф бойынша жоғарғы сапалы тауарлармен және қызметтермен толтыруға жағдай жасайтын заңдарды жетілдіруге бас аудару қажет.

Ішкі сауданы дамытудың басымдықты міндеттері ретінде келесілер анықталады: ішкі рынокта қазақстандық тауарлардың үлесін көбейту үшін керекті жағдайды

қ а л ы п т а с т ы р у ;

тауарларды импорт жасаған кезде отандық өндірушілерді шетелдік сапасыз бәсекеден қорғауды қамтамасыз ету;

ішкі рынокке қажетті өнімді тұрақты жеткізіп тұруды қамтамасыз ететін сауда - сатып алу компанияларының желісін құру;

ішкі сауданың ақпараттық, нормативтік және құқықтық базаларын жетілдіру, соның ішінде сауда-ақпараттық орталықтарды құру жолымен;

жергілікті сауда инфрақұрылымын дамыту және тұтыну тауарларына бағаны тұрақтандыруды қамтамасыз ету жөніндегі биліктің жергілікті органдарының рөлін күшейту ;

сатылатын өнімдерді стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарын сақтауға бақылау жасау.

Сыртқы экономикалық саясат

Сыртқы экономикалық саясаттың 2003-2005 жж. басымдық бағыттары:

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі және осы ұйымның тетіктерін сыртқы саудада Қазақстанның мүдделерін шектеуді болдырмау үшін белсенді пайдалану ;

шетелдік импортерлердің сапасыз бәсекесінен ішкі рыноктарды қорғаудың дұрыс деңгейі және отандық бәсекеге қабілетті тауар өндірушілер мен қызмет көрсетушілерді қолдау ;

нақты жобаларды әзірлеу және аймақтық экономикалық бірлестіктер (ТМД; АзЭҚ, ШЫҰ, ЭЫҰ және ОАЕ) шеңберінде экономикалық бастамаларды жылжыту;

экспортты жан-жақты дамыту және экспорттың жалпы көлемінде қосылған құны жоғары өнім үлесін көбейту ;

қосылған құны жоғары өнімдердің экспортына несие беру және сақтандыру (соның ішінде экспорттық-импорттық сақтандыру құрылымдарын құру) тетіктерін қалыптастыру ;

өңдеуші өнеркәсіпте жаңа жұмыс орындарын жасауға қабілетті, өсу нүктелері бола алатын қара, түсті, асыл және сирек кездесетін металдарды, мұнайды және газды өңдеу саласында үшінші, төртінші қайта өңдеуді дамытуға инвестиция салу саясатын жүргізу.

Алға қойған мақсаттарға жету және міндеттерді шешу жолдары

Сауда

Сауда саясатын реттеудің пәні ішкі сауданы ұйымдастырушылық шешімдердің жүйелілік принципіне одан әрі реформалау, басқару деңгейлері арасында сауда қызметін мемлекеттік реттеуге қатал шек қою, тауарлар мен қызметтің сапасы мен қауіпсіздігіне бақылау жасау мәселелерінде мемлекеттік органдардың жауапкершілігін

қ а м т а м а с ы з

е т у

б о л а д ы .

Үкіметтің іс-әрекеті ауылдық жерде сауда инфрақұрылымын дамытуды ынталандыру және ішкі рынокке отандық өнімнің тұрақты жеткізілуін, сондай-ақ бағаны тұрақтандыруды қамтамасыз ететін сауда-сатып алу компанияларын құру жөнінде нақты шаралар қабылдауға бағытталатын болады.

Отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, тұтыну тауарларының номенклатурасы мен өндіріс көлемін көбейтуге жетісуге, сондай-ақ өнеркәсіптің шикізат емес салаларындағы жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық жаңарту да мүмкіндік туғызатын болады.

Ауыл шаруашылығының өнімділігін елеулі түрде арттыру, ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеуде және сатуда бәсекеге қабілетті өндірісті дамыту жөнінде шаралар қ а б ы л д а н а т ы н б о л а д ы .

Тиісті салалық бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы орта және шағын бизнес субъектілерінің қатысымен бәсекеге қабілетті жаңа өндірістер құру жөнінде жұмыстар ж о с п а р л а н у д а .

Сөйтіп, 2003-2005 жж. ішінде қазақстандық тауарлардың ішкі рыноктағы үлесін көтеруге жағдай жасау және шаралар әзірлеу қарастырылып отыр. Онымен бір мезгілде мемлекет ішкі саудада бәсеке ортасын жасауға қол жеткізуге ниетті.

Сыртқы экономикалық саясат

Үкіметтің іс-әрекеті отандық өнімнің сыртқы рыноктарда бәсеке қабілеттілігін қолдауға және экспортты ынталандыруға бағытталған нақты шаралар қабылдау арқылы экспортты мемлекеттік қолдау жүйесін жасауға бағытталатын болады. Мұндай жүйе болмаса, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындары бәсеке қабілеттілігінің деңгейіне шыққан күннің өзінде де экспортты кеңейтуді, әсіресе дайын өнімнің, қамтамасыз ету айтарлықтай күрделі болады.

Экономикалық дамудың стратегиялық маңызды жағдайы тұрақты сыртқы экономикалық байланыс болып табылады. Ресеймен, Қытаймен, АҚШ-пен, Еуропа одағымен, Жапониямен, Оңтүстік Кореямен, Түркиямен экономикалық қатынасты басымдықпен дамыту көзделіп отыр. Осыған байланысты экономикалық қарым-қатынастың екіжақты ұзақ мерзімді бағдарламалары, өзара ықпал тудыратын салаларда инвестициялық жобалар және өзара сауданың көлемін өсіруге ықпал ететін бірлескен шаралар әзірленетін және жүзеге асырылатын болады.

ДСҰ кіруге байланысты шараларды жүзеге асыруға, отандық экспорттерлердің мұқтажы үшін республикада сауда-ақпараттық және қаржы-сақтандыру инфрақұрылымын дамытуға және халықаралық сапа стандартын енгізуге әріптес елдер және халықаралық ұйымдар тарапынан техникалық көмек тарту жөніндегі жұмыс ж а н д а н д ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Сыртқы сауда саласында жүргізілген шаралар мен реформалар нәтижелерінің негізінде сыртқы сауда саясатындағы бұдан былайғы бағдарлар анықталады, сондай-ақ экспортты жылжыту және Қазақстан үшін ықпал тудыратын сыртқы тауар рыноктарына талдау жасау үшін беймемлекеттік құрылымдар құрудың мүмкіндіктері қаралады.

Болжамдалған нәтижелер

Сауда

2003-2005 жж. бөлшек тауар айналымының өсуі жылына орта есеппен 15%-ке болжамдалуда. Дамыған сауда инфрақұрылымының қалыптасуы, сауда рыноктарында бәсекенің дамуына көмек көрсету, азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру үшін қолайлы жағдайлар жасау, сондай-ақ тұтыну тауарлары импортының болжамдалған өсімі сауда қызметінің жандануына және бөлшек сауда айналымының ө с у і н е ж а ғ д а й ж а с а й д ы .

Бөлшек сауда тауар айналымының қалыптасуының қазіргі кезде қол жеткен құрылымы 2002-2005 жж. бұрынғы деңгейде қалады деп күтілуде.

Сыртқы экономикалық саясат

2003-2005 жж. экспорттың өсуі жылына орта есеппен 8% болады деп болжамдалуда . Дамыған және дамушы елдердің экономикалық өсуі, жақсарып келе жатқан әлемдік рынокта шикізат тауарларына деген тұрақты сұраным қазақстандық экспорттың өсуіне м ү м к і н д і к т у д ы р а т ы н б о л а д ы .

Экономиканың дамуының шапшаңдаған қарқыны импорттың өсуінің жылдық орташа қарқынын көтеруге мүмкіндік береді, ол 6-7% болады. Инвестициялық тауарлардың және аралық тұтыну тауарларының импорты бұрынғыша импорт құрамында ең үлкен үлес салмағын сақтайды (80% тей). Кең сұраным тауарларының импорты, болжам бойынша, отандық тұтынудың өсуіне, сондай-ақ қорланудың өсуіне сәйкес ұлғаятын болады.

5 ТАРАУ. ӨНЕРКӘСПТІҢ ДАМУЫ Мақсаттар мен міндеттер

Мақсат - заңдық, экономикалық, инвестициялық және ғылыми-техникалық жағдайлар жасау, өндірістің бәсекеге қабілеттілігін және тиімділігін көтеру негізінде өнеркәсіп салаларының тұрақты өсуін және құрылымының сапалы жаңаруын қамтамасыз ету.

Өнеркәсіп саясатының міндеттері

Өнеркәсіп саясатының негізгі міндеттері болып саналатындар:
отын-энергетикалық қуаттардың одан әрі дамуы;
дамыған мұнайхимия өнеркәсібін және оның негізінде өндірістер (пластмассалардан жасалған тауарлар, лакбояу бұйымдары, шиналар, резинатехникалық бұйымдар және басқалары), сондай-ақ қосылған құнның деңгейі жоғары қара және түсті металдарды өңдеу жөніндегі қуаттарды жасау;
сапаның халықаралық стандарттарын ИСО енгізу, ресурс үнемдеу және еңбек өнімділігін көтеру жөніндегі шараларды жүзеге асыру есебінен өнеркәсіптің өндіруші салаларының қазақстандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
мұнайгаз, металлургиялық, электрэнергиялық және көлік салалары үшін жабдықтар өндіру жөніндегі қуаттарды дамыту;
құрылыс материалдарының және механизмдерінің қазіргі заманғы түрлерін өндіру жөніндегі қуаттарды дамыту;
ауыл шаруашылық машина жасауды дамыту;
азық-түлік тауарлары мен сусындарды, сондай-ақ электртехникалық және басқа азық-түлік емес халық тұтынатын тауарларды өндірудің ассортиментін кеңейту.

Алға қойған мақсаттарға жетудің және міндеттерді шешудің жолдары

Аталған міндеттерді жүзеге асырудың негізгі жолдары мыналар болмақ:
табысты өнеркәсіптің өңдеуші салаларының дамуына қайта бөлуді ұйғаратын мемлекеттік белсенді инвестициялық саясат (Даму банкінің қаражаттары, зейнетақы, сақтандыру қорлары және басқа көздер);

өнеркәсіптің өңдеуші салаларына тікелей инвестиция тарту үшін жағдайды жетілдіру;

өндірістің халықаралық сапа стандартына көшуін ынталандыру;
негізгі өндірістік қорларды шапшаңырақ жаңартуды ынталандыратын амортизация саясатын жетілдіру;

техникалық және жұмысшы кадрларын даярлау және қайта даярлау жүйесін жасау;
өндірілетін өнім түрін көбейтуді және өнімді сыртқы рыноктарға жылжытуды қамтамасыз ететін қазіргі инфрақұрылымды жасау;

ДСҰ мүшелік шеңберінде сүйемелдеудің рұқсат етілетін дәрежесінде икемді кеден-тариф саясатын жүргізу;

кәсіпорындардың экспорттық операцияларын несиелендіруді ұлғайту үшін жағдай жасау;

экспорттық операцияларды сақтандырудың тиімді жүйесін жасау және экспорттық несиелерді сақтандыру жөніндегі мемлекеттің қатысуымен орган құру;

Қазақстанның экспорттық өнімі үшін жағрапияны кеңейту және жаңа рыноктарды іздеу.

Өнеркәсіп саясатының міндеттерін шешу

1 міндет. Мұнайды өндіру және тасымалдау жөніндегі қуаттарды дамыту

Мұнайдың тауарлы рыноктарын дамытудың болжамы

Мұнай рыногының 2003 жылғы болжамдарының негізіне келесі ұйғарымдар а л ы н а д ы :

1. Әлемдік экономика жылдамырақ қарқынмен дамиды, бұл мұнайға деген сұранымды өсіреді. Мамырдағы (2002 ж.) ХВҚ болжама бойынша әлемдік экономиканың өсу қарқыны 2002 жылғы 2,9% қарағанда 2003 жылы 4,1%-ке дейін жоғарлайды. АҚШ Энергетика министрлігінің болжамына сәйкес мұнайдың әлемдік тұтынысы 2002 жылғы 76,6 млн. барр/тәуліктен 77,9 млн. барр/тәулікке дейін өседі.

2. Мұнай ұсынымы да жоғары қарқынмен өсетін болады, ең алдымен ОПЕК мүшелері-елдері тарапынан, олар 2002 жылғы шектеуден жоғалтқандарының орнын толтыруға тырысады. Сауд Аравиясынан кейін екінші болып әлем рыногына мұнай шығаратын Ресей де экспортты көбейтуді жалғастыратын болады.

3. Импорт жасаушы елдердің стратегиялық запастарының өсуі тұрақтандырушы ә с е р е т е д і .

Мұнай бағасы екінші тоқсанның ортасына дейін өсуін жалғастырды, одан әрі аздаған өзгерістермен 23-25 долл./барр. шегінде қалыптасты. Маусымда бағаның аздап төмендегеніне қарамастан олардың екінші тоқсандағы Brent сорты бойынша орта деңгейі 24 долл./барр болды, бұл бірінші тоқсандағы орта деңгейден 16% жоғары (сәуірде - 25,65 долл./барр, маусымда - 25,17 долл./барр, маусымда бағалама бойынша - 23,8-23,9 долл./барр). Маусымда бағаның төмендеуіне тәуелсіз экспортерлердің (Ресей, Норвегия) бағаның 20 долл./барр. жоғары деңгейінде әрі экспортты одан шектеу қолайсыз деп санайтындығы жөніндегі мәлімдемелері де әсерін тигізді.

7 сур.

Мұнай бағасының 2001-2002 жж. өзгерісі

(Кестені қағаз мәтіннен қараңыз.)

Ақпарат көзі: Лондон биржасының деректері

Талдаушылардың пікірі бойынша, барлық жағдайлардың жиынтығы 2003 жылы бағаның 25 долл./барр. жоғары көтерілуіне мүмкіндік бермейді, сонымен бірге сұранымның өсуі оның тұрақты деңгейін қолдайды.

ДВҚ маусымдағы болжамы бойынша 2003 жылы мұнайға әлемдік бағаның деңгейі (Brent, батыстехас және дубай сорттарының орта өлшемдегі бағасы) 2002 жылмен салыстырғанда аздап төмендейді және 22 долл./барр. болады.

Экономиканың Үкімет бағдарламасында болжамдалған даму қарқынын қамтамасыз ету үшін мұнай өндірудің өсімі (ілеспе газды қоса алғанда) орта есеппен жылына 6 млн.

ішкі рынокке	7,6	8,3	9,4	10,4	11,4	113,3	121,3
Экспортқа	32,4	36	39,3	45,5	49,6	109,2	126,2

Қарашағанақ пен Теңіз кен орындарын дамыту және жаңа кен орындарын іске қосу есебінен табиғи және ілеспе газ өндіру көлемі 2005 ж. 20 млрд. т.м. жетеді (2002 ж. - 14 млрд. т.м., 2003 ж. - 15 млрд. т.м., 2004 ж. - 18 млрд. т.м.).

Жамбыл облысындағы газ кен орындарының Амангелді тобын игеру жобасы бойынша шаралар жалғасатын болады және Оңтүстік Қазақстан облысындағы газ кен орындарының Созақ тобын барлау және игеру жөніндегі шаралар жүзеге асырылады.

Мұнайгаз саласын ұзақ мерзімге дамытуда Арал теңізі маңында мұнай мен газға геологиялық барлау жұмыстарын жандандыру тұр.

2005 ж. Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта жаңарту аяқталатын болады.

2002 ж. бастап мұнайгаз секторында мемлекеттік бақылау күшейеді, соның ішінде инфрақұрылым объектілерін дамыту мен пайдалану және кен орындарын игерудегі операциялық шығындар мәселесінде.

Каспий шельфін игеру жобаларындағы газды тереңірек өңдеп тиімді пайдалану жөнінде кешенді әдіс қолдану саясатын іске асыру, сондай-ақ Оңтүстік Торғай ойпатындағы мұнайгаз кен орындарындағы ілеспе газды тиімді пайдалану жөніндегі шараларды орындау жалғасады.

Газды тиімді пайдалану жөніндегі жер қойнауын пайдаланушылардың шарттағы міндеттерін орындауға мониторинг пен талаптарды күшейту, осы проблеманы шешуге мұнай компанияларын ниеттендіретіндей экологиялық нормалар мен оны жағуға тарифтерді енгізу ұйғарылып отыр.

2 міндет. Мұнай мен газды тереңірек қайта өңдеу, қосылған құнның жоғарғы деңгейі бар қара және түсті металдарды өңдеу жөніндегі өндірістерді құру

Үкімет бағдарламасында және ел экономикасының 2010 ж. дейін дамуының стратегиялық жоспарында мұнай мен газды тереңірек қайта өңдеу, қара және түсті металдарды өңдеу жөніндегі өндірістерді құру құрылымдық мемлекеттік саясаттың басты бағыты ретінде анықталған. Өнеркәсіптің құрылымының өзгеруі экспорт пен импортты, ішкі өндірісті, тауарларды тұтыну мен қызмет көрсетуді жан-жақты ету үшін жағдай тудырады.

Мұнайхимия өнеркәсібін жасау мен қара және түсті металдарды қайта өңдеу процесі жөніндегі міндет ұзақ мерзімді сипатта болады.

Бірінші кезеңде (2002-2005 жж.) ол маркетингтік және жобалау алдындағы әзірлемелермен, өндірісті орналастыру мәселесімен, стратегиялық инвесторларды іздеумен, жекелеме жобаларды жүзеге асырудағы мемлекеттің қатысу дәрежесін анықтаумен қабаттас жүреді.

Қазақстанда металлургиядағы төртінші, және бесінші қайта өңдеуді дамыту жөніндегі міндет 20 жылдан астам уақыт бойы алға қойылып келеді, алайда іс

айтарлықтай алға басқан жоқ. Бұрын оны КСРО жоспарлау комитеті бөгеп келді, ал қазіргі кезде - шетелдік инвесторлар оларға сатылған тау-кен металлургиялық өндірістер негізінде мұндай қайта өңдеуші дамытқысы келмейді.

Қазақстан инвесторлары тағы да ұзақ уақыт қара және түсті металдар прокатының және олардың негізінде қорытпалар мен бұйымдардың қазіргі заманғы өндірісін ұйымдастыра алмайды. Осыған байланысты осы міндетті шешудегі басты бағыт шетелдік инвесторларды тарту жөніндегі жұмыс болуға тиіс.

Металдарды өңдеу процесін тереңдету қорытпаларды, болаттың қоспалы және конструкциялық маркаларын, прокаттың кең ассортиментін, ыдыстарды және басқа да дайын бұйымдарды, сондай-ақ мұнайхимия өнімдері және металдар тотығы мен басқа да минералдардың негізінде (мырыш, титан, алюминий, барий) лак пен бояу бұйымдарын шығаруды көздейді.

Мұнайхимия өндірісін дамыту мұнайхимияның негізгі компоненттерін өндіру жөніндегі қуаттарды құруы және соның негізінде пластмассадан және композициялық материалдардан жасалатын бұйымдардың кең ассортиментін, автошиналар, құбырлар, майлайтын майларды, лактарды, ерітушілерді өндіруді дамытуды көздейді.

Аталған жобалардың бас бастамашысы және әзірлеушісі мен іске асырушысы үкімет болуға тиіс.

Мұнайхимия өнеркәсібінің дамуының нақты жолдары салалық "Қазақстан Республикасының мұнайхимия және химиялық салаларды дамыту бағдарламасында", сондай-ақ "Мұнайгаз кешенін және мұнайхимия өнеркәсібін дамытуды ғылыми қамтамасыз ету" атты мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламада 2002-2010 жж. анықталатын болады.

Металлургияда төртінші және бесінші қайта өңдеуді дамыту мәселелері бойынша мақсатты ғылыми-техникалық: "Қазақстан Республикасының металлургиялық кешенінде 2003-2005 жж. төртінші және бесінші қайта өңдеу өндірісін құруды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету" бағдарлама әзірленетін болады. Аталған бағдарлама жекелеме технологиялық қайта өңдеудің тек қана техникалық бағыттағы шешімдерін әзірлейтіндігін ескере отырып 2003-2005 жж. "Қосылған құнның жоғары деңгейі бар металдардан өнім өндіру жөніндегі қайта өңдеуді дамыту үшін заңдық, инвестициялық және экономикалық жағдайлар жасау" атты салалық бағдарламаны әзірлеу және іске асыру ұйғарылып отыр.

Осы бағдарлама шеңберінде жобаларды жүзеге асырудағы мемлекеттің қатысу дәрежесі, мүмкін болатын инвесторларды тартуды қамтамасыз ететін шаралар, қара және түсті металдарды өңдеу процесін тереңдету жөніндегі өндірістерді жоба алдындағы зерттеулер мен жобалау кешені анықталатын болады.

Мұнайхимия өнеркәсібін құру және қара және түсті металдарды өңдеу процесіндегі төртінші, бесінші және одан әрі қайта өңдеуді дамыту жөніндегі міндеттер Даму Банкінің басты стратегиялық міндетіне айналады.

3 міндет. Халықаралық стандарттарды енгізу есебінен қазақстандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін көтеру

Қазақстандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігінің проблемалары басты ұзақ мерзімді экономикалық басымдықтардың бірі болып саналады. Бұл проблеманы шешу өнімді өндіру мен сатуды басқаруды, өндірісті техникалық жаңартуды, білікті кадрларды даярлауды, табиғи ресурстарды кешенді және ұтымды пайдалануды жақсартуды қамтамасыз ететін шаралар кешенімен қамтамасыз етілетін болады.

Отандық өнімнің бәсекелік қабілетін көтеретін жолдардың бірі республика кәсіпорындарында халықаралық стандарттарға ИСО 9000 және 14100 серияларына сай келетін сапа жүйесін әзірлеу мен енгізу болып табылады.

Бұл жұмыстағы басты бағыт мемлекеттік стандарттау, метрология және сертификаттау жүйесін дамыту, стандарттау және сапаны басқарудың сәйкестігін бағалау саласындағы жұмыста халықаралық тәжірибеге кезең-кезеңмен көшу болады.

Осы мақсатпен республиканың экономика салаларында стандарттау жөнінде жаңа техникалық комитеттер құру ұйғарылуда.

Кәсіпорындардың жұмысының барлық техникалық және ұйымдастырушылық жағдайлары халықаралық талаптарға үйлестірілген тиісті стандарттармен белгіленеді. Бұл 2005 ж. ірі кәсіпорындардың жұмысын өнім өндірудің және сатудың барлық кезеңінде (қайта өңдеуде) әлемдік рынокта тауар мен қызметтің сапасына қойылатын талаптарға сай болуын қамтамасыз етеді.

Жыл сайын ИСО халықаралық стандарттарын енгізетін кәсіпорындар тізімін анықтау және бұл жұмыстың жүрісіне тұрақты мониторинг ұйымдастыру ұйғарылып отыр. Сонымен бір мезгілде бұл жұмысты жүргізуге тиісті әдістемелік және заң тұрғысынан қолдау көрсетілетін болады.

Халықаралық стандарттар мен өнім сапасын басқару жүйесін енгізу нәтижесінде көптеген қазақстандық кәсіпорындарының тауарлары мен қызметтері ішкі және сыртқы рынокта бәсекеге қабілетті болады. Инвестициялық жобалар мен бизнес-жоспарлардың халықаралық стандарттардың талаптарына сай келуіне ерекше көңіл бөлінетін болады.

Отандық, кәсіпорындарда тұрақты жұмыс жасайтын сапа жүйесі шығарылатын өнімнің техникалық деңгейін түпкілікті көтеруі жүзеге асыруға, еңбек өнімділігін көп есе көтеруге, еңбекті қорғау жағдайын және қоршаған ортаны қорғауды жақсартуға, материалдық шығындарды елеулі төмендетуге, табыстылықты өсіруге және таза пайда алуға мүмкіндік беретін техниканың жаңа буынын жасауға және игеруге жағдай т у д ы р а д ы .

Стандарттарды жетілдіру және тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін көтеру жөніндегі жұмыс Қазақстан Республикасының 2003-2004 жж. стандарттардың және сертификаттаудың ұлттық жүйесін дамытудың Бағдарламасына және Республикалық 2001-2005 жж. "Сапа" бағдарламасына сәйкес қамтамасыз етілетін болады.

4 міндет. Мұнайгаз, металлургия, электрэнергетикасы және көлік салаларының кәсіпорындары үшін жабдықтар өндіру жөніндегі қуаттарды дамыту

Қазақстан экономикасының отын-энергетикалық, минералдық ресурстардың және оларды өндеуден алынатын өнімдердің экспортына мамандануы объективті түрде бұл салалардың кәсіпорындарының электр энергиясын, көлік қызметін тұтынуының, сондай-ақ технологиялық жабдықтарды, оларға қосалқы бөлшектерді, материалдарды және жинақтаушы бұйымдарды сатып алуының өсуін туындатады.

Қазіргі кезде аталған тауарлардың және жабдықтардың үлкен бөлігі импорт жасалады. 1999-2001 жж. ішкі рынокты қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі машина жасау кәсіпорындарымен бірлесе отырып бірер қадам жасады, алайда бұл жұмысты жүйеге келтірмейінше осы бағытта жарып өту мүмкін емес.

Отын-энергетика және тау-кен-металлургия кешендері ұзақ мерзімді болашақта шапшаң дамуды жалғастырады. Осыған байланысты ішкі рыноктың жабдықтар мен металдарға қажеттігі өсе түседі, мұның өзі елдің машина жасау кәсіпорындарында олардың сериялы өндірісі жасаудың керектігін туындатады.

Мұнайгаз, тау-кен-металлургия, электр энергетика өнеркәсібі мен көлік үшін жабдықтардың басымдықпен даму басты салалық басымдық деп анықталады және машина жасау кешенін дамыту Бағдарламасының шеңберінде жүзеге асатын болады.

Аталған Бағдарламаны іске асырудың негізгі шаралары мыналар болады:

- мұнайгаздық, тау-кен-металлургиялық, электр энергетикалық және көліктік машина жасауды дамыту үшін қолайлы экономикалық жағдайлар жасау;
- жабдықтардың, материалдардың, қосалқы бөлшектердің және құрастырушы бұйымдардың басымдық түрлеріне ішкі және сыртқы рыноктарда сұранымның өсуі жайлы маркетингтік зерттеулер жүргізу;
- жоғарыда аталған салалар үшін өнім шығаруға қазақстандық машина жасау кәсіпорындарының мамандануы мен кооперациялануының, сондай-ақ жан-жақты дамуының үлгісін анықтау;
- машина жасау жабдықтарының басымдық түрлерін өндіруді ұйымдастыру үшін холдингтерді қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- қазақстандық машина жасау кәсіпорындарында мұнайгаз, тау-кен-металлургия, электр энергетика және көлік жабдықтарын, қосалқы бөлшектерін және оларға құрастырушыларды өндіруді ұйымдастыру жөніндегі техникалық-экономикалық негіздеулерді әзірлеу;

машина жасауды дамытудың басымдық бағыттары бойынша инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға инвесторлар іздеу және мемлекеттің қатысын анықтау;

жобаланатын өнімнің ассортиментін, өнімге техникалық және экономикалық талаптарды анықтау, сондай-ақ өндірісті ұйымдастыру және қажетті метал прокаты маркасын және оларға жинақтаушыларды жеткізу ісінде бәсекеге қабілетті машина жасау өндірісін жасауға қатысуға жабдықтар мен материалдардың қазақстандық ірі

т ұ т ы н у ш ы л а р ы н

т а р т у ;

мұнайгаз, тау-кен-металлургия, электр энергетика және көлік жабдықтарын, қосалқы бөлшектерін және оларға жинақтаушыларды өндіру жөніндегі жобаларды жүзеге асыруда "Қазақстандық Даму Банкі" ЖАҚ несие ресурстарының басымдық б а ғ ы т т а р ы .

Жоспарланып отырған кезеңде аталған салалар үшін жабдықтар өндірудің өсуі негізінен игерілген өнімді өндіруді көбейту және күрделі емес бұйымдарды шығаруды ұйымдастыру есебінен қамтамасыз етілетін болады. Аталған міндеттерді шешу машина жасауды келесі жылдарда дамыту үшін негіз құрады.

Машина жасау саласының экономикалық жағдайына жасалған талдау кәсіпорындар негізінен төмен табыстылықпен жұмыс істейтінін көрсетеді. Саланы тұтас алғанда барлық машина жасайтын кәсіпорындардың 2001 ж. таза табысы тек 200 млн. теңге болды және орта мерзімді болашақта машина жасаудағы ахуалды күрт өзгерту мүмкін болып көрінбейді.

5 міндет. Ауыл шаруашылық машина жасауды дамыту

2003-2005 жж. әлеуметтік-экономикалық саясаттың басты басымдығы - ауыл шаруашылық өндірісін және онымен байланысты салаларды дамытуды, сондай-ақ ауыл (село) өмірін жайластыру ел өнеркәсібі алдына ауыл шаруашылық жұмыстарының барлық түрін жүргізу үшін аграрлық секторды қазіргі заманғы техникамен қамтамасыз е т у м і н д е т і н қ о я д ы .

Машина жасау кешенін дамытудың Бағдарламасының басты басымдықтарының бірі бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылық техникасын шығару болады.

Ауыл шаруашылық машина жасауды дамыту бюджеттік қаржыландырумен және елде агролизингтің дамуымен тығыз байланыстырылатын болады. Жерге жеке меншік институтын жасау ауыл шаруашылық техникасын тұтынушылардың қаржы жағдайын және төлем қабілеттілігін күшейтеді. Агроазық-түлік бағдарламасын жүзеге асыру 2005 жылдың аяғына аграрлық сектор өнімінің сапасын едәуір көтереді деп болжамдалуда. Осының бәрі бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылық техникасына сұранымды көбейтуге ж а ғ д а й т у д ы р а д ы .

Ауыл шаруашылық машина жасауды дамыту келесі іс шараларды жүргізуді керек е т е д і :

кәсіпорындарды тізімге алу және оларды жергілікті және республикалық деп бөлу;
ауыл шаруашылық техниканың әртүрлі топтары бойынша маркетингтік зерттеу жүргізу және өндірісі Қазақстанда ұйымдастырылатын машиналар мен агрегаттардың т і з б е с і н а н ы қ т а у ;

өндіруге ұйғарылған ауыл шаруашылық техниканы шығару үшін кәсіпорындардың кооперациялану үлгісін әзірлеу және күрделі ауыл шаруашылық техникасын дамытудың шебер-жоспарын ж а с а у ;

ауыл шаруашылық техникасын өндіруді дамыту жөніндегі инвестициялық жобалар

үшін техника-экономикалық негіздемелер әзірлеу;
ауыл шаруашылық техникасының ең ірі түрлерін өндіруді дамыту жөніндегі жобаларды жүзеге асыруға мемлекеттің қатысу дәрежесін анықтау;
инвесторларды іздестіру және белгілі бір техниканы өндіруге маманданушы кәсіпорындар жүйесін қалыптастыру;
техниканы сатудың, техникалық және сервистік қызмет көрсетудің тармақталған жүйесін жасау.

Осылар және басқа шаралар машина жасау кешенін дамыту Бағдарламасына енгізілетін және 2003-2005 жж. іске асатын болады.

Өндірісі Қазақстанда болатын ауыл шаруашылық жабдықтарының республикалық тізбесін шамамен доңғалақты және шынжыр табанды тракторлар, астық жинайтын комбайндар, жаткалар, мал азығын өндіру жөніндегі жабдықтар, сиыр сауатын агрегаттар және басқалар енетін болады.

6 міндет. Құрылыс материалдары мен механизмдерінің қазіргі заманғы түрлері өндіру жөніндегі қуаттарды дамыту

Қазақстан экономикасына келіп түсетін инвестициялардың қарқынды тасқыны құрылыс ұйымдарының жұмысынан сапалы өзгерістер талап етеді. Ең алдымен мұның объектілерді салу кезінде қолданылатын құрылыс материалдары мен механизмдерді, құрылыс жұмыстарының технологиясын түбегейлі өзгертуге қатысы бар.

Құрылыс материалдарын өндіруде құрылыс материалдары өнеркәсібінің материалдық-техникалық базасын сақтау, қайта қалпына келтіру және одан әрі дамыту мақсатында бәсекеге қабілетті құрылыс өнімін шығаруға басымдықпен бейімделуге мінделер қажет:

құрылыс материалдары өнеркәсібінің талап етілген және экономикалық жағынан негізделген өндірістерін қалпына келтіру, қайтадан жаңарту және салу;

технологиялық жабдықтарды жаңарту және қазіргі заманғы өнімді және энергияны үнемдеуші технологияларды енгізу;

саланы басқарудың жаңа принциптерін игеру және жоғары технологиялық өндірістерді құру;

2003-2005 жж. ең көбірек талап етілетін және сатылатын бәсекеге қабілетті құрылыс материалдарының, бұйымдарының және конструкцияларының өндірісінің тізбесін анықтау;

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыру үшін бірнеше міндеттерді шешу керек, олардың ішіндегі басымдықтары келесі бағыттар болып саналады:

құрылыс өнімін шығарудың мемлекеттік мониторингісі және экономикалық мақсатқа лайықтылығын талдау;

жұмыс істемейтін, сондай-ақ жасанды түрде банкроттық процедураға және сатуға келтірілген кәсіпорындарға қатысты белгілі заңдылық шараларын қабылдау;

мемлекет кепілдігімен тікелей инвестициялар, несиелер және қарыздар тарту.

Таяу мерзімде өндірісті ұйымдастыру үшін келешегі бар деп құрылыс материалдарының келесі түрлері саналады:

гипсокартондық бұйымдар;
қаптауға және құрылысқа қолданатын кірпіштер;
цемент-құм тақталары және черепица;
құрғақ құрылыс қоспасы;
жоғары тиімділіктегі жылытқыштар;
үй төбесін жабатын және басқа материалдар;
полипропиленнен және поливинилхлоридтан жасалған диаметрі 350 мм дейінгі
пластмассалық құбырлар.

2003-2005 жж. кезеңде мемлекет экономикасы үшін стратегиялық маңызға мыналар
ие болмақ:

құрылыс шыннысы;
цемент;
волластониттік концентрат;
конструкциялық жылуды изоляциялаушы материалдар;
изоляциялаушы материалдар;
әсемдеу үшін обойлар (түсқағаздар) мен бояғыш заттар;
жеңіл құрылыс конструкциялары;
цемент-жоңқа плиталары.

Құрылыс кешенінің табысты қызмет істеуі үшін елеулі жағдайлардың бірі жаңа мемлекеттік қала салу саясатын қалыптастыру мен жүргізу қажеттігі және осы саладағы заң және нормативтік-құқықтық базаны жаңарту мен кеңейту болып табылады. Қазақстан Республикасының өндіргіш күштерін орналастыру жүйесі бар аумақты ұйымдастырудың бас үлгісі әзірленуге тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қала салу кадастрын қалыптастыру мен жүргізу маңызды мағынаға ие болмақ. Оның деректері әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасын әзірлеу мен іске асыру, қала салу және басқа жобалық құжаттарды әзірлеу, жылжымайтын мүлік құқығын тіркеу, онымен сауда жүргізгенде, салық салғанда, аса бағалы табиғи кешенді, тарихи-мәдени мұраны қорғау, архитектуралық-жоспарлау тапсырмасын беру кезінде пайдаланылатын болады.

Құрылыс үшін ұлттық нормативтік базаны жасау, оны халықаралық нормалармен және стандарттармен үйлестіру жөніндегі жұмысты жалғастыру белгіленуде.

7 міндет. Халық тұтынатын тауарларды өндірудің ассортиментін кеңейту

Қазақстан Республикасының мемлекеттік экономикалық саясатының басты мақсаты - халықтың тұрмыс деңгейін көтеру тауарлар мен қызметке халықтың өсіп келе жатқан төлемге қабілетті сұранысын қанағаттандыру үшін жағдай жасауды болжамдайды. Әлемдік тәжірибе ішкі рынокте отандық тауар өндірушілердің басым болу керектігін көрсетеді. Ол халықтың табысының өсуі, жаңа жұмыс орындарын жасау, елдің төлем

балансын және ұлттық валютаның айырбас бағамын жақсарту үшін жағдай жасайды.

Қазақстанда тұтыну рыногында төлемге қабілетті сұраныстың төмен жағдайында азық-түлік тауарларына сұранымын қамтамасыз етудің 75% отандық өндірушілер жабады, алайда халықтың табысы елеулі өскен жағдайда тауардың сапасына және өнімнің ассортиментіне деген талап импорттық тауарлар пайдасына қарай күрт өзгеруі мүмкін.

Азық-түлік емес тауарлар рыногында қазіргі кезде шетелдік тауарлар басымдық жасауда, ал халықтың табысының өсуі сұранымды азық-түлік емес тауарлар жағына қарай елеулі түрде өзгертуі мүмкін. Соның нәтижесінде макроэкономикалық жағдай айтарлықтай нашарлауы мүмкін, ол халықтың табысының өсуіне тежеу болады.

Осыған байланысты қазақстандық экономика үшін отандық кәсіпорындарында тұтыну тауарларының ассортименті мен өндіріс көлемін тезірек кеңейту міндетін шешу стратегиялық маңызды болып саналады.

Тұтыну тауарларын өндіруді дамыту жеке меншік инвестициялар есебінен жүзеге асуға тиіс. Мемлекет бірінші сатыда кейбір жүйе құрушы өндірістердің дамуына жағдай жасауы мүмкін. Мәселен, металдан және пластмассадан жасалатын тиісті материалдарды өндіруі, пластмассадан, металдан, шыныдан тауар өндіру жөніндегі инфрақұрылымдарды жасау есебінен.

Үкіметтің және облыс әкімдерінің жоспарланып отырған кезеңдегі тұтыну тауарларын өндіруді ынталандыру саласындағы жұмысы келесі бағыттарда болуға тиіс:

халықтың ақшадай табысының (жалақы, зейнетақы және жәрдемақы) экономикалық өсудің қарқынына бара-бар өсуі;

табыстың деңгейі бойынша халықтың орта табын дамыту үшін заң жүзіндегі жағдайлар жасау;

ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері, жалақының, зейнетақының және жәрдемақының ең төменгі мөлшерін көбейту;

елдің тұтыну рыногында адал бәсекені дамыту үшін жағдай жасау; шағын кәсіпкерліктің қызмет істеуінің жағдайын жақсарту;

технопарктер мен бизнес-инкубаторларды ұйымдастыру; халық тұтынатын электрондық және электр техникалық тауарларды өндіруді ұйымдастыру үшін елге шетелдік тікелей инвестициялар тарту.

Осы шаралардың бәрі де машина жасау және агроазық-түлік кешендерін дамыту бағдарламаларында нақты көрінісін табады.

Өнеркәсіпті 2003-2005 жж. дамытудың болжамдалған көрсеткіштері

8 сур .

Өнеркәсіпті 2003-2005 жж. дамытудың болжамы, өткен жылға %

(Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.)

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Жоғарыда аталған міндеттерді шешу ол үшін қолайлы жағдайлар болып тұрса өнеркәсіптік өндірістің 2003-2005 жж. Үкіметтің Стратегиялық жоспарында және Бағдарламасында белгіленген қарқынмен (орта есеппен жылына 8%) дамуын қамтамасыз етеді. Сонымен болжамдалып отырған кезеңде қазіргі кездегідей тау-кен өндіру өнеркәсібі жоғарырақ қарқынмен дамитын болады. Өңдеуші өнеркәсіпте даму қарқыны қолда бар қуаттардың есебінен өндірісті өсірудің мүмкіндігі таусылуына байланысты біраз қысқарады. Басымдықты міндеттерді шешудің нәтижесі болжам жасалып отырған кезең шегінен әрі көрінетін болады. Электр энергиясын, газды және суды өндіру мен бөлудің өсуі жалпы экономикалық өсудің қарқынына бара-бар жүреді.

Мұнай өндірудің өсуі қарқынын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар Бірінші міндет тарауында айтылған болатын.

Көмір өндірудің өсуі оны Қазақстан мен Ресейдің энергетикалық кәсіпорындары үшін жеткізуді ұлғайту есебінен болжамдалып отыр. Ресейге Екібастұз ГРЭС-2 ден электр энергиясының экспорты көбейетін болады.

9 сур.

Мұнайды және көмірді 2003-2005 жж. өндірудің болжамы, 2000 ж. %

(Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.)

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

10 сур .

Түсті металдарды өндірудің болжамы, 2000 ж. %

(Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.)

Ақпарат көзі: Энергетика және минералдық ресурс министрлігінің болжамы

Соңғы жылдары түсті металлургияның шикізат базасын дамытуға инвестицияның елеулі көлемде қысқаруы салдарынан көптеген металдарды өндірудің өсуі шектеулі. 2003-2005 жж. Балхаш қаласында "Қазахмыс" ААҚ мырыш зауытының және Шымкент қаласында "Южполиметалл" ЖАҚ мырыш зауытының салынуы есебінен тек металдық мырышты өндіруді ұлғайту болжамдалуда. Бұл Жезқазған және Шалқы кенорындарының мырышы бар рудасын өңдеуге тартуға мүмкіндік береді.

Мыс өндіру 422 мың тонна деңгейінде тұрақтанатын болады.

Рафинадалған қорғасынды өндіру 2002 ж. 7%-ке өседі, одан кейінгі жылдары 160 мың тонна болады.

11 сур.

Машина жасау өндірісінің дамуының болжамы

(Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.)

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Машина жасау өнімінің орта өсу қарқыны жылына 3-4% деңгейінде болжамдалуда. 1999-2001 жылдардағы қауырт өсумен салыстырғанда даму қарқыны төмендейтін болады. Бұл қолда бар қуаттар базасында және бұрынғы ассортиментінде өнім өндіруді дамытудың мүмкіндіктерінің таусылуымен түсіндіріледі. Көлік жабдықтарын өндіру жоғарырақ қарқынмен дамиды болады. Бұл көлік саласында импортты алмастыру саясатын тереңдете түсумен байланысты.

12 сур.

2003-2005 жж. электр энергиясын өндірудің болжамы, өткен жылға %

(Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.)

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Электр энергиясын өндірудің өсу қарқыны болжамдау әдістемесі бойынша ЖІӨ серпініне барынша жақын болуға тиіс. Соңғы жылдары Статистика жөніндегі агенттіктің есептерінде көрсеткіштердің бұл өзара байланысы үй шаруашылығындағы тауарлар мен қызметтің үлесінің көбеюі салдарынан бұзылып кетті. Электр энергиясын 2003-2005 жж. өндірудің жылдық орта өсімі 6% көлемінде болжамдалуда.

Өнеркәсіптің қалған салалары өнім өндіру көлемін олардың өнімдеріне деген сұранымға сәйкес, негізінен, ішкі рынокта өсіретін болады (жылына орта есеппен 5-6%)

Болжам жасалып отырған кезеңде өнеркәсіп өндірісінің құрылымында айтарлықтай құрылымдық өзгерістер болмайды. Бұл 2003 ж. басынан бастап басымдық салаларды дамытуға бағытталған ірі инвестициялық жобалар жоқтығымен, ал мұнай және газ өндіретін өнеркәсіпте өндірістің дамуы жұмыс істеп тұрған қуаттарды пайдалануды жақсарту және оңды қуаттарды іске қосу есебінен болатынымен байланысты. Соның салдарынан тау-кен өндіретін саланың өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі үлес салмағы 2002 ж. 45%-тен 2005 ж. 47%-ке дейін өседі, ал өңдеуші өнеркәсіптікі 3,3%-ке кемиді.

9 кесте

Өнеркәсіп өндірісінің құрылымының 2003-2005 жж. болжамы

	2001	2002	2003	2004	2005
Тауарлы өнім, барлығы	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0
Тау-кен өндіру	44,2	45,0	44,0	44,3	47,9
одан мұнай өндіру	38,1	38,9	37,8	38,2	41,9
Өңдеуші	47,0	46,7	47,4	47,0	43,7
одан металлургия	18,9	18,5	18,2	17,6	16,2
машина жасау	3,2	3,3	3,6	3,8	3,6
Ауыл шаруашылығы	14,3	14,4	14,8	14,8	13,4
ө н і м д е р і н		ө н д е у			
Тоқыма және тігін	2,0	2,0	2,1	2,1	2,0
Мұнай өңдеу, кокс	4,2	4,1	4,2	4,1	4,1
Химия және мұнайхимия	1,2	1,3	1,3	1,3	1,3
Электр энергиясын,	8,8	8,3	8,6	8,6	8,4
г а з д ы ж ә н е		с у д ы		ө н д і р у	
ж ә н е		б ө л у			
одан электр энергиясы	3,6	3,5	3,6	3,7	3,6

Өнеркәсіптің қаржы-экономикалық көрсеткіштері (жобалау кезіндегі бағалармен және қазір күшіндегі салық және кеден тәртібімен) келесі көлемде болжамдалады:

10 кесте

Қазақстан Республикасының өнеркәсібінің қаржы-экономикалық көрсеткіштерінің болжамы, млрд. теңге

	2001	2002	2003	2004	2005
Тауарлы өнім	1985,0	2196,7	2382,6	2649,6	3064,8
Сатудан алынатын табыс	1793,5	1979,4	2143,5	2385,8	2781,0
Өнімнің өзіндік құны	1039,6	1138,4	1240,8	1379,0	1573,1
Еңбекке төленетін ақы	174,9	191,4	208,6	240,8	275,3
Материалдық шығындар	834,2	915,5	997,1	1107,9	1264,8
Сатумен және жарнамамен	401,6	444,9	479,5	534,6	634,3
б а й л а н ы с т ы		ш ы ғ ы с т а р			
Салық салынғанға дейінгі	352,4	396,2	423,2	472,2	573,6
т а б ы с					

соның ішінде,	113,9	127,0	136,4	152,1	182,2
к о р п о р а т и в т і к					
			с а л ы қ		
Жеке бастың табыс салығы	19,7	21,8	23,6	26,2	30,6
әлеуметтік салық	38,7	42,4	46,2	51,4	58,8
Жер салығы	1,9	2,1	2,3	2,5	2,9
Мүлікке салық	9,6	10,6	11,4	12,7	15,1
Көлікке салық	0,4	0,5	0,5	0,6	0,6
ҚҚС	56,2	61,2	66,9	74,4	84,3
Акциздер	17,4	19,1	21,0	23,2	25,2
жер қойнауын	24,1	27,0	27,7	32,3	39,7
п а й д а л а н ғ а н ы					
			ү ш і н		
Басқадай міндетті төлемдер	13,8	15,1	16,4	18,3	21,5
Кедендік төлемдер	10,6	11,7	12,8	14,2	15,9
Басқадай төлем түрлері	19,6	21,6	23,5	26,1	30,0
Өнеркәсіптің таза табысы	238,5	269,1	286,8	320,1	391,4

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Болжамның базасы ретінде Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі Агенттігінің "Қазақстан Республикасының кәсіпорындарының (ұйымдарының) 2001 жылғы негізгі қаржы көрсеткіштері" атты статистикалық жинағы алынды. Өнеркәсіптің негізгі үш саласынан 2003 жылдың басында электр энергиясын, газды және суды өндіру және бөлу саласы зиян шегуші болып табылады. Өнеркәсіптің бұл саласының қызметіне тарифтерді көтеру проблемасы елдің көптеген кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігі мен қаржы жағдайының, сондай-ақ халықтың төлем қабілетінің нашарлау қаупімен байланысты. Бұл саланың шығындарының қайтымының және таза пайдамен жұмыс істеуінің мәселелері жоспарланып отырған кезеңде, мемлекеттік тариф саясатының шеңберінде кешенді түрде шешілетін болады.

6 ТАРАУ. АГРОАЗЫҚ-ТҮЛК САЯСАТЫ

Аграрлық сектор ауыл шаруашылық кәсіпорындарының тиімді дамуын, ауылды (селоны) коммуналдық, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан жайғастыруды қамтамасыз етуге тиіс жаңа даму кезеңінің алдында тұр.

Аграрлық сектордағы экономикалық өзгерістер саясаты бұл саланың проблемаларын шешуге мемлекеттің сапа жағынан жаңа әдістерді қолдануын талап етеді. Бұл жұмыс агробизнестің ұтымды құрылымы мен инфрақұрылымын қалыптастыруға, агротехнологияның деңгейін көтеруге, ауыл шаруашылық өндірісінің маркетингтік стратегияға көшуіне, ішкі және сыртқы рынокта өнімнің бәсекеге

қабілеттілігін көтеруге, азық-түлік тауарларын жаңа рыноктарға жылжытуға сүйемелдеу көрсетуге байланысты болады.

Қазақстанның алдағы уақытта ДСҰ, қосылуына байланысты ел мүддесіне зиян келтіртпейтін және қазақстандық өнімдердің әлемдік рыноктарға ене алатындығын нақты жақсартуды, және елдің аграрлық секторының тиімді дамуының мүмкіндігін қамтамасыз ететін халықаралық сауданы ұйымдастыру үшін оңтайлы жағдайларды жасау мәселесі шешілетін болады.

Аграрлық саясаттың мақсаттары мен міндеттері

2003-2005 жж. агроазық-түлік саясатының негізгі мақсаты агроөнеркәсіп кешенінің тиімді жүйесін қалыптастыру және бәсекеге қабілетті өнім өндіру негізінде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Агробизнесінің тиімді жүйесін қалыптастыру жөніндегі міндеттерді шешудің жолдары

1 міндет. Жер қатынастарын дамыту

Жер қатынастары төңірегіндегі проблемаларды шешу ауыл шаруашылық жерлеріне жеке меншік енгізу жөніндегі Жер Кодексінің қабылдау арқылы жүргізілетін болады. Бұл жерді рынок айналымына енгізуді, ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілердің несиелі ресурстарына қол жетуін өсіруді, жерді пайдалануды жақсартуды, салық салудың арнайы тәртібін сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жер Кодексінің қабылдаған соң төмендегілер қамтамасыз етілетін болады:

- ауыл шаруашылық жерлерінің құнарлығын сақтау және көтеру бойынша жерді тиімсіз пайдаланғаны үшін жауапкершілік тетігін енгізу;
- жерді бөлудің күшіндегі заңдарға сәйкестігіне тексеру жүргізу;
- жер учаскелерінің бағаламалы құнын анықтаудың әдістемесін жетілдіру: барлық аймақтарда бонитетті бағалаудың 4 туры жүргізу, елдің экономикасының жағдайын ескере отырып топырақтың типтері мен подтиптері үшін капиталдау ставкасын жіктеу;
- жерді кепілге салған кездегі несиенің ипотекалық пошымын және несиелі тетігі арқылы жерді пайдалану құқығын пайдалана отырып аграрлық сектордағы қаржы-несиелі қатынастарын жетілдіру.

2 міндет. Ауыл шаруашылық су пайдаланудың тиімді жүйесін қалыптастыру

Қазіргі кезде ауыл шаруашылық су пайдалануда келесі проблемалар тұр:

- ауыл шаруашылық су пайдалануды, ирригациялық құрылыстарға меншік қатынастарын реттеуші заң базасының жоқтығы;
- суды жеткізу жөніндегі қызметтің құнының жоғары болуынан және ауыл шаруашылық дақылдарын өсірудің прогрессивті су үнемдейтін технологияларын енгізуде артта қалудан республиканың оңтүстік облыстарының шаруашылықтарында 408 млн. теңге көлемінде дебиторлық төленбеген қарыз пайда болды, мұның өзі ауыл

шаруашылық су қолданушыларға қызмет көрсетуші шаруашылық субъектілердің қызметін зиянды жасайды;

ирригациялық құрылыстардың тозығының жоғары деңгейіне бола суарушы жүйелердің КПД-сі нормативтік көрсеткіштен екі есе төмен; оңтүстік облыстарды сумен жабдықтаудың трансшекаралық өзендер суын бөлудегі мемлекетаралық қатынастардың реттелуіне тәуелділігі.

Суды пайдалану жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар

Суды пайдаланудың ұтымдылығы мен тиімділігін көтеру шеңберіндегі жұмыс заңды жетілдіру, мемлекеттік қаржылық қолдау және су пайдаланудың тиімділігін көтеру бағытында жүзеге асырылатын болады. Осы бағыттарға сәйкес ұйғарылады:

суды пайдаланушы бірлестіктерді құру және олардың қызмет істеуі жөніндегі нормаларды ескере отырып Қазақстан Республикасының Су кодексінің жаңа редакциясын әзірлеу;

су үнемдейтін технологияны енгізуді және өсімдіктердің жоғары өнімді сорттарын өсіруді ынталандыру шеңберінде мемлекеттік саясат жүргізу;

мемлекеттік, су шаруашылық, пайдаланушы ұйымдардың суды жеткізіп беру жөніндегі толық төленбейтін шығындарын олардың таза пайдалы жұмысын қамтамасыз ететіндей республикалық бюджеттен жәрдемақымен жабу;

шаруашылық каналдардың ерекше апатқа ұшарлық учаскелері мен гидромелиоративтік ғимараттарын салуды жобалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті жүргізетін мемлекеттік мекеме пошымында "Казагромелиоводхоз" әдістемелік орталығын құру;

су шаруашылық жүйесі мен ғимараттардың инженер-су техниктерін, инженер-құрылысшыларын 20-25 адам санында даярлауды ұйымдастыру;

Орта Азия елдерінің (төрт жақты) мемлекетаралық су-энергетикалық консорциумын құру;

елдің оңтүстік аймағын сумен және электр энергиясымен қамтамасыз ететін, гидротехникалық құрылыстар кешенін бірлесіп иелену мәселесі бойынша Қырғыз Республикасымен жұмысты жалғастыру.

3 міндет. Өсімдік шаруашылығының өнімділігін көтеру және оның экспорттық мүмкіндіктерін кеңейту

Өсімдік шаруашылығының проблемалары негізінен агротехникалық жұмыстарды ұйымдастырудың төменгі деңгейіне, көптеген ауыл шаруашылық кәсіпорындардың қаржы жағынан қауқарсыздығынан ауыл шаруашылығының рыноктық инфрақұрылымының дамымағандығына байланысты.

Аса көкейкесті проблемалар қатарына мыналарды жатқызуға болады: дәнді дақылдарды олардың түрлері бойынша орналастыру аймақтардың топырақ-климат жағдайларының ерекшеліктерін және рынок конъюнктурасын ескермей жүргізіледі; агротехникалық шаралардың көпшілігі және ұсынылған ауыспалы егістер сақталмайды

Қазіргі кезде тұқым қорының негізін 3 класты дән құрайды, бұл өнім сапасына және оның бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсерін тигізеді. Табыстылығы жоғары дақылдар (сафлор, соя, бұршақ-тұқымды дәнді дақылдар) өндіріске аз енгізіледі. Ауыл шаруашылық техникасы және өсімдіктерді өсіру технологиясы түбегейлі жаңартуды т а л а п е т е д і .

Өсімдік шаруашылығының өнімділігін арттырудың және оның экономикалық тиімділігін көтерудің шаралары ретінде 2003-2005 жж. агроазық-түлік бағдарламасында мыналар қаралған:

ауыл шаруашылық дақылдарының табысты түрлерінің (бұршақ тұқымдастар, жарма дақылдары, майлы, техникалық, дақылдар, мал жеміндік дақылдар, бидайдың қатты сорттары, сыра қайнатуға пайдаланатын арпа) егістік жерлерін кеңейту, әсіресе солтүстік аймақта, сондай-ақ жеміс ағаштары мен жүзімнің көлемін кеңейту; егістік жердің құрылымы аймақтардың табиғи-климаттық жағдайларына б е й і м д е л е д і ;

күздік бидай мен қара бидайдың егістігі Қазақстанның батыс аймағында (Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында) ұлғаяды;

қатты бидайдың егістігі Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында ұ л ғ а я т ы н б о л а д ы ;

мал жеміндік және бұршақ тұқымды дақылдар егістігі Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында ұ л ғ а я д ы ;

жарма және майлы дақылдардың егістігі Шығыс Қазақстан және Павлодар о б л ы с т а р ы н д а к е ң е й е д і ;

дәнге өсірілетін жүгерінің, сояның және қант қызылшасының егістігі Алматы және Ж а м б ы л о б л ы с т а р ы н д а ұ л ғ а я д ы ;

сафлордың егістігі Оңтүстік Қазақстан облысында ұлғаяды; табысты дақылдардың тұқымын өндіруді қолдау - соны және элиталық дәнді дақылдар, майлы дақылдар, мақта, қант қызылшасы, картоп, біржылдық және к ө п ж ы л д ы қ ш ө п т е р ;

"Тұқым шаруашылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын және тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті реттеуші заң күшіндегі нормативтік құқықтық а к т і л е р д і ә з і р л е у ;

топырақты әзірлеуден өңдеуші кәсіпорындардың дайын өнімін сатуға дейінгі аралықты түгел қамтитын стандарттар жүйесін жетілдіру;

село тауар өндірушілері минералдық тыңайтқыштарды, улағыш заттарды және гербицидтерді сатып алуына мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен берілетін ақшалай ж ә р д е м н і ң к ө л е м і н к е ң е й т у ;

отандық және шетелдік өндірістің техникаларын және қосалқы бөлшектерін сатып алуға одан соң ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне лизинг жасауға несие беру;

қызметтің алғашқы кезеңінде мемлекеттік құрылымдардың қатысымен, кейіннен мемлекеттің үлесін бәсекелес секторға сатумен сервис орталықтары мен МТС-ның тиімді пошымдарын құру жөніндегі пилоттық жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру;

аса қауіпті зиянкестер мен өсімдік ауруларымен күрес жөніндегі фитосанитарлық шаралардың бүкіл кешенін толық көлемде жүргізу;

Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) талаптарына сай өсімдіктер карантині жөніндегі Еуропалық және жерорта теңізінің ұйымдарына кіру.

4 міндет. Мал шаруашылығының өнімділігін көтеру және оның экспорттық мүмкіндіктерін кеңейту

Қазақстандағы мал шаруашылығын дамытудың тиімділігінің проблемалары асыл тұқымды малдардың табынын, оларды күтуді жақсартумен, шабындықтар мен жайылымдарды дамытумен, малды өсірудің алдыңғы, жоғары өнімді технологияларын енгізумен байланысты. Мұнда маңызды рөлді саланың инфрақұрылымы атқарады - ветеринария, сауда-сатып алу ұйымдары, мал азығын, машиналар мен жабдықтарды ө н д і р у .

Соңғы жылдары бағалы генофондтың (гендік қордың), әсіресе сирек кездесетін және мал басы аз, алдағы уақыттағы селекция жұмысы үшін қажет тұқымдардың құрып кету қаупі туды, мұның өзі ғалымдар мен практиктердің көпжылдық еңбегі нәтижесінде жасап шығарған отандық мал тұқымдары мен түрлерінің азғындауына ә к е л і п с о ғ а д ы .

Мал шаруашылығын қолдаудың мемлекеттік шаралары жоспарланып отырған кезеңде мыналарды қамтамасыз ететін болады:

асыл тұқымды малдарды сатып алуға село тауар өндірушілердің көпшілігінің қолы ж е т е т і н д е й б о л у ы ;

сатылатын асыл тұқымды жас малдарды біраз арзандату (50%);

сатылатын тұқымдық жұмыртқаны біраз арзандату (50%);

бұқалардың сатылатын ұрығын біраз арзандату (50%);

тұқымдық бұқаларды сатып алуға және күтуге жұмсалатын шығындарды, сондай-ақ олардың ұрығын сақтауға және мүйізді ірі қара шаруашылығы бойынша тұқымдық орталық үшін арнайы жабдықтар сатып алуға жұмсалған шығындарды толық өтеу;

саны азайған және жоғалуға айналған тұқымдық малдардың құнын және селекциялық-генетикалық орталықтарда коллекциялық табындарды құру үшін сатып алынған технологиялық арнайы жабдықтардың құнын толық өтеу.

Облыс әкімдерінің іс-әрекеті мыналарды ұйғарады:

1. Сүт өндіру жөнінде:

ірі қалаларға жақын жерлерде және аудан орталықтарында сүт өндіруді сапаға және өнімді ішкі рынокке жөнелтуге бағдарлау. Осы мақсатта тұқымы нашар малды жоғары өнімді малдармен айырбастау, ол үшін сиырларды жақсартушы тұқымдардың тұқымдық орталықтардағы бұқалардың ұрығымен қолдан ұрықтандыруды кеңінен

қ о л д а н у .

2. Сиыр етін өндіру жөнінде:

сиыр етін өндіруді шығынды аз жұмсайтын технологияға бағдарлау, яғни ішкі және сыртқы рыноктардың сиымдылығын ескере отырып малдың ет бағытындағы маманданған тұқымын барынша көбірек және табиғи жайылымдардың экологиялық мүмкіндіктерін пайдалану.

3. Қой шаруашылығы бойынша:

тірі күйінде немесе жас қозы еті түрінде экспортқа бағдарланған маманданған етті-майлы және қаракөл қой тұқымдарын өсіру, сондай-ақ сыртқы рынокқа бағдарланған меринос жүнді өндіру үшін маманданған биязды жүнді қой тұқымдарын дамыту.

4. Шошқа шаруашылығы бойынша:

ішкі рынокке бағытталған, маманданған шаруашылықтардың біртіндеп дамуына бағдарланған шошқа етін өндіру.

5. Жылқы шаруашылығы бойынша:

жылқының отандық селекциясының маманданған тұқымдарын және жайылымдарды пайдалануды ескере отырып ішкі рыноктың қажетін жылқы етімен және қымызбен қамтамасыз етуге, сондай-ақ тұқымдық спорттық жылқы шаруашылығын дамытуға бағыттау.

6. Түйе шаруашылығы бойынша:

малдың бұл түрінің өнімін өндіруді (ет пен шұбат) шектеулі сұранымға байланысты ең алдымен ішкі рынокке және тұқымдық түйе шаруашылығын дамытуға бағдарлау.

7. Құс шаруашылығы бойынша:

құс еті мен жұмыртқаны өндіруді ішкі рыноктың сұранымын қанағаттандыруға және импортты шеттетуге бағыттау. Бұл саланы дамыту үшін "Алтын құс" негізінде ет бағытындағы құстың тұқым базасын қалпына келтіру жөніндегі жұмысты жалғастыру және маманданған кросстар негізінде жұмыртқа беретін құс шаруашылығын қалпына келтіру жұмысын бастау қажет.

Малдәрігерлік-профилактикалық, эпизоотияға қарсы және малдәрігерлік-диагностикалық шараларды жүзеге асыру бойынша:

жыл сайынғы жоспарлы малдәрігерлік-профилактикалық, эпизоотияға қарсы және малдәрігерлік-диагностикалық шараларды толық көлемде жүргізу үшін қаржы қаражатты өз уақытында бөлу;

малдәрігерлік биологиялық және фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту, өндірісі қамтамасыз етілмеген малдәрігерлік биологиялық препараттарды, паразиттарға қарсы және дезинфекция (зарарсыздандыру) жасайтын құралдарды, антибиотиктерді, дәрілік фармакологиялық препараттарды өндірудің жоғары технологиясын енгізу;

селолық және поселкелік округтерде жұмыс істейтін малдәрігерлік инспекторлардың санын республикалық бюджет есебінен 2319 адамға дейін жеткізу

қажет, ол үшін республикалық бюджеттен 999 малдәрігерлік инспекторларды ұстауға қосымша қаржыландыру керек;

бүгінгі күнге эпизоотиялық жағдай ауыл шаруашылық мал басының 80% астамы ауыл шаруашылық малдардың жұқпалы ауруларына қарсы міндетті түрдегі иммунитеттендіруден өтуін және барлық мал басы аса қауіпті жұқпалы ауруларға қарсы диагностикалық зерттеулерден өтуін талап етеді;

малдәрігерлік-фитосанитарлық күзет орындары мен пункттерді өз қызметтерін мемлекеттік шекарада жүзеге асыратын басқа мемлекеттік бақылаушы органдармен бірге бірыңғай кешен-терминалдарда орналастыру туралы мәселені түбегейлі шешу және оларды байланыс құралдарымен, оргтехникамен, көлікпен және жабдықтармен қамтамасыз ету;

малдәрігерлік лабораторияларды техникалық жабдықтау үшін Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) талаптарына сай келетін қазіргі заманғы жабдықтар мен аппараттарды 806546,5 мың теңгеге сатып алу;

малды маманданбаған, тиісті лицензия алмаған жерлерде союға тыйым салатын заң нормаларын енгізу арқылы мал союды ұйымдастыруды тәртіпке келтіру;

малдәрігерлік отандық нормалар мен стандарттарды олардың ДСҰ талаптарына сай болуы мақсатында халықаралық малдәрігерлік нормативтермен үйлестіру.

2005 ж. аяғындағы агроазық-түлік кешенінде бәсекеге қабілетті өнім өндіру үшін базалық жағдайлар жасалуы, азық-түлік қауіпсіздігінің тұрақты жүйесінің тетіктері әзірленуі, өндіріс пен сатудың балансталған рыноктары қалыптасуы, экспорттық мүмкіндіктердің ұлғаюы тиіс. Агроөнеркәсіп кешені қазіргі заманғы өндіріс және әлемдік сауданың талаптарына сай келуге тиіс. Мемлекеттік агроөнеркәсіптік саясаттың 2003-2005 жж. негізгі мақсаты агроөнеркәсіп кешенінің тиімді жүйесін қалыптастыру және бәсекеге қабілетті өнімді өндіру негізінде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Аграрлық сектордің дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттік қаржы ресурстары

Экономиканың дамуының болжамдалып отырған қарқынына сәйкес ауыл шаруашылық кәсіпорындарының қызметінің қаржылық нәтижесі келесідей: (есепке алынған кәсіпорындардың аясы бойынша), млрд. теңге:

11 кесте

	2001	2002	2003	2004	2005
Сатудан түсетін пайда	87,4	89,7	95,1	99,9	101,3
Өнімнің өзіндік құны	76,9	78,9	83,6	87,9	89,1
Еңбекке төленген ақы	14,4	14,8	15,7	16,5	16,7
Материалдық шығындар	56,4	57,9	61,3	64,5	65,3

Сатумен және жарнамамен байланысты	6	6,1	6,5	6,8	6,9
Салық салынғанға дейінгі табыс	4,6	4,7	5,0	5,2	5,3
Бюджетке төлемдер, барлығы	7,8	8,0	8,5	8,9	9,0
Таза табыс	4,1	4,2	4,5	4,7	4,8

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі
Агенттіктің есеп көрсеткіштері негізінде

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрлігі

Ауыл шаруашылық өндірісін дамытудың болжамы

13 сур.

Ауыл шаруашылық өнімін өндірудің өзгерісінің болжамы, өткен жылға %
(Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.)

Ақпарат көзі: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрлігі

2003-2005 жж. ауыл шаруашылығындағы өндіріс көлемі жылына 3%-тей қарқынмен
өсетін болады. Сонымен өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының
өнімдерінің өсу қарқыны іс жүзінде теңесетін болады.

Астық өндірудің болжамы, мың тонна

14 сур.

(Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.)

Ақпарат көзі: Агроазық-түлік бағдарламасы

Болжам жасалып отырған кезеңде астық өндіру көлемі 2001 ж.
15,9 млн. тоннадан 2005 ж. 14 млн. тоннаға дейін қысқарады. Сонымен 2002 ж. оны
өндіру 12 млн. тоннаға дейін төмендеп, сонан соң біртіндеп ұлғаюы басталады.
Өндірілетін астықтың жалпы көлеміндегі бидайдың үлесі 2001 жылғы 80%-тен 2005 ж.
78,6%-ке дейін төмендейді. Бұршақтұқымдастардың, жүгерінің, майлы дақылдардың
үлесі артады, бұл құрама жем мен өсімдік майын өндіруді арттыруға мүмкіндік береді.
Дәнді дақылдардың сапасын көтеру есебінен экспортқа шығаратын өнім тиісінше 3,3
млн. тоннадан 5,5 млн. тоннаға дейін өседі.

15 сур.

Мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің болжамы, бұрынғы жылға %
(Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.)

Ақпарат көзі: Агроазық-түлік бағдарламасы

Мал шаруашылығының негізгі өнімдерін шығару жылдық орта өсімінің қарқыны 3,2% көлемінде болжамдалып отыр. Жұмыртқа өндіру жоғарырақ қарқынмен көбейетін болады.

7 ТАРАУ. ӘЛЕУМЕТТІК САЛА МЕН СЕЛО ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ Мақсаттар мен міндеттер

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 ж. дейінгі кезеңге әлеуметтік-экономикалық саясатының басты басымдықтарының бірі ауылдағы (селодағы) тұрмысты дұрыстандыру мен жақсарту жөніндегі шараларды жүзеге асыру болып табылады. Бұл басымдықты жүзеге асыру селоның әлеуметтік саласының және инфрақұрылымның даму бағдарламасы арқылы жүргізіледі.

Аталған бағдарлама агроазық-түлік бағдарламасын бірге Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына сәуірдегі (2002 ж.) жолдауында анықталған міндеттерді шешуді қамтамасыз етуі тиіс.

Ауыл (село) өмірін жақсарту ісіндегі басты мақсат - селоның әлеуметтік саласы мен инфрақұрылымын дамыту арқылы село халқының дұрыс тіршілік әрекеті үшін жағдай жасау деп анықталған.

Негізгі міндеттерге жататындар:
селолық жердегі инфрақұрылымды дамыту;
әлеуметтік және мәдени мекемелердің қызмет істеуін қамтамасыз ету;
жұмыспен қамту проблемасын бәсеңсіту және халықты әлеуметтік қорғау.

1 міндет. Селолық жердегі инфрақұрылымды дамыту

Жолдарды және көлік қатынастарын дамыту

Облыстарда және республикалық маңызы бар жолдар бойында автомобиль жолдарын салу, жөндеу және күтіп ұстау үшін жоғары сапалы табиғи мұнайбитумын және жергілікті руда емес жол құрылысына керекті материалдарды өндіретін зауыттар салуды қамтамасыз ету ұйғарылуда.

Жолды пайдалану шеңберінде мыналар қарастырылады:
жергілікті жолдарды және жолаушы көлігі жүретін маршруттарды жақсы жағдайда ұстап тұру;

автокөлік жүрісінің қауіпсіздігі және селодағы жол-көлік оқиғалар санын азайту бойынша шаралар қабылдау;

жүк, жолаушылар тасымалын қамтамасыз ететін жол құрылысы және жергілікті жолдарды жөндеу жөніндегі жұмыстарға оңтайлы инвестиция жасау бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

Көлікпен қамтамасыз ету проблемаларын шешу селолар мен аудан орталықтары

арасында автобус қатынасының тұрақты қызмет етуін жасауды, сондай-ақ жергілікті маңызы бар жалпылама пайдаланылатын жолдарды салу мен қайта жаңартуды ескереді .

Халықтың қажетін және селолық елді мекендерде көлік аялдамаларын толық ойластыруды ескере отырып әрбір селолық аудан бойынша автобус маршруттарының схемасын жасау ұйғарылып отыр .

Ашық тендерлер негізінде жолаушыларды тасымалдау үшін меншіктің әртүрлі пошымындағы жолаушы көліктерінің иелерін кеңінен тарту ұйымдастырылатын болады.

Селолық елді мекендерді энергиямен, газбен және сумен қамтамасыз ету

Селоны электрмен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету үшін төмендегілер қарастырылады :

қазіргі бар селолық электр желісін жұмысқа қабілетті күйде ұстап тұруды қамтамасыз ету. Халықты және селолық елді мекендердің әлеуметтік саласының объектілерін электр энергиясымен тоқтаусыз жабдықтау үшін электрді жеткізетін желілер мен энергетикалық жабдықтардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеу ;

селолық жерлерде электр энергиясын есептеудің қазіргі заманғы жүйесін енгізуді қамтамасыз ету ;

елдің батыс және оңтүстік батыс аймақтарында ілеспе және табиғи газбен жұмыс істейтін газ турбиналық қондырғылардың құрылысын қарастыру; энергияның дәстүрлі емес көздерін, оның ішінде күн, жел (шағын ГЭСтар), енгізу бағдарламасын әзірлеу, әсіресе шалғайдағы селолық елді мекендер үшін.

Селолық елді мекендерді газбен қамтамасыз ету шеңберінде мыналар қараған: село қажетін өтеу мақсатында елдің мұнай өңдейтін зауыттарында сұйытылған газ шығаруды ұлғайту. Селолық жерлерде газ құйып беретін орталықтандырылған пунктердің және баллон айырбастаудың техникалық жабдықталуын көтеру;

Жаңажол мұнайгаз кен орнындағы газ өңдейтін зауытты 2002 ж. қайта жаңарту және осы кен-орнындағы ілеспе газды қайта өңдеу есебінен Ақтөбе облысының селолық елді мекендерін газдандыруды жүзеге асыру;

Жамбыл облысындағы Амангелді тобы кен орнын аяғына дейін барлау, игеру және әзірлеу есебінен Оңтүстік Қазақстан облысының селолық елді мекендерін газдандыруды жалғастыру, бұл 2003 ж. аяғына дейін оңтүстік аймақтардың селолық тұтынушыларын өз газымен қамтамасыз етуді жақсартады;

Батыс Қазақстан облысының Ақжайық, Бөрлі, Зеленовский, Жанғалы, Жәнібек, Қазтал және Таскала аудандарының елді мекендерін газдандыруды аяқтау.

Село халқын таза ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында қаралған: санация процедурасын жүргізу жолымен сумен жабдықтау және канализация жүйесінің кәсіпорындарын қаржылық сауықтыруды жүргізу;

сумен жабдықтау және канализация жүйесінің объектілерін қайта жаңартуды және техникалық қайта жабдықтауды 2004 жылдың аяғына дейін жүзеге асыру;
2002 жылдың аяғына дейін жергілікті атқарушы органдар деңгейінде қатты ластануға ұшыраған аудандарда суды тазалау және жеткізу мәселелерін шешу;
сумен жабдықтаудың жергілікті коммуналдық жүйесін қайта жаңғырту үшін басымдықты қаржыландыру тетіктерін әзірлеу;
суық суды тұтынуды есепке алатын жеке приборлар орнату;
тұрғын үйлерді және жылу жүйелерін күрделі жөндеу жасаған кезде пенополимербетон және пенополимер қоспасы негізінде зауытта жасалған жылу изоляциялайтын (айыратын) материалдарды қолдану есебінен құрылыс конструкциялары мен су таратушы құбырларды жылылауды жүргізу;
табиғатты қорғау шараларын ескере отырып су жүргізетін кәсіпорындардың экономикалық тұрақтылығы жөніндегі шараларды анықтау;
халқы аз және шалғай селолық мекендерде сумен жергілікті көздер есебінен (жер асты тұщы сулар, тұщыландырылған минералды сулар) жабдықтауды жақсарту.

Байланыс құралдарын дамыту

Селолық жерлердегі байланыс жүйесінің тоқтаусыз жұмысын қамтамасыз ету келесі шаралар есебінен қаралған:

селода қазіргі кезде бар байланыс жүйесін және қосу желілерін жетілдіру және жаңаларын салу;

ұлттық ақпараттық супермагистралдың талшықты-оптикалық байланыс желісіне (бұдан әрі ТОБЖ) шығумен цифрлық зоналық желіні ұйымдастыру, салынып жатқан ТОБЖ трассасы бойындағы селолық елді мекендерде ұқсас автоматикалық телефон станцияларын (бұдан әрі АТС) цифрлыққа айырбастау арқылы;

селолық жерде АТС-тың цифрлық монтаждалған сиымдылығын көбейту. Қазіргі кездегі байланыс құралдарын пайдаланып шалғайдағы телефондандырылған селоньң санын 350 жеткізу;

селолық жерде жұмысын тоқтатып қойған 27 АТС қалпына келтіру;
электрмен жабдықтаудың проблемалары бар 300 телефондандырылмаған селода таяу жерде жұмыс істеп тұрған телефон станцияларынан сөйлесетін пункттер ұйымдастыру;

абоненттер санын 1500 ден 12000 ға дейін көбейте отырып байланыстың сапалы қызметін ұйымдастыру үшін абоненттік кіру (PCM технологиясы) шеңберінде аса жаңа технологияларды қолдануды кеңейту;

790 селолық АТС-ті қайта жаңғырту және байланыс жабдықтарын жаңарту жолымен село абоненттерінің автоматтық халықаралық телефон байланысының (АХТБ) қызметіне кеңірек қолы жетуін қамтамасыз ету;

селода карточкалы таксофондар санын көбейту;
селолық жердегі телефон жиілігін 100 тұрғынға есептегенде 6,0 ға дейін өсіруді қамтамасыз ету және телекоммуникацияның селолық желісінде цифрлы телефон номерінің үлесін 15% жеткізу;
селода жұмыс істеуге тілек білдіретін байланыстың тәуелсіз операторларының желісін жасау.

2 міндет. Әлеуметтік және мәдени мекемелердің қызметін қамтамасыз ету

Медициналық қызмет көрсету

Село халқын кепілді алғашқы медициналық-санитарлық көмекпен қамтамасыз ету, село және қала халқына медициналық қызмет көрсету деңгейін жақындату басымдық сапасы болып қалады. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек селодағыларға олардың тұрғын жеріне қарамастан толық көлемде көрсетілуге тиіс.

Селодағы медициналық мекемелер фельдшерлік пунктін, фельдшерлік-акушерлік пунктін, селолық учаскелік аурухананың, отбасылық дәрігерлік амбулаторияның (ОДА) жұмысын қамтамасыз ететін заң жүзінде дербес алғашқы медициналық-санитарлық көмек (АМСК) орталықтары түрінде көрінеді. Аудан орталықтарында аралас поликлиникалар олардың базасында АМСК орталықтарын құрғанға дейін сақталады, АМСК орталықтарының дәрігерлерінің қызметі жалпы тәжірибе дәрігері/отбасы дәрігері бағдарламасы бойынша білімі мен дағдысы тереңдеген сайын біртіндеп кеңейт
б е р м е к .

Денсаулық сақтаудың материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі шаралар жүзеге асырылатын болады, барлық селолық ОДА және учаскелік ауруханаларды автомобиль көлігімен қамтамасыз ету, электр энергиясымен, жылумен, байланыс құралдарымен, қажетті қазіргі заманғы жабдықтармен, шығыстайтын материалдармен және дәрілік препараттармен жабдықтау.

Селолық денсаулық сақтауды қаржыландыруды стационарлық көмектен амбулаторлық-поликлиникалық көмекке қайта бағдарлау жүргізілетін болады.

Селолық денсаулық сақтаудағы кадр саясаты жалпы тәжірибе дәрігерлерін/отбасы дәрігерлерін даярлауға бағдарланатын болады. Медициналық оқу орындарында мамандар дайындауға мемлекеттік тапсырыс селолық денсаулық сақтаудың қажетін ескеріп қалыптасатын болады. Мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқитын медициналық оқу орындарын бітірушілерді денсаулық сақтаудың селолық ұйымдарына бөлу қалпына келтірілетін болады.

Селолық жердегі медицина қызметкерлеріне және бірінші кезекте жас мамандарға кәсіби қызметі үшін жағдайлар жасалатын болады, жергілікті жерде барлық көмек пен қолдау көрсетіледі, соның ішінде пәтермен қамтамасыз ету бар.

Селолық денсаулық сақтаудың дамуына жергілікті бюджет шығысын жоспарлау

жан басылық норматив бойынша селолық елді мекендердің жағрафиялық шалғайлығын және басқа да ерекшеліктерін ескеріп жүзеге асырылатын болады.

Білім беру

Селода білім берудің сапасын көтеру үшін мектеп жасындағы балаларды міндетті жалпы орта білім берумен толықтай қамту жөніндегі шараларды жүзеге асыру көзделген. Селолық жалпы білім беру және кәсіби мектептер (лицейлер) жүйесі село халқының қажетіне сәйкес келтірілетін болады. Білім беру ұйымдарында 5-6 жастағы балаларды мектеп алдында міндетті дайындауды жүзеге асыру жоспарлануда. Облыс орталықтарында селолық жерлердің дарынды балалары үшін интернаттық ұйымдар а ш ы л м а қ .

Селолық аз комплектік мектептің тиімді моделін әзірлеу және біртіндеп енгізу, аз комплекті селолық мектеп қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру белгіленіп отыр. Селолық жерде аз комплектілі мектептердің типті жобалары жүзеге а с ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Селолық мектептерді, колледждерді және кәсіби мектептерді (лицейлерді) қаржыландырудың әртүрлі көздерінен, соның ішінде республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты, демеушілер, халықаралық ұйымдардың қаражаты есебінен компьютерлік техникамен, қажетті спорт инвентарларымен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру жоспарланып отыр.

Селолық білім беру қызметкерлерінің әлеуметтік статусын және кәсіби деңгейін көтеру үшін селолық мектептердің, колледждердің және кәсіби мектептердің мұғалімдерінің біліктілігін жүйелі түрде көтеру, сондай-ақ жоғары және орта кәсіби оқу орындарын жергілікті бюджет есебінен бітірген және селолық жерде жұмыс істеу үшін келген жас мамандарды пәтермен қамтамасыз ету қарастырылған.

Селолық аудандардың ауыл шаруашылық профиліндегі мамандарды дайындаудағы қажетін ескере отырып ауыл шаруашылық профиліндегі жоғары және орта кәсіби оқу орындарының базасында ауыл шаруашылығының барлық салалары мен ауыл шаруашылық шикізатын өңдеуші өнеркәсіп үшін мамандар даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеруді ұйымдастыру қаралған.

Мәдениеттің дамуы және демалысты өткізу

Селода бұқаралық мәдени дамыту және демалысты өткізу төмендегілер есебінен жүргізілетін болады деп қаралады:

жұмыс істемейтін мәдениет мекемелерін: кітапханаларды, клубтарды, кинотеатрларды қалпына келтіру жөнінде пәрменді шаралар қабылдау; Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен нормативтер негізінде саланың оңтайлы инфрақұрылымын қамтамасыз ету; мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық

б а з а с ы н

н ы ғ а й т у ;

село халқын мәдени, демалыс және ақпараттық-ағарту қызметінің кешенімен қамтамасыз ету. Аудандық мәдениет үйлері базасында шалғай елді мекендерге қызмет көрсету үшін жылжымалы ұтқыр кешендермен қамтамасыз етілген мәдени-демалыс кешендері (МДК) құрылатын болады;

селолық кітапханалардың кітап қорын отандық және әлемдік классиктер шығармаларымен, қазіргі кездегі жазушылар кітабымен толықтыру. Селолық кітапханаларды компьютерлік техникамен қамтамасыз ету және интернет жүйесіне қосу жөнінде шаралар қабылданатын болады;

мәдениет қызметкерлерінің біліктілігін көтеру жөніндегі тәжірибелік семинарлар мен мәжілістерді жүйелі түрде жүргізу.

3 міндет. Жұмыспен қамту мәселесін бәсеңдету және халықты әлеуметтік қорғау

Шағын кәсіпкерлікті дамыту

Селолық жерде тұратын халықты жұмыспен қамту, табысын көтеру проблемаларын шешу үшін шағын кәсіпкерлікті дамытуды қолдау қамтамасыз етіледі.

О л ү ш і н м ы н а л а р қ а р а л а д ы :

ауыл шаруашылық техникасын жөндеу және күту жөніндегі сервис орталықтарын құру шеңберінде рыноктық инфрақұрылымның дамуына жағдай жасау;

ауыл шаруашылық өнімдерін қою, сақтау және тасымалдау үшін жабдықтары бар сатып алу - дайындау ұйымдарының жүйесін құруды ұйымдастыру;

суармалы жерлерді, ауыл шаруашылық техникасын, көлік құралдарын, жабдықтарды бірлесіп пайдалану, сондай-ақ өсімдіктерді қорғау, тұқым, жанар-жағар материалдарды сатып алу жөнінде фермерлер шаруашылықтарының кооперативтері мен а с с о ц и а ц и я л а р ы н құру ;

франчайзинг жағдайында шағын бизнес субъектілерінің ірі ауыл шаруашылық құрамаларымен кооперация жасауы үшін ұйымдастырушылық-құқықтық және экономикалық, жағдайлар жасауды қамтамасыз ету;

халық кәсібінің қайта өрлеуіне және әйелдер кәсіпкерлігіне жағдай тудыру;

селолық жерде бизнес-инкубаторлардың дамуына жағдай жасау;

аймақтарда селолық несие серіктестіктерін құру арқылы село кәсіпкерлерінің несие ресурстарына қол жетуін қамтамасыз ету;

шағын кәсіпкерлік субъектілеріне ақпараттық және кеңестік қызмет көрсетуді ж ү з е г е а с ы р у ;

фермерлерді шаруашылық жүргізудің рыноктік әдістерінің, маркетингтің негіздеріне және ауыл шаруашылық өндірісінің технологиясына оқыту және қайта о қ ы т у д ы ү н е м і жү р г і з у ;

коммуналдық меншік мүлкі есебінен селолық жерде шағын кәсіпкерлік

субъектілерінің міндеттемелерін кепілдікпен қамтамасыз етудің тетігінің тиімді жұмысы үшін жағдай жасау.

Село халқының жұмыспен қамтылуының өсуі

Село халқының жұмыспен қамтылуының өсуі үшін төмендегілер қаралады:
селода азық-түлік өнімдерін сатып алу, өңдеу, сақтау, тасымалдау, сауда және сату жөніндегі пункттерді ұйымдастыру;

қосымша жұмыс орындарын құру; экономикалық және әлеуметтік жағынан өзін ақтаған жұмыс орындарын сақтау және қолдау;
уақытша жұмыспен қамтуды дамыту;

халыққа олардың табиғи-климаттық және экологиялық жағдайы қолайсыз аудандардан орын ауыстыруына көмек жасау;

қайта мамандану, адамдарды ең үлкен сұраным бар мамандықтарға оқыту, шағын және орта бизнес дағдысын меңгеруге көмектесу;

несие ресурстарына қол жетуді қамтамасыз ету, ең алдымен науқанды жұмыстарды атқару үшін, селолық несие серіктестіктерінің дамуына және селода қаржы лизингісін енгізуге жәрдем жасау;

жұмыспен қамтуды арттыру және кедейлік проблемасын шешу мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне жәрдем көрсету.

Село халқын әлеуметтік қорғау

Село халқын әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету мақсатында қаралып отырғандар:

селода жалақының және басқадай ақшадай табыстың өсуі үшін экономикалық жағдайлар жасау;

жұмыс берушілердің жалақыны, ал мемлекеттің зейнетақы мен жәрдемақыны уақытында төлеп отыруын қамтамасыз ету;

халыққа атаулы әлеуметтік қолдауды күшейту, барлық елді мекендерде жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеген азаматтардың есеп карточкасын енгізу;

қаржыландыру көзіне қарамастан әлеуметтік төлемдердің барлық түрі бойынша берешекті кезең-кезеңімен өтеуді жүзеге асыру;

жүргізіліп жатқан зейнетақы реформасын бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіре отырып селоның жұмыс істейтін халқын зейнетақымен қамтамасыз етудің жинақтаушы жүйесімен толық қамту бойынша шаралар қабылдау; шаруа қожалықтарының (фермерлердің) қызметкерлерінің әлеуметтік дербес код алуы жөнінде;

жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеген азаматтарды қолдау жөніндегі аймақтық қорлардың қаражатын және ізгілік көмек жүктерін село халқының арасында олардың

материалдық жағдайын ескере отырып бөлуді қамтамасыз ету.

Әлеуметтік саланың мекемелерін салуға үлестік шығындардың нормативін белгілеу қажет, оларды қолдау және дамыту үшін.

Қаржыландырудың ресурстары мен көздері

Бағдарламаны жүзеге асырудың ресурстық базасы республикалық, жергілікті бюджеттердің қаражаттары, шаруашылық жүргізуші субъектілердің өз қаражаттары, сондай-ақ осы Бағдарлама анықтаған мақсаттарды жүзеге асыру мақсатында бөлінген инвестициялар мен қарыздар болып табылады. Соның ішінде төмендегідей бөлу ж о с п а р л а н у д а :

республикалық бюджет қаражатынан 2002 ж. 2320 млн. теңге, 2003-2004 жж. - 1 0 1 5 9 м л н . т е ң г е ;

жергілікті бюджет қаражатынан 2002 ж. 696 млн. теңге, 2003-2004 жж. - 5939 млн. т е ң г е ;

шаруашылық жүргізуші субъектілердің өз қаражатынан 2002 жылы 790,1 млн. теңге , 2003-2004 жж. - 2566,72 млн. теңге.

Осы Бағдарлама белгілеген міндеттерді жүзеге асыру үшін бөлінетін ақша қаражатының жыл сайынғы дәл анықталған көлемі республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастырған кезде белгілі болады.

Бағдарламаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде село экономикасының нақты өсуі және село халқының тұрмыс деңгейінің жоғарлауы негізінде әлеуметтік игілікке тең қол жетуді қамтамасыз ететіндей село халқының өмірін қамтамасыз етудің тұрақты қызмет істейтін жүйесі қалыптасатын болады. Село халқының жұмыспен қамтылу деңгейін көтеру және 2004 ж. аяғына дейін 165,5 мың жаңа жұмыс орнын жасау, оның ішінде жұмыс істемей тұрған шаруа қожалықтарын қалпына келтіру есебінен - 89,0 мың, дайындаушы пункттер желісін құру есебінен - 7,5 мың, шетелдік қарыздарды игеру есебінен - 56,2 мың.

8 ТАРАУ. ИНФРАҚҰРЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ

Мақсаттар мен міндеттер

2003-2005 жж. көлік-коммуникация кешенін дамытудың мақсаты сыртқы рыноктарға шығуды қамтамасыз ететін транзиттік коридорларды дамыту және коммуникацияның ұтымды жүйесін қалыптастыру, коммуникация мен жылжымалы құрамның техникалық жағдайын жақсарту.

Көлік және коммуникация жолдарын дамыту шеңберіндегі мемлекеттік саясат транзиттік маршруттарды қалыптастыру мен дамыту, қазіргі бар темір және автомобиль жолдарын, су жолдарын, порттарды, аэропорттарды, аэронавигациялық кешендерді жетілдіру мен қайтадан жанарту, барлық көлік түрінің жылжымалы құрамының өз өндірістік және жөндеу базасын дамыту, почта байланысын жетілдіру және почта жинақтаушы жүйесін жасау, көлік-коммуникация кешенінің қызметінің нормативтік-құқылық базасын және басқару құрылымын жетілдіру жолымен әлемдік жүйеге біріккен ұтымды көлік-коммуникация жүйесін жасауды қарастырады.

Көлік-коммуникация кешенінің міндеттері:

теміржол көлігін Қазақстан Республикасының теміржол көлігін 2001-2005 жж. қайта құрылымдау Бағдарламасына сәйкес одан әрі дамыту;

2001-2014 жж. теміржол көлігінің инвестициялық бағдарламасын іске асыру;

халықаралық автомобилдік тасымалдауды дамыту, салалық заңдық және нормативтік базаны қалыптастыру;

халықаралық стандарттарға сай республиканың автомобиль жолдары торабын жетілдіру және дамыту;

халықаралық стандарттарға сай келетін, халықаралық көлік коридорларына біріккен, экономика мен қоғамның барлық субъектілерінің қолы жетерліктей, жүктер мен жолаушыларды ең аз шығынмен тасымалдауды қамтамасыз ететін тиімді авиакөлік жүйесін жасау;

теңізбен сыртқы сауда жүк тасымалына ел қажетін толық көлемде қамтамасыз ететін, Қазақстанның экономикалық-көліктік потенциалын жүзеге асыруға жағдай жасайтын, жоғары ұйымдастырылған порт инфрақұрылымы негізінде ұлттық теңіз сауда флотын құру, өзен көлігінің өсуі үшін жағдайды қамтамасыз ету;

ғаламдық ақпараттық инфрақұрылымға бәсекеге қабілетті түрде біріккен, республика экономикасының телекоммуникация секторын одан әрі дамытуға бағытталған жағдайларды жасау және тетіктерді қалыптастыру.

Алға қойған мақсаттарға жетудің және міндеттерді шешудің жолдары

Міндеттерді жүзеге асырудың негізгі жолдары бола алатындар:

жаңа көлік маршруттарының жағрафиясын кеңейту;

кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін жасау;

елдің транзит потенциалын көтеру үшін қажетті және жетерлік жағдайларды жасау;

көліктің барлық түрінің келісілген тариф саясатын жүргізу жолымен Қазақстан Республикасының көлік-коммуникация саласының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;

ТРАСЕКА және Солтүстік-Оңтүстік сияқты халықаралық көлік коридорларына қатысу;

көлік-коммуникация кешенінде бәсеке ортасын дамыту; экологиялық және энергияны үнемдеуші көлік технологиясын енгізу, көліктің қауіпсіз қызмет істеуін қамтамасыз ету және көліктің қоршаған ортаға теріс әсерін халықаралық нормалар мен стандарттарға сай келетін деңгейге дейін төмендету үшін жағдай жасау.

1 міндет. 2001-2005 жж. Қазақстан Республикасының теміржол көлігін қайта құрылымдау Бағдарламасына сай теміржол көлігін одан әрі дамыту

Бүкіл отандық экономика үшін Қазақстан Республикасындағы темір жолдың стратегиялық маңызы бар және жүктердің көптеген түрі үшін темір жол көлігінің баламасы жоқ болып саналады. Қазақстанның темір жолының пайдаланудағы жалпы ұзындығы 13,6 мың км құрайды. Темір жолдың жиілігі әлемдегі ең төменгілердің бірі және 1000 шаршы км-ге 5,2 км-ді құрайды.

Темір жол көлігі саласының 2001-2005 жж. дамуы Қазақстан Республикасының теміржол көлігін қайта құрылымдау Бағдарламасына сай жүргізілетін болады.

Негізгі қызметіне бәсеке енгізілетін болады. Сонымен жолаушы тасымалын жүк тасымалынан, Ұлттық тасымалдаушыны инфрақұрылымнан бөлу және тәуелсіз тасымалдаушыларды жасау қарастырылып отыр.

Негізгі қызмет бойынша кәсіпорындардың жабдықтаушы сектормен өзара қарым-қатынасы рыноктық негізде құралатын болады, мұның өзі жабдықтаушы сектордың қызметінің еңбек өнімділігін көтеру, өзіндік құнын төмендету үшін қажетті қосымша стимул жасайды. Артық қуаттар экономиканың басқа секторларына қайта бағдаланатын болады.

Жабдықтаушы сектордың кәсіпорындарын бөлу жекешелендіру арқылы жеке меншік инвесторларды тарту үшін алғы шарттар жасайды.

Осылайша қайта құрылымдалған теміржол көлігі тігінен біріктірілген құрамына оңтайлы өндірістік қуаттары мен қызметшілері бар тасымалдау процесін ұйымдастыру жөніндегі қызметтің негізгі түрінің кәсіпорындары кіретін компанияны көрсететін болады. Тасымалдауды қамтамасыз ету және теміржол жүйесі мен жылжымалы құрамды жөндеу үшін қосалқы қызмет тендер негізінде басқа ұйымдардан сатып алынатын болады.

Теміржол компаниясы тасымалдау жөніндегі негізгі қызметін коммерциялық принципке сүйене отырып жүзеге асыратын болады. Теміржол көлігін таза пайданың қажетті деңгейімен қамтамасыз етпейтін тасымалдар жойылатын болады. Оларды жүзеге асырудың орнын толтыратын тиісті тетіктер іздестірілетін болады.

Жолаушы тасуды жүзеге асырушы кәсіпорын алғашқы кезеңде Ұлттық тасымалдаушының құрамында қалады.

Бұл технологиялық тізбенің бөліктерін және енгізілмек ресурстарға бақылауды жақсартуға, қамтамасыз етуші қызметте бәсекені кеңейтуге, қамтамасыз етуші қызметке жекеменшік инвестиция мен инновация тарту үшін жағдай жасауға, табыс

пен шығынның ара қатынасын анықтауға, ұзақ мерзімді аралықта жүк тасымалдауға тарифты төмендетуге мүмкіндік береді.

2003-2005 жж. кезеңде тасымал қызметінде бәсекені енгізудің кезеңі белгіленуде, оны "ашық жеңілдік" моделі бойынша жүргізу жоспарлануда.

Жылжымалы құрамның - локомотивтердің, вагондардың, жөндеуші вагондық және локомотивтік деполардың артық болу есебінен бәсеке дамитын болады. Бұл ірі инвестицияларды тартпай-ақ 2003 ж. тәуелсіз компанияларды - тасымалдаушыларды құруға мүмкіндік береді.

Барлық аталған шаралар транзиттік маршруттарда темір жол учаскелерін күшейтуге, ұлттық жүйені қалыптастыруды аяқтауға, жол шаруашылығының техникалық жағдайын жақсартуға және жылжымалы құрамды жаңартуға, саланы құрылымдық реформалауды аяқтауға, тасымалдау қызметінде бәсекелік жағдай жасауға бағытталатын болады.

2 міндет. 2001-2014 жж. теміржол көлігінің инвестициялық бағдарламасын жүзеге асыру

Бүгінгі күнде "Қазақстан темір жолы" ҰК" ЖАҚ жүк вагондары паркінің 35% бұзылған. Жүк вагондарының тозуының физикалық (заттай) деңгейі 69%, соның ішінде ең тапшы түрлерінікі - жарты вагондардікі - 75% және цистерналардікі - 59%. Жолаушы вагондарының паркі де елеулі күйде тозған: тозу деңгейі - 60% астам. Локомотив паркі өзінің ресурстарының елеулі бөлігі істен шықты: магистралдық тепловоздардың елеулі бөлігі істен шықты: магистралдық тепловоздардың қызмет еткен орта мерзімі нормативті мерзімнің 85% жетті, маневрлік тепловоздардікі - 73%, электровоздардікі - 63%. Инфрақұрылымдардың физикалық тозу деңгейі де қиын мөлшерге жетті: жолдардікі - 54%, сигнал қондырғылары мен байланыстікі - 80%, электрмен жабдықтаудікі - 52%. Сала бойынша тұтас алғанда негізгі құралдардың физикалық тозуы 60% жетті.

Негізгі қорларды жұмысқа жарамды күйде ұстау жоғары эксплуатациялық шығыстарды талап етеді. Сондықтан негізгі құралдарды жетілдіру эксплуатациялық шығыстарды оңтайландырудың маңызды жағдайы болып саналады, яғни болашақта өнеркәсіп өнімінің бағасындағы көліктік құрастырушысын төмендету.

Жүк вагондары паркін жаңарту проблемасын айрықша бөліп қарау керек. Таяу жылдардың өзінде-ақ вагон тапшылығы Қазақстан экономикасының теміржол тасымалындағы өскелең қажетін қанағаттандыруға мүмкіндік бермейді. 2001-2014 жж. барлығы 42 мыңдай жаңа жүк вагондарын сатып алу қажет және жұмыс істеу мерзімін ұзартумен 29 мың вагонды жөндеуден өткізу керек.

Осы кезеңде Алтынсарин-Хромтау жаңа теміржол бойының құрылысы аяқталады, жылжымалы құрамды жөндеу үшін өндірістік базаны қайта жаңарту жалғасады, темір жолдың негізгі учаскелерін жетілдіру жөніндегі жұмыс жанданады, Алматы-Астана аралығындағы жол бойында жолаушы поездарының шапшаң қозғалысы

ұйымдастырылатын

болады.

Сондықтан тасымалдаудың қазіргі заманғы технологияларына көшу мақсатында 2003-2005 жж. темір жолды техникалық қайта жабдықтандыру, басқарудың қазіргі заманғы ақпараттық жүйесін енгізу, жаңа ресурс үнемдейтін технологияларды дамыту жалғасады.

Әзірленген теміржол көлігінің 2001-2014 жж. Инвестициялық бағдарламасында негізгі магистралдарда инфрақұрылымды қазіргі кездегі жол техникасын қолдана отырып қалпына келтіруге, жылжымалы құрамды жаңартуға, зауыттық жөндеудің, локомотив пен вагон жасаудың және жылжымалы құрамды кейіннен қалпына келтіру және жаңарту үшін жаңа импортты айырбастайтын өндірістердің отандық базасын жасауға қаражат қаралған. Мәселен, 2003-2005 жж. төмендегілер жоспарланып отыр:

негізгі магистралдарда инфрақұрылымды қазіргі кездегі жол техникасын қолдана отырып қалпына келтіруге - 358,4 млн. АҚШ доллары;

жылжымалы құрамды жаңартуға - 192,6 млн. АҚШ доллары;

жаңа импортты айырбастайтын өндірістерді құруға - 2,24 млн. АҚШ доллары.

Автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді оларды халықаралық көлік ақпараттық жүйеге біріктіре отырып одан әрі дамыту қаралып отыр.

3 міндет. Халықаралық автомобилдік тасымалдауды дамыту, салалық заңдылық және нормативтік базаны қалыптастыру

Қазақстан Республикасының автомобиль паркінің бүгінде 1,28 млн. автомобилі бар, соның ішінде мемлекет меншігінде - 59,2 мың автомобиль, жеке меншікте - 1,2 млн. автомобиль, автобустар мен жүк автомобилдерінің 47% "бір жүргізуші (ие) - бір автомобиль" принципі бойынша тасушылар иемденіп отыр.

Соңғы жылдары автокөлік кәсіпорындарын одан әрі мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бойынша шаралар негізінен аяқталды. Республикалық мемлекеттік автокөлік кәсіпорынының әскери типтегі автоколоннасынан басқа жүк көлігінің кәсіпорындары тегіс акционерлендірілді және жекешелендірілді, жолаушы шаруашылығы кәсіпорындарын акционерлендіру жалғасуда.

Халықаралық автомобильдік тасымалдауды одан әрі дамыту жөніндегі шаралар қабылданатын болады. Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі саласында күшіндегі халықаралық Келісімдер мен Конвенцияларға қосылу, отандық тасымалдаушы үшін мүдделік білдіретін мемлекеттермен халықаралық автомобилдік тасымалдау бойынша Келісімдер жасасу процедуралары жалғасатын болады.

Рұқсат етуші жүйені жетілдіру, халықаралық автомобилдік тасымалдауды реттеудің және үйлестірудің тиімді тетіктерін жасау, автокөліктік коридорлардың инфрақұрылымдарын қалыптастыру жолымен транзиттік тасымалдаулар одан әрі дамытын болады.

Жүк тасымалдауды дамытудың негізгі бағыты жүктерді контейнерлерде тасу болады. Қазақстан аумағына транзиттерді тарту үшін мультимодалдық және

контейнерлік тасымалдауларды қамтамасыз ететін логистикалық орталықтар мен терминалдарды құру жөніндегі проблемаларды шешу қажет.

4 міндет. Халықаралық стандартқа сәйкес республиканың автомобиль жолдарының жүйесін жетілдіру және дамыту

Қазақстандағы автомобиль жолдарының ұзындығы 128 мың км. Одан 84,6 мың км - жалпы пайдалану жолдары және 42,4 мың км - шаруашылық жолдар, Республикалық маңызы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының ұзындығы 23 мың км, одан 12,4 мың км халықаралық келісімдерге сәйкес халықаралық маңызы бар автожолдарға жатқызылды және 62,6 мың км жергілікті маңызы бар жолдар болып саналады. Транзиттің коридорлардың жалпы ұзындығы 8,3 мың км. Оның 68% қанағаттанғысыз ж а ғ д а й д а .

2000 ж. бастап жол саласын қаржыландырудың көлемінің өсуі байқалды. Мәселен, 2001 ж. автожол саласын республикалық бюджеттен қаржыландырудың көлемі сыртқы қарыздарды есепке алғанда 23,3 млрд. теңге болды, 2002 ж. - 42,1 млрд. теңге қаралды.

2001 ж. бастап техникалық парктің жетілдірілуі басталды. 2002 ж. 2 млрд. теңгеге жол салу техникасын сатып алу қаралып отыр.

Республиканың автомобиль жолдары жүйесін одан әрі жетілдіру және дамыту қ а р а л ы п о т ы р .

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 ж. 28 қарашадағы N 730 U010730_ Жарлығы бекіткен Қазақстан Республикасының 2001-2005 жж. автожол саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасында жол саласын қаржыландырудың келесі көлемі қаралған: 2003 ж. - 60 млрд. теңге, 2004 ж. - 78,1 млрд. теңге, 2005 ж. - 64,5 млрд . т е ң г е .

Барлық кезең ішінде республиканың автомобиль жолдары жүйесін одан әрі жетілдіру мен дамыту белгіленген: Қызылорда жанында Сырдария өзенінен өтетін көпірдің, Лениногорск - Ресей Федерациясының шекарасы автожолының құрылысы, Батыс Қазақстанның, Алматы-Бішкек автомобиль жолдарын қалпына келтіру аяқталады, сондай-ақ жолдардың басқа учаскелерін жетілдіру жөніндегі жұмыстар жүргізілетін болады. Бөлінген бюджет қаражаттары мен қарыздарды тиімді игеруге е р е к ш е к ө ң і л б ө л і н е т і н б о л а д ы .

Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде 16133 км автожолдың құрылысы, қалпына келтірілуі және жөнделуі орындалатын болады. 2005 ж. аяғына қатты жамылғысы бар жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының ұзындығы 23011 км жетеді.

Стандарттарды халықаралық талаптарға сәйкес етіп үйлестіру және халықаралық стандарттарға сәйкес Қазақстан Республикасы жол саласының ғылыми-техникалық құжаттарын жетілдіру жөніндегі жұмыс жүзеге асатын болады.

5 міндет. Халықаралық стандарттарға жауап беретіндей, халықаралық көлік коридорларына біріккен, экономика мен қоғамның барлық субъектілерінің қолы

жетегіндей, жүктер мен жолаушыларды ең аз шығындармен тасымалдауды қамтамасыз ететін тиімді авиакөлік жүйесін жасау

Қазақстан аумағының жағрафиялық ерекшеліктері және елдің әлеуметтік-экономикалық орталықтарының дамуы азаматтық авиацияның дамуын Республиканың авиациялық әкімшілігінің қызметінің басымдықты бағыттарының бірі ретінде алдын ала анықтады.

Қазақстанда пайдаланушы ретінде куәлігі және күшіндегі лицензиясы бар 53 авиакомпания қызмет істейді, олардан: 8 компания ұдайы жолаушылар тасымалдауды жүзеге асырады, 13 компания - чартерлік тасымалдауды. Халықаралық әуе коридорларының саны 72, халықаралық әуе трассасының ұзындығы 49000 км.

Іс жүзінде көптеген әуе кемесі өзінің ресурстарын тауысты және олардың тозуы қиын деңгейге жетті, бұл бірінші кезекте ұшу қауіпсіздігіне әсер етеді. Ұшақтардың орта жасы 21,5 жыл. Парктің 85% іс жүзінде қазіргі кездегі рынокта жұмыс істеуге қабілетсіз, өйткені халықаралық талаптарға сай емес. Соңғы кезде сатып алынған батыс техникасының ұшуы аса қатты көңіл алаңдатады, оларды пайдалану әртүрлі әуе оқиғаларының санын көбейтті. Іс жүзінде рейстердің өзіндік құнын төмендету және пайдалылығын көтеру жөнінде шаралар қолданылмайды.

Бәсекелік жағдайды жасау жөніндегі негізгі проблема жанар-жағармай материалдарын өндіру мен сату рыногының реттелмегендігі, олардың бағасы өнімнің өзіндік құнына елеулі әсерін тигізеді.

Аэронавигациялық жинақ ставкасын анықтаудың қазіргі кездегі процедурасы Қазақстанның кеңістігіне шетелдік авиакомпанияларды қосымша тартуды тежеп отыр. Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азия аралығындағы жолда тұрған Қазақстанның аэронавигациялық қызметінің ерекшелігі сонда, табыстың 80% астамы республиканың әуе кеңістігінде транзиттік ұшуды жүзеге асыратын шетел компанияларынан түседі. Көрші мемлекеттер арқылы өтетін балама маршруттардың бар екендігі шетелдік авиакомпаниялар үшін Қазақстанның әуе кеңістігінде авианавигациялық қызмет көрсетудің экономикалық тартымдылығын сақтау мақсатында икемді тариф саясатын тезірек әзірлеп, қолдануды қажет етеді.

Авиатасымалдау рыногын дамыту бойынша авиа кәсіпорындарын қолдауға бағытталған азаматтық авиацияны реттеу стратегиясы келесі шешім жолдарын қарастырады:

"Қазақстан Республикасының Әуе кодексін" әзірлеу және бекіту;
әуе қатынасы саласындағы қазіргі кездегі үкіметаралық келісімдерді қайта қарау;
жанар-жағармай материалдарын мұнай өңдейтін зауыттардан делдалсыз тікелей жеткізу бағдарламасын әзірлеу;
азаматтық авиация саласына шетелдік инвестицияларды тарту;
батыста шығарылған кемелерді күту жөніндегі авиатехникалық орталықтарды құру;

әуе кемелері паркін қайта құрылымдау және жаңарту;
қазақстандық авиатасымалдаушылардың шетел рыноктарында қызмет көрсету жөніндегі ұсынысын сыртқы экономикалық каналдар бойынша жылжыту.

Аэропорттарды дамыту үшін келесі шаралар ұсынылады:
халықаралық талаптарға сәйкес аэропорттарды қазіргі заманғы навигациялық және жарық арқылы белгі беретін жабдықтармен қайта жабдықтау;
халықаралық консалтингтік ұйымдармен бірлесе отырып нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру бойынша жұмыс жүргізу;
келуші және кетуші жолаушыларға қызмет көрсету деңгейін халықаралық стандарттарға дейін жеткізе отырып халықаралық аэропорттардың санын оңтандыру;

халықаралық аэропорттардың Қазақстанның барлық аймақтарымен байланысын қамтамасыз ету үшін ішкі әуе жолы бойы желіні дамыту;
авиакәсіпорындарын аэропорттар мен авиакомпанияларға бөлу процесін аяқтау, мұның өзі авиациялық тасымалдау рыногында авиакомпаниялар арасында бәсеке ортасын қалыптастыру үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді;
әртүрлі маңызы бар аэропорттар үшін техникалық жабдыкталуы мен қызмет көрсету сапасының міндетті нормативтерін әзірлеу және кезең-кезеңімен енгізу;
аэропорттардың негізгі қызметтерінің жұмысын сертификациялау және лицензиялау процедурасын қатайту.

6 міндет. Теңізбен сыртқы саудалық жүк тасымалдаудағы елдің қажетін толық көлемде қамтамасыз ететін, Қазақстанның экономикалық-көліктік потенциалын жүзеге асыруға жағдай тудыратын жоғары деңгейде ұйымдастырылған порт инфрақұрылымы негізінде ұлттық теңіз сауда флотын құру, өзен көлігінің өсуі үшін жағдайды қамтамасыз ету

2001 ж. IV тоқсаннан бастап "НМСК Казмортрансфлот" (бұдан әрі Қоғам) Каспий теңізінде операциялық қызметке кірісті. Жалпы тоннажы 30 мың тонна танкерлер жалданып алынды. Отандық көмірсутекті шикізат порт Ақтау - порт Махачкала бағыты бойынша теңіз жолымен тасымалданады. 2001 жылдың қараша-желтоқсанында осы маршрут бойынша 218,9 мың тонна мұнай тасылды. 2001 ж. Қоғамның таза пайдасы 47,7 млн. теңге болды.

Қоғамның өндірістік қызметі Каспий теңіз пароход шаруашылығының (Әзербайжан) Каспий теңізіндегі теңіз тасымалдау саласындағы монополиясын жойды.

ЖАҚ "НМСК Казмортрансфлот" өзінің құрғақ жүк таситын кемелерінің тоннажын ескере отырып каспий бассейінде тепе-теңдік негізде құрғақ жүктің халықаралық тасымалдауын жүзеге асыруды жоспарлап отыр. 2003-2005 жж. ұлттық теңіз сауда флотын құру Бағдарламасы әзірленуде. Бұл бағдарламада инвестициялық ресурстарға деген қажет 240-242 млн. АҚШ доллары көлемінде қаралып отыр.

Республикалық су жолдарының қазыналық кәсіпорындары су жоғарының кеме

жүретін жағдайын қамтамасыз ету және шлюздарды күту жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орындайды. Жыл сайынғы орындалатын жұмыс көлемі орта есеппен 300 млн. теңге мөлшерінде. 2001 ж. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы Үкіметтері арасындағы Ертіс өзені бассейнінде қазақстандық және ресейлік кемелермен жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және оның жағдайлары туралы Келісімге қол қойылды, ол "Қазақстан Республикасы - Ресей Федерациясы" транзит бағыты бойынша жүк тасқынының көбеюіне жағдай тудырады.

Шульба шлюзының құрылысын аяқтау мәселесінің шешілмеуінің нәтижесінде 13 жыл бойы Ертіс өзені бойынша кеме жүру, мемлекеттік техникалық флоттың жаңартылуы бұзылды, ол өзен көлігімен тасымалданатын жүк көлеміне және саланың тұтас алғандағы дамуына теріс әсерін тигізуде.

Су көлігі саласында 2003-2005 жж. 033 "Су жолдарын кеме жүретіндей жағдайда қамтамасыз ету және шлюздерді күту" ағымдағы бюджеттік бағдарлама бойынша жұмысты жалғастыру, сондай-ақ кейбір жаңа бюджеттік бағдарламаларды қабылдау жоспарлануда.

Жаңа бағдарламалар:

Шульба шлюзінің құрылысын аяқтау;

мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңарту және жетілдіру;

Өскемен және Бұқтырма шлюздерін ИМ арнайы бөлімдерімен күзету;

Есіл өзенінің Петропавл су қоймасының плотинасынан Ресей Федерациясының шекарасына дейінгі (50 км) және Астана қаласы ауданындағы (5 км) учаскесінде су жолдарының кеме жүретін жағдайын қамтамасыз ету;

Ертіс өзенінің Шульба СЭС Семейге дейінгі учаскесінде (75 км) су жолдарының кеме жүретін жағдайын қамтамасыз ету.

Аталған бағдарламаларды қабылдау және жүзеге асыру саланы дамытуға және оны халықаралық көлік қатынастары жүйесіне ойдағыдай біріктіруге ғана емес, сонымен бірге халықты жұмыспен қамту проблемасын шешуге, сондай-ақ жалғас салаларды дамытуға да жағдай тудырады.

7 міндет. Республика экономикасының ғаламдық ақпараттық инфрақұрылымға бәсекеге қабілетті біріккен телекоммуникациялық секторының одан әрі дамуына бағытталған жағдайлар жасау және тетіктерді қалыптастыру

Республикадағы магистралдық каналдардың жалпы ұзындығы 67551 мың кан./км, одан кабелдік линияның үлесіне 80%, радиорелейлікке - 11%, жер серігіндікке - 9%.

2000-2001 жж. кезеңде байланыстың көрсеткен қызметінің жалпы көлемі тұрақты өскені байқалады. Мәселен 2001 ж. "Қазақтелеком" ААҚ халықаралық, қалааралық телефон байланысының көрсеткен трафикі минутпен санағанда 1166 млн., соның ішінде шығатын ақылы трафик - 1001 млн. Қоғамның өткен жылғы таза пайдасы 6,3 млрд. теңге болды.

Қазақстан Республикасы телекоммуникация саласының даму Бағдарламасына сәйкес 2005 ж. дейін ғаламдық ақпарат инфрақұрылымына бәсекеге қабілетті біріккен

Қазақстан экономикасының телекоммуникация секторын одан әрі дамытуға бағытталған жағдайлар мен тетіктер жасалатын болады. Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде телекоммуникация жүйесінің өзара байланысының тоқтаусыз қызмет етуі мен оңтайлы басқарылуын қамтамасыз ету, Қазақстанның бүкіл аумағында телекоммуникацияның базалық қызметіне халықтың қолы жетуді, телекоммуникация саласында бірыңғай нормативтік-құқықтық базаны жасауды қамтамасыз ету өрбиді.

2005 ж. аяғына қарай магистралды каналдар бойынша байланыс қызметін жүзеге асырудың көлемі 23,6% көбейер. Халықтың қолындағы негізгі телефон аппаратының саны кезеңнің аяғына қарай 2000 мың дана болады.

Магистралдық жүйелер мен жергілікті байланысты "Қазақтелеком" ААҚ ішінде жеке келеме еншілес компанияларға бөлу жоспарлануда.

2005 ж. барлық облыс орталықтарын, ірі елді мекендерді және аудан орталықтарын байланыстыратын Ұлттық ақпараттық супермагистралдың құрылысы, коммутаторлық жабдықтардың, магистралдық желілердің жетілдірілуі, магистралдық және зоналдық байланыс линияларын ұйымдастыру үшін жер серігі арқылы байланыс жүйесін қалыптастыру аяқталады.

Кезеңнің бүкіл бойында ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыру мен дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары, мемлекеттік органдарды ақпараттандыру, мемлекеттің ақпараттық-коммуникациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін енгізу бойынша жұмыстарды орындау қарастырылып отыр.

9 ТАРАУ. ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУ

Мақсаттар мен міндеттер

2003-2005 жж. ғылым және технологияларды дамыту саласындағы басты мақсат экономиканың дамуының инновациялық сипатын және экономиканың ғылымды қажетсінетін секторларында отандық тауар өндірушілердің бәсекелік позициясын қамтамасыз ету болып табылады.

Осыған байланысты бірінші кезектегі міндеттер:

республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының қажеттеріне және әлемдік ғылымның даму тенденцияларына сәйкес 2003 және одан арғы жылдарға іргелі зерттеулердің бағдарламасын қалыптастыру және жүзеге асуын қамтамасыз ету;

экономиканың базалық салаларының қажетін ғылыми-технологиялық қамтамасыз етуге қолданбалы зерттеулердің бірінші кезекте бағытталуы, экспорттық потенциалды көтеру және импортты алмастыру;

"зерттеу - әзірлеу - кадрларды даярлау - өндірістік игеру" бірыңғай ғылыми-өндірістік циклына көшу үшін қолайлы жағдай жасау және осы негізде

инновациялық қызметті, технологиялық және рыноктық инфрақұрылымның элементтерін дамытуды және жаңа ғылымды қажетсінетін өндірістері, соның ішінде ғылыми-технологиялық салада ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

ғылыми-техникалық салада халықаралық қарым-қатынасты кеңейту; өндірушілердің ғылыми жетістіктерді енгізуге оларға әртүрлі жеңілдіктер мен преференциялар беру арқылы ынталылығын арттыру.

О р т а м е р з і м д і б о л а ш а қ т а :

аймақтарда ғылымды дамыту, ғылым дамуының аймақтық моделін қалыптастыру; ғылым саласында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, соның ішінде венчурлық, ол үшін зейнетақы қорының, жеке адамдардың және басқаларын қаражаттарын тарту;

ғылыми-технологиялық саланы барабар ресурстық қамтамасыз ету, ғылым мен білім берудің бірігуі.

Алға қойылған мақсаттарға жетудің және міндеттерді шешудің жолдары

Ғылыми зерттеулердің басымдық бағыттары ұлттық ғылыми-техникалық дамудың қажетін ескере отырып ғаламдық көлемдегі болжамдарға негізделетінін әлемнің индустриалды дамыған елдерінің тәжірибесі көрсетіп отыр. Сонымен бұл елдердің көпшілігі өздерінің күшін зерттеулер мен әзірлемелердің аса санаулы бағыттарында ғана және сондай салаларда қай жерде оларға әлемдік рынокте өнімді өндіру мен сатуда өз орнын табуға мүмкіндік беретін бәсекеге қабілетті әзірлемелері бар, сонда **ш о ғ ы р л а н д ы р а д ы .**

2003-2005 жж. ғылым мен технологияны дамыту саласындағы мақсаттарға жету және міндеттерді шешу үшін Үкіметтің негізгі күші мыналарға бағытталады:

ғылымды өндіріспен біріктірудің жаңа ұйымдастыру пошымдарын (ассоциациялар, технопарктер, технополистар, консорциумдар, олар зерттеуші университеттерді, алдыңғы шектегі ҒЗИ және өнеркәсіптік кәсіпорындарды біріктіреді) дамыту және қолдау, оларға қызметкерінің бірінші кезеңінде мемлекет тарапынан қаржы және ұйымдастырушылық қолдау көрсету жолымен;

ірі кәсіпорындардың жаңа зерттеулерді өнеркәсіптік игеруге, технологиялық жабдықтарды жетілдіру және халықаралық стандарттардың талабына жауап беретін өнім шығаруға құштарлығын арттыру жөнінде экономикалық және ұйымдастырушылық тетіктерді іске қосу;

интеллектуалдық меншікті қорғау, патенттерді пайдалану, шетелдік және отандық инвесторлармен, жеке меншік кәсіпорындарымен, олар ғылыми зерттеулердің нәтижесін пайдаланған кезде, құқықтық қатынастар орнату саласында нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;

қосымша бюджеттен тыс қаражатты тартудың тетіктерін әзірлеу, отандық ғылым мен өндірісті қаржыландыруға қаражат салушы жеке инвесторларды экономикалық

ы н т а л а н д ы р у ;

инновациялық қызметтің нормативтік-құқықтық базасын одан әрі дамыту, бірыңғай ақпараттық жүйені қалыптастыру инновациялық инфрақұрылымның субъектілерінің қазіргілерін іріктеу және қолдау, жаңаларын жасау.

10 ТАРАУ. ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ

Мақсаттар мен міндеттер

2003-2005 жж. шағын кәсіпкерлік саласындағы басты мақсат шағын және орта бизнестің дамуы үшін әсіресе жаңа технологиялық өндіріске бағдарланған, әлеуметтік-экономикалық жағдай жасау есебінен қоғамның тұрақтылығының негізі болып саналатын "орта таптың" қалыптасуы үшін жағдай жасау болады.

Шағын және орта бизнестің дамуы үшін басымдықты бағыттар агроөнеркәсіп кешені, өндірістік сала, соның ішінде ғылымды қажетсінетіндері мен инновациялықтары.

Шағын және орта бизнесті барынша нығайтуға келесі негізгі міндеттерді шешу жағдай жасайды:

әкімшілік процедуралар мен рұқсаттарды оңайлату;
бюрократтық зорлық-зомбылықтан және бақылаушы-инспекторлық органдардан қорғау;

шағын және орта бизнесті қолдаудың аймақтық орталықтарын құру, маркетингтік зерттеулер жүргізуде және білімді көтеруде көмек көрсету.

Алға қойған мақсаттарға жету және міндеттерді шешу жолдары

2003 ж. орта бизнестің критерийі (өлшемі) жасалатын болады және кәсіпкерлікті салалық қолдауға көшу жүзеге асырылады. Әрбір мемлекеттік орган өзі басшылық жасайтын салаға тән шағын және орта бизнестің критерийін дайындайды, бұл кәсіпорынды қолдаудың пошымдары мен әдістерін анықтайды, сондай-ақ олардың ірі бизнеспен кооперация жасауына мүмкіндік тудырады.

Ғылыми-техникалық салада шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы және шаралар жүзеге асатын болады. Сонымен бизнес-инкубаторлар мен технопарктер кәсіпкерлікті қолдаудың тиімді инструментіне айналады. Бизнес-инкубаторлар өз қызметін жаңа ғана бастаған шағын кәсіпорындарының өсуіне және өміршеңдігін арттыруға мүмкіндік береді. Технопарктер мен инновациялық орталықтар жаңа отандық технологияларды жасауға және игеруге, жоғары табысты ғылымды қажетсінетін өнімді шығаруға, ғылым мен өндірістің бірігуіне жағдай жасайтын болады.

Республиканың барлық аумағында шағын кәсіпкерліктің инфрақұрылымының

интенсивті дамуына бағытталған қолайлы институционалдық климатты қалыптастыру мақсатында шағын және орта бизнесті қолдаудың аймақтық орталықтары құрылатын болады. Маркетингтік зерттеулерді, білім көтеруде, орталықтанған бухгалтерияны құруда көмек көрсетілетін болады.

Мемлекеттік органдар өкілдерінің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты заңсыз іс-әрекеттерін тыюға, шағын бизнестің дамуы үшін құқықтық қолайлы жағдай режимін орнатуға бағытталған саясат жалғасатын болады.

Кәсіпкерлік қызметті реттеуші шараларды әзірлеу үшін қажет ғылыми негізделген ұсыныстар мен талдама материалдарды алу мақсатында шағын және орта бизнес мәселелері бойынша маркетингтік және ғылыми-қолданбалы зерттеулер жүргізілетін болады.

Шағын кәсіпкерліктің дамуының қазіргі кездегі бөгетін жеңудің негізгі амалының бірі - ол кәсіпкерлік секторының атқарушы органдармен, әсіресе жергілікті жерлерде, өркениетті өзара қарым-қатынасы. Осыған байланысты кәсіпкерлердің кәсіби, аймақтық және басқа принциптер бойынша қоғамдық ұйымдарын олар шағын және орта бизнестің өз аясында кәсіпкерліктің дамуының проблемаларын өз бетімен шешуге қабілетті қазіргі замандағыдай, қуаттырақ және өкілетті институттары болатындай етіп нығайту және ірілендіру қажет.

Шағын және орта бизнестің мәселелері, оның ел экономикасын дамытудағы рөлін түсіндіру, кәсіпкерлік қызметтің табысты тәжірибесін және оны қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатты насихаттау үшін жағдай жасалатын болады.

11 ТАРАУ. ХАЛЫҚ, ЖҰМЫСПЕН ЖӘНЕ ЕҢБЕК

РЕСУРСТАРЫНЫҢ ДАМУЫ Мақсаттар мен міндеттер Демография және көші-қон

Демографиялық және көші-қон саласындағы саясаттың негізгі мақсаты осы процестердегі теріс тенденцияларды азайту, елдің халқының санын көбейту үшін негіздер жасау, бірінші кезекте отбасы мен ананы қорғаудың нақты тетіктерін жасау, гендерлік теңдікке жету жолымен.

Жоғарыда көрсетілген мақсатты жүзеге асыру үшін келесі міндеттерді шешу керек болады:

халықтың денсаулық жағдайын жақсарту, ұрпағын көбейтуге жарамдыларды қоса алғанда;

бала тууды тұрақтандыру және болашақта оны ұрпақтың орнын толық басуды қамтамасыз ететіндей деңгейге көбейту және халықтың ұдайы өсуінің кеңейтілген режимі;

отбасының тіршілік әрекетінің жағдайын жақсарту, неке-отбасы қатынастарын нығайту;

қоғамның және жеке адамның деңгейінде халықтың денсаулығы үшін жауапкершілікті көтеру;

көші-қон процестерін басқару, елдің мемлекеттік қауіпсіздігін күшейту және көшіп келушілердің құқығын жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

Жұмыспен қамту және еңбек ресурстарын дамыту

Жұмыспен қамту және еңбек ресурстарын дамыту саласындағы негізгі мақсат халықтың жұмыспен қамтылуын өсіру және еңбек ресурстарының біліктілігін арттыру болып табылады.

Көрсетілген мақсатты жүзеге асыру үшін келесі міндеттерді шешуге тура келеді: жұмыспен қамтуды нормативтік-құқықтық базаны жұмыспен қамтудың белсенді пошымдарын дамыту, еңбектің ішкі рыногын қорғау, елдің еңбек ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету бағытында жетілдіру арқылы жүйеге асыруды қамтамасыз ету;

қосымша жұмыс орындарын құрудың, республикаға шетелдік жұмысшы күшін тартқанда қазақстандық азаматтарды даярлау және қайта даярлаудың мониторингісі жөнінде ақпараттық базаны жасау;

заңсыз еңбек қатынастарын жария ету, жұмыс орындарын құру және еңбек рыногында азаматтардың кәсіби дайындығын көтеру.

Табыс саясаты

Мемлекеттік табыс саясатының мақсаты еңбекке ақы төлеудің жалпы деңгейін көтеру, соның ішінде айлық жалақының ең төменгі көлемін ең төменгі күнкөріс деңгейіне кезең-кезеңімен жақындату, еңбек қызметін жандандыру және ынталандыру, бюджет саласының қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру, ақыр соңында орта таптың қалың тобын жасау.

Аталған мақсатты жүзеге асыру үшін келесі міндеттерді шешу көзделген: еңбекке ынтаны арттыру, кәсіпкерлік істен түсетін табысты көбейту; әрбір азаматтың экономикалық қызметтің әр түрінде өзінің еңбегін жұмсай алуын қамтамасыз ететін заң базасын жетілдіру;

үш жақты қарым-қатынас негізінде еңбекке ақы төлеу мәселесін реттеудегі әлеуметтік серіктестердің жауапкершілігін арттыру;

мемлекеттік қызметкер болып саналмайтын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру.

Алға қойған мақсаттарға және міндеттерге жету

Демография және көші-қон

Қазақстан Республикасының 2001-2005 жж. демографиялық даму Бағдарламасына сәйкес мемлекеттік демографиялық саясаттың басты бағыттары қазіргі кездегі ахуалды және әлеуметтік-экономикалық дамудың алғышарттарын ескеруге негізделген ең көкейкесті проблемалық бағыттар бойынша бағдарламалық-мақсаттық шараларды әзірлеу және жүзеге асыру болып табылады.

Ана мен сәбидің өлімін қысқарту үшін ана мен баланы материалдық қорғау және дені сау бала тууын ынталандыру жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Көп балалы отбасының артықшылығын, неке-отбасы қатынастарын нығайтуды, ана болудың қауіпсіздігі мен баланы емшекпен асырауды насихаттауды күшейту қ а р а с т ы р ы л ы п о т ы р .

Жас отбасыларын пәтермен қамтамасыз ету жүйесін жасау мақсатында ипотекалық несиені дамыту және арзандату жөнінде шараларды жүзеге асыру қ а р а с т ы р ы л у д а .

Елдегі халық санының саясатын жүзеге асыру мақсатында демография, ана мен бала мәселелеріне қатысты нормативтік-құқылық база жетілдірілетін болады.

Демографияны ғылым ретінде тиімді дамыту үшін демографияның проблемалары толығырақ зерттелетін, оның дамуы болжамдалатын, демография саласында кадрлар даярлауға тиісті маңыз берілетін болады. Халық санының проблемаларын зерттеу жөніндегі Орталық құру ойластырылуда. Бала табуға ынталандыру, бұқаралық ақпарат құралдарында идеологиялық қолдауды жандандыру бойынша іс-әрекет жалғасуда.

Әдеттегі көпорынды жетім балалар үшін балалар үйін отбасы үлгісіндегі балалар үйіне айналдыру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Халықтың көші-қоны саласындағы мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасының 2001-2010 жж. көші-қон саясатының салалық бағдарламасында тө мен де гі л е р ұ й ғ а р ы л ы п о т ы р :

амалсыз көші-қон тасқынын және оның теріс зардабын болдырмау және алдын алу; болашағы жоқ аймақтардан дамушы аймақтарға, аудан орталықтарына және шағын қалаларға ішкі көші-қон үшін стимулдар жасау;

селолық аумақтардың тұрғындарын, болашақта жаңа жерлерге орналастыру моделі б о й ы н ш а ұ с ы н ы с т а р д а й ы н д а у ;

босқындар деп танылған адамдардың әлеуметтік ортаға тезірек бірігуі және олардың өздері шыққан мемлекетіне еркімен қайтуы үшін жағдай жасау; з а ң с ы з к ө ш і - қ о н д ы б о л д ы р м а у ;

оралмандарды жайғастыруға және еңбекке орналастыруға, орналасқан жерлеріне олардың бейімделуіне және жергілікті әлеуметтік ортаға бірігуіне, жергілікті халықтың мүддесін есепке алған кезде басынан қарулы соқтығысты кешірген адамдарды психологиялық қалпына келуіне барынша жәрдем көрсету;

Қазақстан Республикасы аумағында көшіп келушілерді бақылаудың жүйесін ж е т і л д і р у ;

оралмандардың көшіп келуінің жыл сайынғы квотасын көбейту;
көшіп кету процесін қысқартуға және тұрақтандыруға, соның ішінде республиканың интеллектуалды потенциалының кетіп қалуын болдырмауға жәрдем ж а с а у ;

Қазақстан Республикасындағы көшіп кету жөніндегі көңіл күйді мониторинг жасау;

азаматтардың қоныс аудару процесін реттейтін және олардың құқығын қорғайтын екі жақты және көп жақты келісімдерге тезірек қол қоюға және іс жүзінде жүзеге а с ы р у ғ а к ө м е к к ө р с е т у .

Экономиканың бейформалды секторында жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғау, жасырын көші-қон фактілерін болдырмау үшін еңбек қатынастарын жариялы етуді ынталандыру тетігін жасау жоспарлануда.

Көшіп келу саласындағы басымдық этникалық қазақтарды қарулы соқтығыстар, ішкі тәртіпсіздіктер, адам құқығы әрдайым бұзылатын зоналардан қоныс аудару болып табылады; экологиялық ауыртпалық облыстарынан (Қарақалпақстаннан және басқаларынан); зорлықпен ассимиляция жасау қаупі бар елдерден.

Демография және көші-қон саласындағы проблемаларды шешуге кешенді қарау мақсатында Қазақстан Республикасында 2002-2010 жж. демографиялық және көші-қон саясатының бағдарламасы әзірленетін болады.

Жұмыспен қамту және еңбек ресурстарын дамыту

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы", "Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау туралы" заңдарына өзгерістермен қосымшалар енгізу туралы" заңдар жобаларын әзірлеу жоспарлануда, мұның өзі еңбек қатынастарын одан әрі жетілдіруді және еңбекті қорғауды күшейтуді қарастырады.

2004 ж. еңбек қатынастарын, еңбекті қорғау, әлеуметтік әріптестікті мемлекеттің бірыңғай заңды актісімен реттеу мақсатында Еңбек кодексін әзірлеу ұйғарылып отыр.

Еңбек заңдарын одан әрі жетілдіру еңбекшілердің құқығын қорғауға, еркін еңбекке азаматтардың конституциялық құқығын жүзеге асыру үшін жағдай жасауға бағытталатын болады. Жеке және ұжымдық шарттарды жасау тетігін жетілдіру, қысқа мерзімді жеке еңбек шарттарын жасауды, мерзімнен артық жұмысты шектеу, еңбек жағдайын жақсарту жөніндегі шараларды қабылдау ұйғарылып отыр.

Гендерлік тең құқықтылыққа жету үшін әйелдердің ұрпақ жалғастыру жөніндегі атқаратын қызметін ескере отырып еңбек жағдайын жақсартуға, олардың құқығын қорғауға және елдегі демографиялық ахуалды жақсартуға бағытталған арнайы

нормалар жасалатын болады. Жастардың және халықтың әлеуметтік әлсіз топтарының мүддесін қорғау жөніндегі шаралар қабылдау жоспарлануда.

Әлеуметтік әріптестіктің рөлі жоғарлайды және саласы кеңиді. Әлеуметтік диалогты еңбек жанжалдарының алдын-алу, жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және гендерлік проблемаларды шешу үшін пайдалану көзделіп отыр.

Табыстар саясаты

Табыстар саясаты саласында келесі шаралар қабылданатын болады: 2003 ж. жалақының ең төменгі мөлшері және зейнетақының ең төменгі мөлшері бір деңгейде тағайындалатын болады, одан кейінгі жылдары жалақының ең төменгі мөлшерінің өсуі зейнетақының ең төменгі мөлшерінің өсуінен озып отырады.

2003-2004 жж. бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлерінің номиналды жалақысы 2005 ж. 25188 теңге болады және 2002 ж. салыстырғанда 1,3 есе өседі, нақты жалақы 12,6% өседі.

12 ТАРАУ. КЕДЕЙЛІКТІҢ КЕМІУІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ Мақсаттар мен міндеттер

Кедейлікті кеміту және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы негізгі мақсат экономикалық өсу, халықты тиімді жұмыспен қамту мен табысын өсіру, денсаулық сақтау және білім беру қызметтеріне кедейлердің қолы жетуін арттыру, атаулы әлеуметтік қорғауды жақсарту және шешімдер қабылдауда қоғамдық институттарды қатыстыра отырып мемлекеттік басқарудың тиімділігін көтеру үшін жағдай жасау жолымен кедейлікті қысқарту болып табылады.

Аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қаралып отыр:

- елдің тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз ету;
- шағын бизнесті қоса алғанда кәсіпкерліктің дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- қосымша жұмыс орындарын құру, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру, кәсіби оқыту, жұмыссыздардың біліктілігін көтеру және қайта дайындау есебінен еңбек рыногында белсенді шараларды одан әрі дамыту және жетілдіру;
- денсаулық сақтау, білім беру салаларында мемлекеттік қызметтің тиімділігі мен қол жетерлігін көтеру;
- халықтың кедей және әлсіз топтарының мүддесіне қарай атаулы әлеуметтік көмекті көрсетудің тетіктерін жетілдіру;
- елдегі кедейлікті кемітудегі мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру.

Алға қойған мақсаттар мен міндеттерге жетудің жолдары

2003 ж. Қазақстан Республикасындағы кедейлікті кеміту жөніндегі 2003-2005 жж. Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру басталады, онда азаматтардың жұмыспен қамтылуына жәрдем жасау, базалық білім беруге және денсаулық сақтау қызметтеріне қол жетушілікті жақсарту, әлеуметтік көмектің атаулы болуын көтеру және басқа да шараларды жүзеге асыру жолымен осы проблеманы шешуге кешенді әдіс қаралған.

Халықтың әлеуметтік осал топтарын мемлекеттік қолдау жөнінде келесі шаралар

қ а р а л ы п

о т ы р :

зейнеткерлер - зейнетақының ең төменгі көлемін жыл сайын көтеру, зейнетақыны м е з г і л і н д е

т ө л е у ;

жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеген азаматтар - отбасының жан басына келетін табысына байланысты атаулы әлеуметтік көмек көрсету;

жетім балалар, халі нашар отбасыларының балалары - білім алулары үшін керекті жағдаймен және оқуды аяқтағаннан кейін еңбекке орналасу кезінде қосымша жеңілдік жағдайлармен қамтамасыз етілетін болады;

еңбекке жарамсыз халық - мүгедектерді қоғамға біріктіру, мемлекеттік тапсырыстарды жұмыскерлердің көбі мүгедек болып келетін маманданған кәсіпорындарында орналастыру, протез-ортопедиялық бұйымдар шығаруды ұйымдастыру, жәрдемақыны мезгілінде төлеу жөніндегі шараларды жүзеге асыру.

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек халықтың ең қорғалмаған топтарына көрсетілетін болады. Азаматтардың қалған категорияларын (санаттарын) міндетті түрдегі әлеуметтік сақтандыруды енгізу жолымен өз жақсы тұрмысына өзі қамқорлық жасауын ынталандыру жөніндегі шаралар қабылданатын болады. Әлеуметтік қауіптер туған кезде жүкті мемлекет, жұмыс беруші және жұмыскер арасында бөлу саясаты жетілдірілетін болады.

Атаулы әлеуметтік көмек беру тетігін де, табыс деңгейін бақылаудың әдістемесін жетілдіру жалғасатын болады. Еңбекке жарамды халыққа әлеуметтік көмек қоғамдық жұмыстарды, қайта оқыту және еңбекке орналастыруға жәрдем жасауды қаржыландыру арқылы көрсетілетін болады.

Әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру негізгі бағыты әлеуметтік қауіп төнген, еңбекке қабілеті жоғалған, асыраушысы және жұмысы болмай қалған жағдайда міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізу болып табылатын Қазақстан Республикасы халқын әлеуметтік қорғау Тұжырымдамасында көрсетілген принциптер мен тетіктерді жүзеге асыруға құрылатын болады.

Әлеуметтік нормативтерді анықтаудың әдістемелерін одан әрі жетілдіру жоспарлануда: ең төменгі күнкөріс деңгейін, ең төменгі жалақыны, ең төменгі зейнетақыны. Әлеуметтік төлемдердің көлемі мен өсуі нақты әлеуметтік экономикалық мәні бар нормативтерді басшылыққа ала отырып есептелетін болады. Бірыңғай және тұрақты әлеуметтік нормативтер жалақыны да және әлеуметтік төлемдерді де кезең с а й ы н

к ө т е р у д і н

н е г і з і

б о л а д ы .

Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін мемлекеттік реттеу Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік қорғау саясатын жүзеге асырудың негізгі принципі болып қалады. Мемлекет рөлі әлеуметтік сақтандыру және зейнетақының жинақтаушы жүйесін дамытудың жоғарғы деңгейі болған кезде де жетекші болып қалады, өйткені жүйеге қатысушылардың қызметіне бақылау мемлекет жағында қалады. Реформа аяқталғанға дейін мемлекеттік бюджет халықты әлеуметтік қорғау жүйесін қаржыландырудың негізгі көзі болып қалады. Әлеуметтік сақтандыру тетіктерінің дауына байланысты ғана мемлекеттің қатысы төмендейтін болады.

Институционалдық көмектің дәстүрлі пошымдарымен - кәрілігі жеткен және мүгедектер үшін интернат үйлерді ұстап отырумен - қатар атаулы институтционалдық көмектің тұрған жері белгісіз азаматтар үшін үйлер, әлеуметтік қонақ үйлер, жеткіліксіз қамтамасыз етілгендер үшін асханалар ашу сияқты түрлерін дамыту қарастырылып отыр.

Болжамдалған нәтижелер

2003-2005 жж. кедейлікті кеміту жөніндегі Мемлекеттік бағдарламаны табысты жүзеге асыру елдегі кедейлік деңгейін 2005 жылға 2002 ж. салыстырғанда үштен бірге қысқартуға мүмкіндік береді.

2005 ж. жұмыссыздық деңгейін 2002 ж. 9,1%-тен 8,1%-ке дейін төмендету жоспарлануда, табысы кедейлік шегінен төмен халықтың үлесі 2002 ж. 10,6%-тен 2005 жылы 10%-ке дейін төмендейді.

13 ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ Мақсаттар мен міндеттер Мектеп жасына дейінгі саладағы тәрбие беру және оқыту

2003-2005 жж. мектеп жасына дейінгі тәрбие беру мен оқыту жүйесіндегі басты мақсат мектеп жасына дейінгі балаларды мектеп жасына дейінгі тәрбие беру және оқыту бағдарламасымен қамтуды көбейту болып табылады; бес (алты) жасар балаларды міндетті және тегін мектепке дейінгі дайындықпен қамтамасыз ету; мектепке дейінгі және бастапқы білім берудің сабақтастығы және толассыздығы.

Мектепке дейінгі тәрбие беру саласындағы негізгі міндеттер болып табылатындар:

балаларды мектепке дейінгі дайындауды енгізумен байланысты мектепке дейінгі тәрбие беретін педагогикалық қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру жүйесін жетілдіру;

мектепке дейінгі ұйымдарды, балалар бақшасындағы мектеп алдындағы, отбасындағы және мектептегі дайындықты нормативтік-құқықтық, ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;

мектепке дейінгі ұйымдарды ашу және олардың материалдық базасын нығайту.

Жалпы орта білім беру саласында

Орта жалпы білім жүйесіндегі басты мақсат халықтың кепілді орта білім алуын, мектеп жасындағы балалардың жалпыға бірдей міндетті орта біліммен толық қамтылуын, оқытудың сапасын көтеруді қамтамасыз ету болып табылады.

Алдағы кезеңде келесі міндеттерді шешу қаралып отыр:
халықтың барлық топтарының орта жалпы білім беруге қолдарының жетуін қамтамасыз ету;
күндізгі жалпы білім беретін мектептердің құрылысын салу және жүйесін кеңейту;
селолық мектептердің материалдық-техникалық және оқу-материалдық базаларын нығайту;
қосымша білім беру ұйымдарының және интернаттық ұйымдардың әртүрлі типтері мен түрлерінің жүйесін кеңейту.

Бастауыш және орта кәсіби білім беру саласында

Бастауыш және орта кәсіби білім беру жүйесінің алда тұрған үш жылдағы негізгі мақсаты қоғамның, жеке адамның және жеке әлеуметтік топтардың рыногтық экономиканың жұмыс істеп тұрған жағдайындағы қажеттерін ескере отырып еңбек пен өмір үшін бәсекеге "қабілетті жұмыскерлер мен мамандарды даярлау болып табылады.

Бастауыш және орта кәсіби білім беру жүйесінің міндеттері болып табылатындар:
жас азаматтардың жалпы орта біліммен қатар ерте кәсіби дайындық алуы;
негізгі мектептерді (9 сынып) бітірушілердің басым көпшілігінің оқуды кәсіби мектептерде (лицейлерде) және колледждерде жалғастыру мүмкіншілігін қамтамасыз ету;
еңбек рыногында соның ішінде шағын бизнес саласында қажет деп табылатын білікті жұмыскерлердің және жоғары разрядты, класты және категориялы мамандарды даярлауды жүзеге асыру.

Жоғары және жоғары білім беру оқу орындарынан кейінгі кәсіби білім беру саласында

Жоғары және жоғары білім беру оқу орындарынан кейінгі кәсіби білім беру жүйесіндегі негізгі мақсат рыногтық экономика жағдайында оның ғаламдануын, әлемдік білім беру кеңістігіне енуін ескере отырып оны сапалы түрде өзгертуі қамтамасыз ету болып табылады.

Алға қойған мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу ұйғарылуда:
білім беру мен ғылымның бірігуінің тұжырымдамалық негіздерін әзірлеу;
жоғары білім беру оқу орындарынан кейінгі кәсіби білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудің жүйесін жетілдіру;

қазіргі заманғы технологиялар бойынша жұмыс істейтін кәсіпорындар базасында студенттердің өндірістік тәжірибеден өту және лабораториялық, практикалық сабақтарды, оқу ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру мәселелерін түбегейлі ш е ш у ;

білім беруді жіктеудің халықаралық стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары білім беру оқу орындарынан кейінгі кәсіби білімі бар мамандарды дайындаудың құрылымы мен сапасын жетілдіру;

жоғары және жоғары білім беру оқу орындарынан кейінгі кәсіби білімі бар мамандарды дайындаудың барлық бағыттары бойынша мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын әзірлеу және енгізу.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру саласында

Білім беру жүйесінде ақпараттандырудың негізгі мақсаты білім берудің барлық деңгейінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқытуды енгізу, сондай-ақ әлемдік білім беру кеңістігіне бірігу арқылы қазақстандық білім берудің сапасын көтер у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың міндеттері болып саналатындар:

білім беру жүйесінің ақпараттық-коммуникациялық желісін жасау;

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың нормативтік-құқықтық базасын жасау.

Алға қойылған мақсаттарға жетудің және міндеттерді шешудің жолдары.

Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту саласында

Мектепке дейінгі ұйымдардың желісін кеңейту, олардың материалдық базасын нығайту ;

мектепке дейінгі сапалы білім беру бағдарламаларына балалардың қолы жетуін қамтамасыз ету ;

мектепке дейінгі дайындықты көбінесе мектепке дейінгі ұйымдардың базасында ұйымдастыру ;

мектепке дейінгі моделді сыныптардың санын көбейту;

2003/2004 оқу жылынан мектепке дейінгілер үшін оқу-әдістемелік кітаптардың алғашқыларын енгізу ;

ірі кәсіпорындар мен ұйымдардың ведомстволық мектепке дейінгі ұйымдарды ашу тәжірибесін кеңейту ;

"мектеп-бала бақшасы" кешенінің санын кеңейту, әсіресе селода жалпы білім беру мектептерінде мектепке дейінгі тәрбие берудің мини-орталықтарын құру;

мамандықты көтеру институттарының базасында мектепке дейінгі ұйымдардың педагогикалық қызметкерлеріне, әсіресе мектепке дейінгі топтар мен сыныптардың

тәрбиешілерінің кемінде 20%-ін курстық даярлаудан және қайта даярлаудан өтуін қамтамасыз ету ;

мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің бағдарламасын жергілікті деңгейде басымдылықпен қаржыландыру.

Орта жалпы білім беру саласында

Жалпы білім беру мектептерінің 7-9 сыныптар үшін оқулықтардың және оқу-әдістемелік кешені алғашқы буынын әзірлеу және енгізу, кезеңдер бойынша 2005 жылға дейін 3-5 сыныптар үшін оқулықтарды қайтадан басып шығару;

орта білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарының талабының орындалуының нәтижелерін бағалау жүйесін жасау;

күрделілігі әртүрлі деңгейдегі лабораториялық және көрсету жұмыстарын жүргізу үшін жалпы білім беру мектептерін ең жаңа жабдықтармен кезең сайын қамтамасыз ету ;

оқу орындарының материалдық-техникалық және оқу-материалдық базаларын нығайту ;

білім беруді ұйымдастыру үшін қазіргі заманғы үлгідегі ғимараттарды салу;

балалар мен жасөспірімдерді оқытудың және тәрбиелеудің принципалды жаңа инновациялық әдістемелер мен технологияларын ресми мақұлдау үшін тәжірибелік алаңдарды жасау ;

қосымша білім беру ұйымдарының және әртүрлі үлгідегі және түрдегі интернаттық ұйымдардың, әсіресе даму мүмкіндіктері шектеулі балалары үшін, балалар үйінің және отбасы үлгісіндегі деревнялардың, жастар үйінің желісін кеңейту;

12-жылдық білім беруге көшудің ғылыми-әдістемелік базасын жасау және жолдарын анықтау ;

білім берудің беймемлекеттік ұйымдарының желісін дамыту; орта білім беруге шығысты анықтаушы нормалар мен нормативтер әзірлеу.

Бастауыш және орта кәсіби білім беру саласында

Барлық аудан орталықтарында және шағын қалаларда бастауыш кәсіби білім беру оқу орындарының ісін қалпына келтіру және ашу;

мамандықтар мен кәсіптер бойынша бастауыш және орта кәсіби білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарын әзірлеу және енгізу;

кадрлар даярлау мәселесінде жұмыс берушілер мен бастауыш және орта кәсіби білім беру оқу орындарының әлеуметтік әріптестігін ұйымдастыру және дамыту;

бастауыш және орта кәсіби білім беру ұйымдарын мағынасы бойынша технологиялық процестерге және қазіргі заманғы өндірістің жабдықтарына сай келетін оқулықтармен және оқу құралдармен қамтамасыз ету;

бастауыш және орта кәсіби білім беруді қаржыландыру жүйесін жетілдіру;
бастауыш және орта кәсіби білім беру оқу орындарында негізінен негізгі мектептердің (9 сыныпты) базасында және аймақаралық деңгейде білікті жұмыскерлерді және мамандарды даярлауға мемлекеттік тапсырысты қалыптастыруды және орналастыруды қамтамасыз ету; бастауыш және орта кәсіби білім беру ұйымдарын бітірушілерін еңбекке орналастыруға жәрдем көрсету;
бастауыш және орта кәсіби білім беру ұйымдарын ақпараттандыру.

Жоғары және жоғары білім беру орындарынан кейінгі кәсіби білім беру саласында Білім беру мен ғылымның бірігуінің Тұжырымдамасын әзірлеу; жоғары кәсіби білім беру үшін оқулықтардың және оқу құралдарының жаңа буынын әзірлеу және шығару; жастарға мемлекеттік білім беру гранттарын және мемлекеттік білім беру несиелерін берудің тетігін жетілдіру; магистратура арқылы тереңдетілген жоғары кәсіби білімі бар мамандарды дайындауға мемлекеттік тапсырысты ұлғайту; әлемдік білім беру кеңістігіне ену процесін ескере отырып жоғары оқу орындарын мемлекеттік аттестациялауды жетілдіру; студенттерді даярлау, оқытушылардың біліктілігін көтеру және қайта даярлау, сондай-ақ бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу процесінде халықаралық қарым-қатынасты кеңейту; аймақтық жоғары оқу орындарының айрықша статусы туралы Типтік ережесін әзірлеу; жоғары кәсіби білімі бар мамандарға еңбек рыногытағы сұранымның құрылымын орта және ұзақ мерзімді болжамдаудың Әдістемесін енгізу; әлеуметтік әріптестік шеңберінде жоғары оқу орындарын бітірушілерді жұмысқа орналастыру қызметін дамыту; республика жоғары оқу орындарында оқытудың дистанциялық пошымын енгізу; аймақтарда ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудағы және орналастырудағы диспропорцияларды жою; елдің әлеуметтік-экономикалық даму үшін басымдық маңызы бар кейбір келешегі бар ғылыми бағыттар мен мамандықтарды дамыту.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру

Қазіргі заманғы электронды оқулық басылымдарды жасау және енгізу; ақпараттық білім беру ресурстарының деректер базасын қалыптастыру үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді жасау; білім беру ұйымдарын ақпараттық құралдармен қамтамасыз ету;

дистанциялық оқытуды ұйымдастыру;
"Білім беру жүйесін ақпараттандыру" бағдарламасын әзірлеу.

Болжамдалған нәтижелер

Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту саласында 2005 ж. мектепке дейінгі тәрбие берумен қамтылған балалар санының өсуі 2002 ж. қарағанда 9,4% өседі деп күтілуде.

Орта жалпы білім беру саласында

Білім берудің халықтың барлық топтарына қол жететіндей болуын қамтамасыз ету мақсатында жалпы білім беретін мектептер жүйесі кеңітін болады. 2005 ж. олардың саны 86 бірлікке өседі, оқушылар контингенті тек 0,9% өскен жағдайда.

Білім берудің 12 жылдық циклымен орта жалпы білім берудің Ұлттық моделін әзірлеу жөніндегі жоба жүзеге асатын болады.

Село мектебіне айрықша көңіл бөлінетін болады. "Ауыл мектебі" Бағдарламасы жүзеге асырылатын болады, ол білім берудің селолық ұйымдарының жұмысын жақсартуды, олардың тұрақты дамуын, оқу-материалдық базасын, сондай-ақ кадр потенциалын нығайтуды қамтамасыз етеді. Селолық мектептер үшін мұғалімдер даярлау және қайта даярлау аз комплекті мектептер ерекшелігін ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

Білім берудің беймемлекеттік ұйымдары одан әрі дамитын болады. Олардың өсуі 2005 ж. 2002 ж. қарағанда 9,2% жетеді деп болжамдалуда.

Бастауыш және орта кәсіби білім беру саласында

Бастауыш және орта кәсіби білім беру ұйымдарының жүйесі шамалы ғана көбейеді, кәсіби мектептерде (лицейлерде) кадр даярлауды кеңейту негізінен негізгі мектеп (9 сыныпты) базасында оқушылар қабылдауды көбейту есебінен кеңейтетін болады.

Жоғары және жоғары оқу орындарын бітіргеннен кейінгі кәсіби білім беру саласында 2003 ж. мемлекеттік жоғары оқу орындарының саны 49-дан 37-ге дейін қысқарады, сол кезде оларда оқитын студенттер саны 2002 ж. қарағанда 2,8% өседі.

14 ТАРАУ. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ Мақсаттар мен міндеттер

Мақсат - селолық денсаулық сақтаудың басымдықпен дамуын, саланы қаржыландыру тетіктерін жетілдіруді ескере отырып, медициналық және дәрілік қызметтің сапасын және қол жетерлігін көтеру арқылы ауру-сырқаулық деңгейін нақты төмендету және халықтың денсаулық жағдайын жақсарту.

Мақсатқа жетуге келесі міндеттерді шешу жағдай жасайтын болады:

халыққа сапалы медициналық және дәрілік көмек көрсету;
санитарлық-эпидемиологиялық саулықты қамтамасыз ету;
медициналық қызмет рыногындағы қаржылық инструменттерді жетілдіру;
алғашқы медициналық-санитарлық көмек объектілерінің және диагностикалық
орталықтардың жүйесін дамыту;
салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі шараларды жандандыру.

Алға қойған міндеттерді шешудің жолдары

Денсаулық сақтау объектілерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту,
кадрлармен қамтамасыз ету, санитарлық автокөлікпен жабдықтау арқылы алғашқы
медициналық-санитарлық көмек жүйесін одан әрі күшейту жөніндегі шаралар
қ а р а с т ы р ы л ы п о т ы р .

Селолық денсаулық сақтауға мамандарды тарту үшін селолық медицина
қызметкерлеріне кәсіби қызметі, пәтер беру үшін жағдай жасау жөніндегі шаралар
қ а б ы л д а н а т ы н б о л а д ы .

Профилактикалық тексеру жүргізу, анықталған мұқтаждарды бұдан былай тұрақты
диспансерлеу мен сауықтыру, бірінші кезекте балалар мен бала табуға жарамды
жастағы әйелдері, халықтың әлеуметтік әлсіз тобына баса көңіл бөле отырып
медициналық көмектің салалық бағдарламасын жүзеге асыру арқылы халықтың
денсаулығын паспорттандыру жалғасатын болады.

Сапаны басқару жүйесін жетілдіру мақсатында медициналық көмектің әр деңгейі
үшін сапа индикаторын анықтау, оңтайлы схеманы қолдана отырып диагностика мен
ауруларды емдеудің стандарттарын жасау, емделушілердің денсаулығына зиян
келтіргені үшін медицина қызметкерлерінің жауапкершілік дәрежесін анықтау жөнінде
шаралар жасап шығару, мамандардың біліктілік деңгейін көтеру ұйғарылып отыр.

Денсаулық сақтау саласын қаржыландырудың тетігін жетілдіру жөнінде шаралар
жүзеге асырылатын болады. 2003 жылдан бастап медициналық қызметтің кепілді
көлемін қамтамасыз етуге бюджет қаражатын бөлудің нормативтік әдісін енгізу,
міндетті медициналық сақтандыру жүйесін енгізу бойынша дайындық кезеңін жүргізу
ұ й ғ а р ы л ы п о т ы р .

Дәрілік заттардың сапасын жақсарту және халықтың қалың тобының қолы
жетерліктей болуы, фармацевтикалық индустрияны және медициналық өнеркәсіпті
дамыту жөнінде шаралар қаралмақ.

Дәріханалар ұйымдары жүйесінің дамуы жалғасуда. Жайылымдық мал
шаруашылығы учаскелеріндегі, шекара бекетіндегі, тұрғындар саны аз шалғайдағы елді
мекендердегі азаматтар дәрілермен қамтамасыз етудің арнайы режимінің шаралары
қ а р а с т ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Мемлекеттік дәріханалардың санын көбейту және фармацевтік секторда бәсекені

күшейту мен дәрілік заттардың отандық өндірісін одан әрі дамыту есебінен дәрілік заттарға бағаны тұрақтандыру мен төмендету жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Жұқпалы ауруларды азайту жөніндегі профилактикалық шаралар ретінде мемлекеттік шекаралар түйіліскен жерлерде санитарлық-карантиндік пункттер жүйесін дамыту және жұмысын жетілдіру, аса қауіпті жұқпалы аурулардың табиғи ошақтарында жүргізілетін профилактикалық шаралардың көлемін көбейту, халықтың жұқпалы аурулармен ауруының алдын алу жөнінде бағдарламаларды жүзеге асыру қаралған. Халықты вакцинамен егу бағдарламаларын кеңейту есебінен вакцинамен басқарылатын жұқпалы аурулармен ауруды азайту және профилактикасы жөніндегі шаралардың тиімділігі көтеріледі.

Қоршаған ортаны ластаушы кәсіпорындардың экологиялық және санитарлық-гигиеналық кешенді мониторингісін жүргізу қаралып отыр.

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде салауатты өмір салтын насихаттау, денсаулық сақтау саласына профилактикалық бағыт беру жөніндегі іс-әрекет жандандырылатын болады.

Денсаулықтың профилактикасы мен нығаюы жөніндегі бағдарламаларды одан әрі жүзеге асыру туралы шаралар қабылданатын болады.

Салауатты өмір салты мәселелері бойынша оқытушы кадрлар даярлауды және қайта даярлауды кеңейту, "Салауатты университеттер", "Денсаулықты күшейту мектептері" Халықаралық бағдарламаларын енгізу қаралып отыр. Салауатты өмір салтын БАҚ арқылы насихаттау жөніндегі жұмыс жандануда, соның ішінде телеарналарда арнайы бағдарламалар жасау, баспа басылымдарында арнайы айдарлар ашу.

Болжамдалған нәтижелер

Елдің барлық елді мекендері медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етілетін болады. 2005 ж. дербес амбулаториялық-поликлиникалық ұйымдардың саны 4,4% өседі, ауруханалардың саны 6,1%, фельдшерлік пункттер 1,5%, фельдшерлік-акушерлік пункттер - 0,8%. Бұл республиканың барлық халқына алғашқы медициналық-санитарлық және білікті дәрігерлік көмектің қол жетерліктей болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Денсаулық сақтаудың беймемлекеттік секторы дамиды.

Денсаулық сақтау объектілерінің материалдық-техникалық базасы күрделі жөндеу жүргізу және жаңа құрылыс салу, қазіргі кездегі медициналық жабдықтармен, санитарлық автокөлікпен жабдықтау арқылы нығаяды. Әлеуметтік осалдықтың қиын шегіндегі халық топтарына медициналық көмектің бағытталуы күшеймек.

Дәріханалар ұйымдарының жүйесі 2005 ж. 8,2% көбейеді, бұл село тұрғындарына, әсіресе шалғай аудандардың, халықтың әлеуметтік осал топтарына дәрілік көмекті жақсартуға мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау ұйымдарын, әсіресе селолық ұйымдарын, кәсіби кадрлармен қамтамасыз ету деңгейі көтеріледі.

Елдегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуал тұрақтанады. Жұқпалы аурулардың деңгейі төмендейді, соның ішінде ерекше қауіпті жұқпалы аурулардың бұрқ етуі, жүргізілетін шаралардың профилактикалық бағыттылығы көтеріледі.

Азық-түлік рыноктарының, қоғамдық тамақтану объектілерінің және сауданың, су құбыры ғимараттарының санитарлық-гигиеналық жағдайы, халықтың денсаулығы үшін ауыз судың және азық-түліктің қауіпсіздігі жақсарады.

Аурулардың профилактикасы және салауатты өмір салтының маңыздылығы туралы халықтың білім деңгейі көтеріледі, өз денсаулығы үшін жауапкершілік сезім қалыптасады, халықтың жалпы және жұқпалы ауруға шалдығуы төмендейді.

15 ТАРАУ. МӘДЕНИЕТ, ТУРИЗМ ЖӘНЕ СПОРТ

Мақсаттар мен міндеттер

Мәдениет

Мәдениет саласындағы негізгі мақсаттар бірыңғай мәдени-ақпараттық кеңістікті күшейту арқылы қоғамның рухани потенциалын жүзеге асыру; тарихи-мәдени мұраларды сақтау және дамыту; кәсіби өнерді және халық творчествосын дамыту жағдайын қамтамасыз ету; тіл жөнінде балансталған және әлеуметтік бағдарланған ж а с т а р с а я с а т ы н жү р г і з у .

Мәдениет саласындағы негізгі міндеттер болып саналатындар: мәдениет өнімі мен қызметінің кепілді минимумына халықтың қолы жетуін қ а м т а м а с ы з е т у ;

тарихи-мәдени мұраның ескерткіштерін сақтау жөніндегі бірінші кезекті шаралардың әзірленіп жатқан бағдарламасы шеңберінде тарихтың, археологияның және архитектураның, тарихи орталықтардың ескерткіштерінің сақталуын қамтамасыз ету;

шетелдерде Қазақстанның беделін көтеру үшін халықаралық мәдени б а й л а н ы с т а р д ы к е ң е й т у ;

кәсіби өнер мен халық творчествосының дамуын нормативтік-құқықтық және бағдарламалық қамтамасыз етуді жетілдіру;

селолық жердегі мәдени инфрақұрылымды күшейту және дамыту; мемлекеттік тілді дамыту;

мәдениет пен өнердің саласындағы кадр потенциалын нығайту; жас ұрпақтың дамуы үшін құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайларды жасау;

шетелдерде тұратын отандастарға мәдени-ағартушылық және тіл жөнінде көмек көрсету.

Туризм

Басты мақсат экономикалық өсуге және халықты жұмыспен қамтуды көтеруге жәрдем жасау үшін елдің туристік саласын экономиканың табысты саласына айландыру, туризмнің жоғары пайдалы индустриясын жасау және туристік қызметтің халықаралық рыногында бәсекеге қабілетті ұлттық туристік өнімді жүзеге асыру.

Спорт

Спорт саласындағы негізгі мақсат дене шынықтыру және спорт құралдарымен салауатты өмір салтының принциптерін бекіту, дене шынықтыруды және бұқаралық спортты, жоғары жетістіктер спортын дамыту болып табылады.

Алдағы кезеңде келесі міндеттерді шешу қаралып отыр:
жоғары класты спортшыларды дайындау үшін қазіргі заманғы базаны, денешынықтыру-сауықтырудың кең жүйесін және спорт ғимараттарын жасау;
бұқаралық спортты дамыту, әсіресе селода;
олимпиадалық, ұлттық, техникалық және қолданбалы спорт түрлерін және халық ойындарын дамыту;

Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларын халықаралық жарыстарға дайындау.

Алға қойған мақсаттарға жету және міндеттерді шешу жолдары Мәдениет

мәдениет пен өнердің қызметкерлерінің кадр потенциалын күшейту;
селодағы мәдени-демалыс жұмыстарын одан әрі қайта өркендету және дамыту;
халықаралық мәдени байланыстарды кеңейту, Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін және дәстүрлерін жан-жақты дамыту;

мәдениет өнімдері мен қызметтерінің кепілді минимумына халықтың қолын жеткізетіндей әлеуметтік нормативтерді әзірлеу;

әлеуметтік маңызы бар әдебиетті шығаруды қамтамасыз ету;
тілдердің қызмет етуі мен дамуының 2001-2010 жж. Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру;

қазақ халқы басым облыстарда іс жүргізуді мемлекеттік тілге көшіруді жалғастыру;
салалық, жеке терминологиялық сөздіктерді шығаруды жүйеге келтіру және үйлестіру;

қазақ тілінің электрондық терминологиялық базасын жасау;
бұқаралық ақпараттық құралдардың нормативтік-құқықтық базасын жасау және қазақстандық телерадиохабарлық инфрақұралымын дамыту, масс-медианың отандық

рыногында мемлекеттің ақпараттың ықпалының деңгейін көтеру;

Қазақстан Республикасында телерадиохабарды 2002-2005 жж. дамытудың бағдарламасы шеңберінде азаматтардың ақпараттық қажеттерін толығырақ қанағаттандыру үшін телерадиохабардың көпбағдарламалы жүйесін жасау;

жастардың азаматтық қалыптасуы және әлеуметтік өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жасалып жатқан 2003-2004 жж. "жастар саясаты бағдарламасының" шеңберінде құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру жағдайларын жасау және нығайту;

жастардың кәсіпкерлігін дамыту, орта және жоғары кәсіби оқу орындарын бітірушілерді жұмыс орнымен қамтамасыз ету, студенттік еңбек отрядтары қызметінің саласын жетілдіру және кеңейту үшін ипотеканың және преференциялар жүйесі негізінде жастарға және жас отбасыларына несие беруді жетілдіру;

Қазақстан Республикасының мұрағат ісін дамыту бағдарламасы шеңберінде мұрағаттардың архивтердің материалдық-техникалық базасының жүйесін кеңейту және жетілдіру.

Туризм

Туристік саланы дамытудың міндеттерін шешу және алға қойған мақсаттарға жету үшін 2002 ж. 2005 ж. кезеңде төмендегілер жоспарлануда:

Қазақстан Республикасында 2003-2005 жж. туристік саланы дамытудың
Бағдарламасын қабылдау;

туристік саланы 2003-2005 жж. дамытудың аймақтық бағдарламаларын әзірлеу
және іске асыру;

деректер базасын қалыптастыру және елдің туристік потенциалы туралы ақпараттық және жарнамалық материалдарын тарату, қазақстандық туристік өнімді халықаралық туристік рынокте және мемлекет ішінде жылжыту мақсатында туристік сала үшін Республикалық туристік ақпараттық орталықты құру;

аймақтық туристік ақпараттық орталықтарды облыстарда және Алматы қаласында
құру;

мемлекеттік "Ұлы Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау" атты бағдарламасын одан әрі іске асыру;

туризм инфрақұрылымының және іргелес мемлекеттермен бірге халықаралық туристік маршруттардың дамуын қарастыратын жобаларды әзірлеу, инвестициялау
және іске асыру;

Дүние жүзілік туристік ұйым жүргізетін аса ірі халықаралық туристік көрмелерге, биржаларға және негізгі оқиғалар мен форумдарға Қазақстанның жыл сайын қатысуы арқылы қазақстандық туристік өнімді туристік қызметтің әлемдік рыногына жылжытуға бағытталған шараларды қамтамасыз ету;

жыл сайын Қазақстандық Халықаралық "Туризм және саяхат" туристік жәрмеңкесін өткізу ;

туристік саладағы инвестициялау, салық салу стандарттау мен сертификаттау, статистикалық есепке алу мәселелері бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу ;

шетелдік туристердің келу және тіркеу процедураларын оңайлату; саланың ақпараттық кеңістігін қалыптастыру мақсатында интерактивтік геоақпараттық жүйені жасау және енгізу.

Спорт

Қазақстан Республикасында 2001-2005 жж. дене мәдениетін шынықтыру мен спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру; спорттағы дарынды балалар үшін облыстық мектеп-интернаттар құру; облыстық дәрігерлік-физкультуралық диспансерлерді құру; балалар-жастар спорттық мектептерінің, жасөспірімдер клубының, дене шынықтырудың балалар-жастар клубтарының жүйесін дамыту, әсіресе селолық жерде;

жазғы және қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық дайындықтың республикалық орталықтарын құру;

спорттың ұлттық түрлерін және халықтық түрлерін насихаттау және дамытудың республикалық орталығын құру;

спорттық резервтерді дайындаудың аймақтық орталықтарын құру; селолық округтерден бастап, аудандық, облыстық, республикалық төрт кезеңде селолық спорттық ойындар өткізу;

балалардың жаппай спорттық жарыстарын өткізу, халықтың дене даярлығының президенттік тестісін енгізу;

Алматы қаласының тау бөктерінде олимпиадалық спорттық базаның құрылысын салу ;

дене шынықтыру мен спорт бойынша ақпараттық - білім беру және насихаттау қызметін күшейту ;

бұқаралық спорттың және жоғары жетістіктер спортының нормативтік-құқықтық базасын одан әрі дамыту ;

бұқаралық спорттың және жоғары жетістіктер спортының проблемалары бойынша ғылыми базаны жасау.

Болжамдалған нәтижелер Мәдениет

Мәдениет ұйымдарының санын 9,3% көбейту қаралып отыр, соның ішінде мемлекеттіктерін - 14,2%, мәдени-демалыс ұйымдарын - 10%, кітапханаларды - 9,1%.

Туризм

Туризммен шектес салалардың (көлік-коммуникациялық инфрақұрылым, сервис, құрылыс, сақтандыру және басқалары) дамуына және туризмнің инфрақұрылымының дамуы үшін инвестициялық белсенділікті ынталандыруға негізделген жоғарыда баяндалған шаралардың тек кешенді жүзеге асуы ғана елдің табысының, халықтың жұмыспен қамтылуының тұрақты өсуін қамтамасыз етеді.

Спорт

2005 ж. спорттық ғимараттардың саны 2% көбейеді, спорт клубтарының саны - 18% , балалар-жастар клубы - 36%, балалар-жастар спорт мектептері - 15,2% және кәсіби спортшылардың саны - 9%.

16 ТАРАУ. ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚАТЫСЫ

Мақсаттар мен міндеттер

2003-2005 жж. басты мақсат қоғамдық-саяси өмірдегі әйелдердің белсенділігі мен рөлін көтеру үшін жағдай жасау және пәрменді тетіктерді әзірлеу, әйелдердің жағдайын жақсарту болады.

Осыған байланысты келесі міндеттерді шешу ұйғарылады:
елдің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуында әйелдердің қатысын кеңейту;
олардың денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі шараларды қабылдау;
әйелдерге қатысты тұрмыстағы зорлықтың профилактикасы.

Алға қойған мақсаттар мен міндеттерге жетудің жолдары

Әйелдерге қатысты зорлық мәселесіне тиісті күшіндегі заңдарды халықаралық нормаларға сәйкес ету жөніндегі шаралар жүзеге асырылатын болады. Гендерлік саясат Тұжырымдамасын, "Тұрмыстағы зорлық туралы" Заңды әзірлеу және қабылдау, әйелдерді құқықтық ағартуды ұйымдастыру ұйғарылып отыр. Осы мақсатта құқық қорғау органдарының жоғары оқу орындары мен колледжілерінің оқу бағдарламаларына әйелдерге қатысты зорлық мәселелері бойынша арнайы курстар енгізілетін болады.

2003 ж. республиканың облыс орталықтарында зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер үшін сенім телефоны мен баспанасы бар дағдарыс орталықтарын жасау жөніндегі жұмыс аяқталады және оларды қалаларда және аудан орталықтарында жасау басталады. ІІМ жүйесіндегі маман кадрлары бар тиісті бөлімшелер бұл жұмысқа

әйелдерді де тарта отырып күшейтілетін болады.

Әйелдер кәсіпкерлігіне оларды кәсіпкерлік қызметтің негізіне, еңбек рыногында сұраныммен пайдаланатын мамандықтарға оқыту арқылы одан әрі қолдау жасау, әйелдер арасында шағын несие беру, әйелдерді шешім қабылдайтын деңгейге дейін жылжыту және оларды экономиканың басымдықты және жоғары ақы төленетін салаларына тарту арқылы гендерлік теңдік қамтамасыз етілетін болады.

Әйелдердің денсаулық жағдайын жақсарту мақсатында отбасын жоспарлау, екіқабат және бала емізетін аналардың тамақтануын жақсарту, сүт безінің рак ауруын ертерек білу үшін орталықтар құру, "Балаға жылы шырайлы ауруханалар" бағдарламасы бойынша Денсаулық сақтаудың дүниежүзілік ұйымының (ДСД) критерийлерін енгізу жөніндегі жұмыс жетілдірілетін болады.

Болжамдалған нәтижелер

Қабылданған шаралар нәтижесінде әйелдерді экономикалық және саяси жылжытудың жақсаруы, әйелдер денсаулығының индексінің жоғарлауы, оларды тұрмыстағы зорлықтан қорғау қамтамасыз етілуі күтіледі.

17 ТАРАУ. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ БАСҚАРУ

Мақсаттар мен міндеттер

Мақсат - қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру, қоғамның қажетіне сәйкес табиғатты пайдалану процесін реттеу, күшіндегі табиғатты қорғайтын заңдарды халықаралық талаптарға сәйкестендіру.

Алға қойған мақсаттар мен міндеттерді пешу жолдары Қоршаған ортаны қорғау

Қоршаған ортаға шаруашылық қызметтің әсерін төмендету және қалдықтарды пайдалану деңгейін көтеру мақсатында табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау жүйесін оңтайландыру қажет. Қазіргі қолда бар шашыраңқы ведомстволық жүйені бірлестіру және табиғатты пайдалануды өндірістік мониторингілеу, қоршаған ортаны қорғау саласында басқару шешімдерін қабылдаудың және ұтымды табиғат пайдаланудың негізі болып табылатын экологиялық ақпарат жинауды ұйымдастыруды қамтамасыз ету, табиғи ресурстардың кадастрын әзірлеу, Каспий қорықтық зонасында және Каспий маңындағы аймақта іс-әрекет жүргізіп жатқан кәсіпорындарға қосымша экологиялық талаптар әзірлеу, жұмыстың экологиялық қауіпті түрлерін міндетті экологиялық сақтандыруды енгізу үшін құқықтық негіздер жасау, "Қоршаған ортаны 2004-2006 жж. қорғау" бағдарламасын әзірлеу мақсатында қоршаған ортаның және

табиғи ресурстардың мониторингісінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін жасау ұйғарылуда.

Қоршаған ортаны қалпына келтіру және оңалту мақсатында қоршаған ортаның сапасын жақсарту жобаларын жүзеге асыруға, зиянды, соның ішінде радиоактивтік қалдықтар жинақталған жерлердегі тарихи ластануды зерттеуге, тарихи ластануды жою жөніндегі бағдарламаны жүзеге асыруға іс-әрекетті бағыттау ұйғарылуда. Халықаралық ұйымдармен бірге Нұра-Есіл өзендерінің су алабының қоршаған ортасын қалпына келтіру және басқару, Солтүстік-Шығыс Қазақстанды сумен жабдықтау және тазалығын сақтау, сондай-ақ биологиялық әртүрлілікті сақтаудың, шөлге айналумен күресуі, парниктік газды және озонды бүлдіруші заттарды шығаруды болдырмаудың ғаламдық экологиялық проблемаларды шешу жөніндегі жобаларды жүзеге асыру бойынша жұмыстар жалғанатын болады. Балхаш көлі су алабындағы қоршаған ортаның объектілерін оңалту бағдарламасын әзірлеу белгіленіп отыр.

Республикалық бюджеттің, кәсіпорындар мен халықаралық ұйымдардың қаражаты есебінен экологиялық және табиғат қорғау бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша қаржы ресурстарын оңтайлы пайдалану жөніндегі жұмысты жалғастыру ұйғарылып отыр. Халықаралық қорлар, қарыздар мен гранттар қаражатын трансшекаралық әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге бағыттау, сондай-ақ ғаламдық экологиялық проблемаларды шешу жөнінде халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасты кеңейту, жобаларды бірлесіп қаржыландыруды қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Табиғи ресурстарды басқару

Су ресурстары

Су ресурстарының тапшылығын қысқарту мақсатында ірі өзендер су алабтары бойынша су ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғаудың республикалық бағдарламасы, суды сақтау жөнінде мақсатты бағдарлама әзірленетін және жүзеге асатын болады, Қытай Халық Республикасының Үкіметімен, сондай-ақ Қырғыз және Өзбек Республикаларымен қарым-қатынаста трансшекара арқылы ағатын суларды ұтымды және әділ пайдалану мәселелері бойынша келісімдерді жүзеге асыру жалғасады. Суды ұқыпты пайдалану мен қорғауға ынталандыратын жер үстіндегі суларды пайдаланғаны үшін төлемнің әртүрлі ставкалары және жер үстіндегі көздердің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемнің ставкасын анықтайтын Әдістеме әзірленіп, ол енгізілетін болады, Астана қаласының сол жақ жағалаудағы салынған құрылыстарды тасқын сулардан қорғау жөніндегі құрылыстардың жобасын әзірлеу және с а л у қ а р а с т ы р ы л ы п о т ы р .

Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету салалық "Ауыз су" бағдарламасының шараларын, селолық елді мекендерді сумен жабдықтауды жақсарту жөніндегі жобаларды жүзеге асыру жолымен іске асатын болады.

Су ресурстарын басқару өзендер мен көлдерге олардың бұрынғы кездегі тазалығын қайтарып беруге қабілетті су алабтарының экологиялық қорғалуын білдіреді.

Өзгерген экономикалық жағдайда су ресурстарын пайдаланудың заңды негіздерін жасау мақсатында Су кодексінің жаңа редакциясы даярлануда. Су шаруашылық объектілерінің жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шараларға жұмсалатын шығындарға су ресурстарын пайдаланғаны үшін жиналатын төлемдердің бара-бар болуын қамтамасыз ететін кейбір нормативтік құжаттарды дайындау және қабылдау жоспарлануда. Су шаруашылық құрылыстары мен қондырғыларды ұстап тұру бойынша шығындарды су пайдаланушылар қаражаты есебінен өзін-өзі қаржыландыруға кезең-кезеңімен көшіретіндей ақылы су пайдаланудың экономикалық тетігі жөніндегі әдістемелік нұсқаулар жасалып жатыр.

2010 ж. дейінгі экономиканың су секторының даму тұжырымдамасы мен су шаруашылығының саясаты әзірленіп, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 ж. 21 қаңтардағы N 71 қаулысымен мақұлданды және онда басқару қызметін шаруашылық қызметтен ажырата отырып Қазақстан Республикасының су ресурстары мен су шаруашылығын басқарудың кезең сайын реформалануы (орталыққа тәуелділікті жою, қайта құрылымдау) және құрылымының жетілдірілуі ескерілген. Оның негізгі міндеттерін шешу мақсатында 2002-2004 жж. қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметінің қызметін іске асыру бойынша, олардың жүзеге асырылуы халықты және шаруашылық кешенді сумен қажетті көлемде және кепілді сапамен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, шаралар жоспарының жобасына ұсыныстар енгізілді.

Орман ресурстары

Мемлекет басшысы таяудағы он жылдықтағы Үкімет жұмысының басымдықтарының бірі етіп ормандарды үдемелі өндіруді, күзетуді және қорғауды анықтағанын ескере отырып Орман кодексінің жаңа редакциясын, "Қазақстан орманы" салалық бағдарламаны және басқа ормандарды, өсімдік пен жануарлар әлемін қорғауды күшейту мен оларды пайдалануды тәртіпке келтіру жөніндегі нормативтік-құқылық актілерді әзірлеуді аяқтау ұсынылады.

Осыған байланысты ормандарды авиациямен күзету және өртке қарсы ұйымдастыру жөніндегі жұмыс көлемін көбейту, орман патологиясының мониторингісін ұйымдастыру, орманның зиянкестері мен ауруларымен күрес жүргізу, жыл сайынғы ағаш отырғызу мен себуді 1 мың гектар алқапта қамтамасыз ету үшін отырғызатын материалдарды өндіруді көбейту, орманды күзету, орманда аң аулауды

ұйымдастыру жөніндегі шаралар кешенін жүргізу, орман жағдайын зерттеуді жүргізу, орман және өсімдік ресурстарын пайдаланудың ғылыми-негізделген көлемін белгілеу, орманды қорғау қызметін қалпына келтіру, орманды қорғайтын мекемелерді және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды материалдық-техникалық құралдармен және басқа да қызметтердің штаттық санын нормативке дейін жеткізу, ол үшін республикалық бюджеттен орман саласын қаржыландыруды көбейту қаралған.

2003-2005 жж. Ерейментау, Сынтас мемлекеттік табиғи қорықтарын, Жоңғар Алатауы, Шарын арнасы мен Көлсай көлі мемлекеттік ұлттық парктерін құру, сондай-ақ Павлодар мен Шығыс Қазақстан облыстарындағы ленталық қарағайлы ормандарда мемлекеттік табиғи резервтер құру және экологиялық туризмнің жаңа маршруттарын әзірлеу мен игеру жоспарланып отыр.

Жануарлар әлемінің ресурстары

Аңшылық шаруашылығында пайдаланылатын жерлерді есепке алу, аңшылықты пайдаланатындардың күшімен өркениетті аң аулау және балық аулау орындарын ұйымдастыру, ауланатын - кәсіптік аңдар мен құстардың экологиялық-жағрафиялық және биологиялық ерекшеліктерін зерттеу жөнінде мақсатты бағдарламалар мен оларды пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу ұйғарылып отыр.

Балық шаруашылығын басқару органдарында Қазақстан Республикасының 2003-2007 жж. балық шаруашылығын дамыту Бағдарламасын әзірлеуді аяқтау және бекіту, оның мақсаты балық өнімдерін өндірудің құлдырауын 2005 ж. тоқтату және 2007 ж. тұрақтандыру болып табылады.

18 ТАРАУ. АЙМАҚТАРДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ

Мақсаттар мен міндеттер

Алдағы жылдары мемлекеттік аймақтық саясат Қазақстан Республикасының 2002-2006 жж. аймақтық саясатының Тұжырымдамасына сәйкес жүзеге айырылатын болады.

Аймақтық саясаттың мақсаты инфрақұрылымның, шаруашылық қызметтің күшеюіне және халықтың тұрмыс деңгейін проблемалы аймақтарды теріп алып қолдау саясатымен байланыстырып жақсартуға жағдай тудыратын инвестициялық маңызды жобаларды жүзеге асыру жолымен әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі аймақтар арасында орын алып отырған айырмашылықтарды төмендету болып табылады.

Аймақтық саясаттың міндеттеріне жататындар:
аймақтардың үдемелі және балансталған әлеуметтік-экономикалық дамуын

қ а м т а м а с ы з

е т у ;

мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілетті анық айыру және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру;

проблемалары бар шағын қалалар мен тоқыраған шалғай селолық аудандарға мемлекеттік қолдау көрсету;

елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шекаралардағы аудандардың, әсіресе оңтүстіктегі, экономикалық потенциалын көтеру жөнінде мемлекеттік саясатты әзірлеу және жүргізу ;

халықты Қазақстан аумағында ұтымды орналастыру.

Алға қойған мақсаттарға жету үшін негізгі күштер аймақтар арасында орын алып отырған әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі айырмашылықтарды төмендетуге бағытталатын болады .

Осы мақсатта артта қалған аймақтардың олардың шаруашылықтарының құрылымын жетілдіру, өнеркәсіптің өңдеуші секторының кәсіпорындарын дамыту, аумақтың инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуін көтеру, бірінші кезекте сумен, энергиямен және электрмен жабдықтау, шағын кәсіпкерліктің саласын дамыту есебінен экономикасының озық дамуына жағдай жасайтын шараларды жүзеге асыру жоспарланады .

Негізгі назар селолық аудандардың және экономикасы тоқыраған шағын қалалардың дамуына, оларды бұл жағдайдан шығару жөнінде экономикалық, құқықтық , әлеуметтік және басқадай шараларды әзірлеу мен қабылдауға аударылатын болады.

Аймақтық даму міндеттерін шешу үшін келесі шаралар ұйғарылады:

Р е с п у б л и к а л ы қ д е ण г е й д е :

мемлекеттік басқару деңгейлері арасында қызмет пен өкілетті анық айыру, ол 2002 ж. әзірленіп жатқан мемлекеттік басқарудың деңгейлері арасында өкілетті айыру және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру Тұжырымдамасының негізінде жүзеге асырылатын болады ;

тоқыраған аумақтарға оларды іріктеп алудың анық критерийлері негізінде мемлекеттік қолдау көрсету ;

экономикасы тоқыраған шағын қалаларды дамытудың Бағдарламасын әзірлеу; әзірленіп жатқан Қазақстан Республикасының 2004-2010 жж. демографиялық және көші-қон саясатының Бағдарламасы мен Қазақстан Республикасында 2003-2005 жж. кедейлікті кеміту жөніндегі Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде демографиялық және көші-қон саясатын, халықтың тұрмыс деңгейін көтеруді жүзеге асыру.

А й м а қ т ы қ д е ण г е й д е :

экономиканың құрылымын жетілдіру бірінші кезекте шикізатты терең өңдеуді ұйымдастыру, өнімнің қосылған құнын көбейту жөніндегі инвесторлар үшін ынталандырушы жағдайды жасау есебінен;

ел Президентінің Қазақстан халқына "2003 ж. ішкі және сыртқы саясаттың негізгі

бағыттары туралы" Жолдауы тұрғысынан ауыл шаруашылығының, ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарды және селоның әлеуметтік саласын шапшаңдатып дамыту ;

инфрақұрылымның (жолдар, көлік пен коммуникация) озық дамуын қамтамасыз ету ;

өз шикізат ресурстарымызды өңдеу саласындағы жаңа өндірістерді жасау үшін аймаққа тікелей инвестицияларды тарту жөніндегі жұмысты кеңейту;

импортты айырбастау және өндірістік потенциалды экспортқа бағдарлау мақсатында отандық тауарлардың, жұмыстың және қызметтің бәсекеге қабілеттілігін көтеруге жәрдем жасау ;

тоқтап тұрған кәсіпорындарды қалпына келтіру есебінен де, сондай-ақ жаңа өндірістерді құру, шағын бизнесті дамыту есебінен де жұмыс орындарын жасау жөніндегі жұмыстарды жалғастыру ;

2003-2005 жж. кедейлікті кеміту жөніндегі аймақтық бағдарламаларды әзірлеу;

халыққа көрсетілетін әлеуметтік көмектің атаулылығын күшейту мақсатында жеткіліксіз қамтамасыз етілген азаматтардың материалдық жағдайына тексеру жүргізу жөніндегі учаскелік комиссияның жұмысының тиімділігін арттыру;

шағын қалалар мен экономикасы тоқыраған аудандардың дамуы жөнінде, олардың экономикалық өсуге және халықтың тұрмыс деңгейінің жақсаруына жетуіне бағытталған, аймақтық бағдарламалар әзірлеу. Осы кезде, шекараға жақын аудандардың, бірінші кезекте оңтүстік, экономикалық потенциалын бекітуге айрықша назар аударылатын болады ;

рыноктарда сауда жағдайын жақсарту және бәсекені дамыту, облыс орталықтарында және қалаларда азық-түлік және ауыл шаруашылығы тауарларын сатып алу және сату жөніндегі коммуналдық сауда рыноктарын және сауда-сатып алу ұйымдарын құру жөніндегі жұмыстарды күшейту, аса маңызды азық-түлік тауарларына бағаны төмендетуге бағытталған нақты шаралар қабылдау.

Болжамдалған нәтижелер

Аймақтар арасындағы қазіргі орын алып отырған айырмашылықтарды төмендету, шаруашылық қызмет үшін аймақтарға тең жағдай жасау және халықтың тұрмыс деңгейін көтеру, мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілетті анық айыру, бюджетаралық қатынастарды жетілдіру, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мемлекеттік шекараны бекіту, әсіресе оңтүстік шекараны.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2000

ж.

13

қыркүйек

N 1000

қаулысына 2 қосымша

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 395 қаулысымен .

МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ САЛАЛЫҚ (СЕКТОРАЛДЫҚ) БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

N	Бағдарламаның атауы	Бағдарламаның мақсаты	Іске асыру кезеңі	Жауапты орындау. шы л а р
1	2	3	4	5

1. Күшіндегі мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың тізімі

1.1. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген мемлекеттік бағдарламалар

Кәсіби Үкімет

1.1.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі 2001-2005 жж. арналған мемлекеттік бағдарлама	Конституциялық тәртіпті, 2001-азаматтар мен ұйымдар. 2005-дың құқығы мен заңды мүдделерін, мемлекеттік қызмет жүйесін сыбайлас	Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі
	жемқорлық процестерінің келеңсіз әсерінен қорғау, әлеуметтік, экономикалық және құқық салаларында мемлекет	

саясатын іске асыруды
қамтамасыз ететін
кепілдіктерді күшейту

Б і л і м б е р у

1.1.2. "Білім беру" мемлекеттік бағдарламасы	Сапалы білім алуға кеңі. 2001- нен қол жеткізетіндей 2005 білім берудің ұлттық жж. моделін тиімді дамыту үшін жағдай жасау	БҒМ, облыс. тардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері
--	--	---

Д е н с а у л ы қ с а қ т а у

1.1.3. "Халықтың денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы	Халықтың денсаулық жағдайын жақсарту, отандық денсаулық сақтауға халыққа медици. налық қызмет көрсетуде сапалы жаңа деңгейге шығуға мүмкіндік беретін қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді іс-шара жоспар. ларын әзірлеу және іске а с ы р у	1998- ДМ 2008 жж.
--	---	-------------------------

М ә д е н и е т

1.1.4. Тілдерді қолдану және дамуының 2001-2010 жж. арналған мемлекет.	Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникатив. тік қызметін кеңейту мен нығайту орыс тілінің	2001- МАҚКМ 2010 жж.
---	--	----------------------------

тік бағдарлама

жалпы мәдени, қызметін
сақтау, этникалық топтар.
дың тілдерін дамыту

Спорт және салауатты өмір салты

